Сондықтан, еңбекке тәрбиелеудегі ең басты міндеттердің бірі – еңбекке баулу, жоғары сыныптарда болашақ мамандығына сәйкес бейіндік білім беру арқылы болашақ мамандығына байланысты менеджмент, маркетинг, конструктор, технолог, бизнесмен және т.б. мамандықтардан білім, тәрбие беруді ұйымдастыру және іскерлік бизнеске бағыттауға әсер ету болып табылады.

Мектептегі білім, тәрбие беру, ең алдымен, қоғамның мүддесінен туындайтын әлеуметтік сұранысқа қарай қызмет көрсету бағытын ұстанады. Жеке меншіктің, кәсіпкерліктің пайда болуына байланысты білім беру жүйесінде де түбегейлі өзгерістер болуда. Осы орайда, жас ұрпақты жастайынан бастап еңбекке баулу, нарықтық қатынас талабына сай тәрбиелеу өте маңызды. Өркениетті дамыған ел болу үшін экономикасы мен өндіріс орнында жұмыс жасайтын жұмыс қолы болуы керек. Мұндай, өндіріс орындарында қажетті жұмыс қолының қазіргі заманың дамуына сай мамандығы, техникалық білімі, мәдениеттілігі, дайындығы жоғары маман болуы тиіс. Ол маман жоғары талапқа сай маман болып қана қоймай, жаңа техника мен технологияны меңгерген шығармашылық қабілеті жоғары, ғылыми-техникалық дамуға тез икемделетін, қабілетті адам болып қалыптасуы керек. Еліміздің өндіріс орындарына қажетті мамандар дайындау мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың бойына, қабілетіне қарай мамандықтың түрлерін, ерекшеліктерін үйрете отырып даярлауды негізге алу керек.

Оқушыларды еңбекке баулу барысында адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелейміз, бұйым жасау барысында түстердің үйлесімділігін, материалды таңдауға, сәндік әшекейлерін үйлесімді таңдауға үйретіп - эстетикалық тәрбие береміз. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға үйрету арқылы - эргономикалық тәрбие береміз. Бұйымды жасауға кеткен шығынын есептеп, сатылу бағасын анықтауға үйрету арқылы – экономикалық тәрбие береміз. Міне көріп отырғандай еңбек барысында оқушыларға жан-жақты тәрбие беру мүмкіндігі жүзеге асырылады.

Екіншіден, бүгінгі күні *нәтижеге бағытталған білім беру*, оқушыларға игерген білімдерін тұрмыс жағдайында, бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру. Нәтиже бұл жеке тұлғаның құзырлылығы. Ал нәтижеге бағытталған білім беру бұл, жеке тұлғаның құзырлылығын қалыптастыру. Құзырлылық – ол терең білім. Оқушының құзырлылығын қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі құзырлыққа жету керек. Қазіргі кезде мұғалімге қойылатын талап та күшті. Жаңа формация мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, тарихи танымдық, педагогикалық, психологиялық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [3].

Ия, кеңес дәуірі мен одан кешегіге дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңалықтар бар, тіпті мектеп мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыруы, сабаққа жауаптылықпен дайындалуы, қажетті ақпараттарды алуға қол жетімділігі, материалды техникалық базаның жақсаруы, мемлекет тарапынан барынша жағдайлар жасалуда. Дегенімен, көптеген мектептегі “Технология” пәні шеберханаларын жабдықтауға мән берілмеуі байқалурда. “Технология” пәні барысында жоғарыда аталған тәрбиенің барлық түрін болашақ ұрпаққа жеткізу мәселесі бағдарлама мазмұнында көрсетілген.

Бұрынғы еңбек сабағы емес, заманауи талапқа сай ғылым мен техника, технологиялық процесстер жөнінде білім беріп, оқушылардың жалпы еңбектік іскерліктері мен дағдысын қалыптастыруға, басқа пәндерден игерген теориялық білімдерін осы “Технология” пәні барысында практикамен ұштастыруға, нәтижеге бағытталған білім беруге, функционалды сауаттылығын арттыруға әсер ететін интеграциялық білім беру пәні болып саналады. Осы орайда, айта кететін және бір мәселе, жаңа оқу жоспарына сай “Сызу” пәнін қысқартуы да дұрыс емес.

Бұл пәндерді оқыту нәтижесінде, ертеңгі инженер, конструктор мен технолог, дизайнер мен экономист, кәсіпкер т.с.с. мамандықтардың негізін игеруге әсер ететін пәннің бірі болып табылады.

Үшіншіден, мектеп оқушыларын еңбекке баулу мәселесіне назар аудару қажет. Бүгінгі күні жаңа стандарт мазмұнына сай бастауыш мектептегі “Еңбекке баулу” мен жоғары сыныптағы “Технология” пәніне беріліп отырған сағат сандарының қысқаруы ертеңгі бәсекеге қабілетті маман даярлауымызға кері әсер етеді. Бүгінгі күнге дейін еңбекке баулу пәнін қысқарту мәселесі тарихта болды. Және біз сол қателікті қайталап жатқан жоқпыз ба?

“Еңбекке баулу” пәнінің тарихнамасына жасаған шолу оқушыларды еңбекке баулу проблемасының даму жолына да тоқталып өтуді талап етеді. Еңбек пәні негізгі пәндер қатарында саналмады, соған байланысты 1937 жылғы 4 наурыздағы Наркомпростың №393 бұйрығымен оқу жоспарынан бұл пән мүлде алынып тасталды, ал мұның өзі ел экономикасының өркендеуіне кері әсер етті. Мұның салдарынан еңбекке баулу мен политехникалық білім беру мұғалімдерін даярлау қысқарды. Дегенімен соғыс кезінде түрлі техникалық жабдықтарды шығаруға қажет, заводтарда жұмыс жасайтын политехникалық білімі бар жұмысшы мамандардың жетіспеуіне байланысты 1943 жылы еңбекке баулу инструкторларын даярлау жөнінде мәселе қайта

көтеріледі. Содан кейінгі жылдары қайтадан оқушыларды еңбекке баулуға үлкен мән берілді.

Мысалы 1986 жылғы оқу бағдарламалары негізінде мектептегі “Еңбекке баулу” пәні 8-9 сыныптарда “Техникалық” және “Қызмет көрсету еңбегі” мен “Өндіріс негіздері” атты пән енгізіліп еліміздегі өндіріс салаларының жұмысы мен мамандықтары жөнінде білім берілетін. Ал, мұның бәрі де бүгінгі күнгі туындап отырған жастарға білім берудегі нәтижеге бағытталған білім берудің негізін құрайтын. Оқушының мамандықты таңдауына көмек берді. Техника мен технологиялардың жетілуі мен қоғамдағы қажеттіліктердің орындалмауына орай, 1998 жылы V-XI сыныптарда оқытылатын “Еңбекке баулу” пәнінің аты “Технология білім саласы” деп өзгертілді. 5-9 сыныптардың “Технология пәні маамзмұныныда оқушыларға: “Машинатану”, “технология”, “техника”, “жоба”, “экономика”, “ауыл шаруашылығы”, “үй мәдениеті”, “сәндік-қолданбалы өнер”, “ақпараттық технология” жөнінде білім беру, іскерліктері мен дағдысын арттырып, еңбекке баулу қарастырылған. Ал 9-10 сыныптарда, “Қазіргі тұрмыс-салты”, “Өндіріс және қоршаған орта”, “Ақпараттық технология” т.с.с. бағыттарда бейіндік оқыту жоспарланған [4].

Дегенімен: мектептегі “Технология” пәні шеберханасының талапқа сай жабдықталмауы;

– Мектеп әкімшілігінің немқұрайлығы, шеберханалардың жетіспеуі;

– Еңбек түріне қарай оқушыларды (қаздар мен ұл балалар үшін) бөліп оқытылмауы;

– Мектеп қабырғасында, түрлі іс-шараларда технология пәні бойынша оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық еңбектерін көрмеге қоюға ғана қажет болуы, бүгінгі күнгі мектептегі “Технология” пәнінің беделінің түсуіне әсер етті.

Осының, нәтижесінде бүгінгі күні жаңа стандарт мазмұнына сай “Технология” пәні бойынша аптасына бары жоғы тек 1-сағат беріліп отыр. Сабақта бір бұйымды жасату мүмкін емес, оған кем дегенде 2-сағат керек.

Оқушылар сабақта үйренетін еңбек әрекеттері теориялық тұрғыда түсінсе оны практика жүзінде орындауға мүмкіндігі болмайды. Бала 45- минут ішінде теориялық мәліметті игерген соң тігін машинаны немесе станокты қосып, жұмыс орнын ұйымдастырып, енді бір еңбек әрекетін бастағанда сабақ аяқталады, ол белгілі бір еңбек әрекетін, операцияларын толық игеруіне уақыт жетпейді.

Мұндай жағдайға бой алдыру арқылы алдағы уақытта біз мынадай келеңсіз жағдайларға тап болуымыз мүмкін:

– Үй тұрмысына икемі жоқ ана мен әке;

– Бала кезден, жастайынан еңбек әркеттерін игермеген, еңбекке дағдыланбаған, талғамы жоқ, өмір сүруге дайын емес, тек компьютер мен калькулятормен жұмыс атқаратын роботтарды дайындаймыз;

– Қаланың баласы шеге қағу, өсімдік өсіру мен баптауды білмесе, даланың баласы техникадан хабарсыз болады. Сонымен қатар, ас әзірлеу, тігіс тігу, үй экономикасы, шаш күтімі, тоқу өнерін игермеген ақ саусақ, бикештер дайындаймыз. Яғни, еңбекке икемі жоқ, заманауи техника мен технология негіздерін білмейтін ұрпақ өседі. Бұл жерде компьютер мен ұялы телефонды айтып отырған жоқпыз. Олардың бір жағынан көп пайдасы болғанымен бала денсаулығына кері әсерлері де көп.

– Алысқа бармай ақ, Ресей мектептерінде “Технология” пәнін өтуге уақыт көп беріледі, себебі оның болашақтағы берері көп.

Технологиялық даярлықты жүзеге асырудың негізгі қағидасы – оқушылардың танымдық қажеттіліктерін ескеретін нақты практикалық іс-әрекет үдерісінде оқыту.

Мазмұны жағынан “технология” - көп модульді және көпдеңгейлі пән, ол өзінің логикасы мен пән саласының функционалды және эстетикалық қасиеттерін қалыптастыру мақсатын көздейтін жобалық және атқарушылық қызметтің барлық кезеңдерінде оқушыларды жұмылдыру арқылы құрылған.

Оқытуда оқушылардың танымдылық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына көп көңіл бөлінеді, соның арқасында мұғалімнің басшылығымен жақсы жобалар жасалып, мектептегі шағын кәсіпорындарда оқушылардың оларды жүзеге асыруына өз әсерін тигізеді.

“Технология” жалпы және технологиялық мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз етеді, жастарды өз бетінше өмір сүруге және нарықтық экономикасы бар демократиялық азаматтық қоғамда еңбек етуге даярлайды, негізінде адам және қоғам, табиғатқа технологиялық көзқарас жүйесі жататын технологиялық дүниетанымды қалыптастырады. (Чудинский Р.М., Калашникова О.Г., Райымбекова А.Д., Ортаев Б., Қасымбекова Ж.Б., және т.б.).

Технологиялық білім берудің жалпы міндеттеріне: оқушыларды технологиялық біліммен қаруландыру, технологиялық іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру, жеке тұлғаның технологиялық

маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, яғни технологиялық құзыреттілік элементтері кіреді.

Технологиялық білім - технологияның әлемді тану үдерісінің нәтижесі және оның ұғым, елес, ойлау, ой қорытындылау түріндегі адам сапасында бейнеленуі. Оқушылар технология, технологиялық орта, технологиялық үдеріс, түрлендіру қызметтерінің әдістері базалық технологиялық ұғымдарды бойынша білімдері қалыптасады. Одан басқа олар материалды және рухани өндірістің озық технологиялары және адам іс-әрекетінің негізгі формалары туралы білімдері.

Технологиялық іскерлік дегеніміз - алған ғылыми білімнің негізінде адам игерген іс-әрекет әдістері. Олар: өз қызметін жоспарлай білу, оның нәтижесі мен тиімділігін болжау және бағалау, қажетті білімді өз бетінше іздеу, графикалық жұмыстарды орындау, технологиялық ортаға жұмыс орны мен өмір сүру ортасына дизайн – таңдау жүргізу, өзінің кәсіби қажеттілігін анықтау болып табылады.

12 жылдық білім беретін мектептегі үдеріс жеке тұлғаға бағдарлан-
Ұған оқыту ұстанымына негізделіп, оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай қоғамдағы өзгерістерге бейім даму мүмкіндігін айқындауды қажет етеді. Білімнің жаңа мазмұнына өтуде тәрбие үдерісінің бірі, *тұлғаға бағытталған көзқарас*. Ол – өзара байланысты түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдері жүйесіне арқа сүйеу, тұлғаның өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру процестерін, оның дербестігінің дамуын қолдау болып табылады [5].

Технология пәнін оқыту негізінде оқушылардың технологиялық, графикалық және еңбекке іскерліктерін қалыптастыру, заманауи өндіріс пен технологиялар жөнінде білім беруді көздейді.

1. Ә.Бейсенова еңбегінде қазақ халқы өзіне лайық ұрпақ өсіруді, оның бойына адалдық, тазалық, қоғамның болашағына еңбек етуге құштарлық сияқты мінез-құлықты дарытуды, ата-ана мен дәстүрді сыйлауды әуелден-ақ өзіне мұрат тұтқанын, алайда өзгеріп жатқан заман, қоғам жаңалықтары жас ұрпаққа әр қилы ықпал ететінін, содан тәрбиенің міндеттері де күрделене түсетінін атап көрсетеді. Оның ойынша, қазіргі жастарды бұзатын, теріс жолға түсіретін жәйттің бірі -Бастауыш сыныптардан бастап балалар бұйым жасау үшін, түрлі өңдеуге жеңіл материалдардан ойыншықтар, көрнекіліктер жасап, қарапайым еңбек құралдарымен жұмыс жасауға үйренеді, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға, үнемділікке, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа пен шыдамдылыққа тәрбиеленеді, жалпы еңбек дағдыларын игереді. Баланы жастан деп халық бекер айтпаған,

рсы уақыттан бастап балалардың алғашқы жалпы еңбек іскерліктері мен дағдылары қалыптасады. Оқушыларды, әрбір іс-әрекеттер мен материалды өңдеуге үйретуде ғылым негіздерімен ұштастырып отырылады.

2. 5-9 сыныптарда оқушыларды қыздар мен ұлдар үшін еңбек әрекеттерінің күрделілігіне орай бөліп оқытылады. Мұнда оқушылар қол еңбегі, механикалық еңбек пен жартылай автоматты еңбек түрлерін игереді. Оқушыларды дәстүрлі еңбек түрлеріне үйретумен қатар, заманауи техника мен технологияларды меңгеру үшін технологиялық білім мен кәсіпкерлік негіздері бойынша бейіналды білім беріледі. 10-11 сыныптарда болашақ мамандықтарды игеруге байланысты бейіндік білім беріледі. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру мақсаты жалпы және кәсіби бағыттағы білім берудің арасындағы сабақтастықты қамтасыз ете отырып, оқушылардың бейінділіктері мен қажеттіліктері толық жүзеге асуына жағдай жасайды. Оқушылар арнайы кәсіпке бейімдеу бойынша қол еңбегі, механикалық еңбек, жартылай автоматты және автоматтандырылған еңбек әрекеттерін игереді [6].

Сонда ғана, жоғарыда аталған басты үш мәселенің шешімін тауып, келеңсіз жайттардан құтылуға болады. Нарық экономикасы талаптарын жүзеге асыру процесіне еркін еңбек пен жоғары өнімділік кепіл бола алады. Өнеркәсіп пен экономика салаларына қажетті болашақ мамандарды тәрбиелейміз. Ол үшін, кәсіпкерлікті дамыту үшін және “жетілген адам” тәрбиелеуде бастауыш сыныптардағы “Еңбекке баулу”, ал жоғары сыныптардағы “Технология” пәнінің орны үлкен, барымызды жоғалтпай, болашақ жастарды еңбекке тәрбиелеп, технологиялық және кәсіпкерлік білім беру арқылы ел экономикасын жоғарылығын, бәсекеге қабілетті, өркениетті ел боламыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Үздік отыздыққа апарар “100 нақты қадам”. - Астана, 2015.
- [2] ҚР Президентінің “Қазақстан-2050” стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012.
- [3] Абдықалықов Қ., Инновациялық педагогикалық технология: оқытудың кредиттік технологиясы. Әдістемелік құрал. - Қарағанды, 2012. - 8-б.
- [4] Жолдасбекова С.А. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімдерін кәсіби даярлау. Монография. – Алматы, 2008. - 330 бет.
- [5] Ұзақбаева С.А., Жалғасова Ш.А., Нұрдаулетова А.А. Студенттерді кәсіби іс-әрекетке педагогикалық технологияларды пайдалануға даярлауды оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандыру мәселесі //Известия, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Серия “Педагогические науки. - 2015. - №1 (36). - 13-20 б.
- [6] Бейсенова Ә. Жиһанкөз //Егемен Қазақстан. – 2005. - 8 қ.

REREFENCES

- [1] Uzdik otyzdykka aparar “100 nakyty kadam”. Astana, 2015 [in Kaz].
- [2] KR Prezidentinin “Kazakhstan-2050” strategiyasy kalyptaskan memlekettyn Zhana sayasi bagyty“ atty Kazakhstan halkyna Zholdauy. Astana, 2012 [in Kaz].
- [3] Abdykalykov K. Innovatsiyalyk pedagogikalyk tehnologiya: okytudyn kredittik tehnologiyasy. Adistemelik kural. Karagandy, 2012, 8-b [in Kaz].
- [4] Zholdasbekova S.A. Enbek tehnologiyasy zhane kasipkerlik mugalimderin kasibi dayarlaw. Monograph. Almaty, 2008, 330 b. [in Kaz].
- [5] Uzakbaeva S.A., Jalgasova S.A., Nurdawletova A.A. Stwdentterdi kasibi is-areketke pedagogikalyk tehnologyalardi paydalanuga dayarlawdy oku-adistemelik turgyda kamtamasyzdandyru maselesi. *Izvestiya KazUMOiMYa im.Abilay hana. Seriya “Pedagogičeskie nauki.* 2015, №1 (36), 13-20 b. [in Kaz].
- [6] Beisenova Ә. Zhihankez. *Egemen Kazakhstan*, 2005, 08. 09 [in Kaz].

ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В СФЕРЕ ПРОИЗВОДСТВА И ЭКОНОМИКИ

Жолдасбекова С.А.,

д.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный
университет имени М.Ауезова,
Шымкент, Казахстан

Ключевые слова: подготовка будущих специалистов, трудовое воспитание, подготовка, промышленность, экономика, технология.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы подготовки и воспитания будущих специалистов в сфере производства и экономики. Раскрывается необходимость воспитания и подготовки компетентного молодого поколения, активно участвующего в социальной, экономической и политической жизни страны. Определены специфические пути внедрения в содержание учебных программ “ценности Мәңгілік ел”, где необходимо решать следующие задачи: во-первых, обучение и воспитание компетентного молодого поколения; во-вторых, обучение должно иметь результативность; в третьих, необходимо обратить особое внимание на трудовое воспитание молодежи с раннего возраста.

Поступила 25.01.2016 г.

PEDAGOGICAL FEATURES OF FUTURE TEACHERS' PERCEPTION TO PERCEIVE STUDENT AS AN INDIVIDUAL

Zhansugurova K.T.,

c.p.s., senior lecturer, Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

Keywords: personality, pedagogical process, cooperation, responsibility.

Abstract. In this article, the author examines the professional characteristics of the teacher as a subject of pedagogical activity which are manifested in their combination, the teacher as an individual, active subject of pedagogical interaction. The characteristics of teacher as an image is formed in the social consciousness as a result of observation, empirical, theoretical and experimental generalizations. Modern teacher should have the developed professional-subjective, personal (individual-psychological) peculiarities and communicative (interactive) qualities in their combination in comparison with a teacher of any other level and form of education.

УДК 371.3

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жансугурова К.Т.,

п.ғ.к., аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ
Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: тұлға, педагогикалық процесс, ынтымақтастық, жауапкершілік.

Аңдатпа. Бұл мақалада мұғалімнің оқушылармен жүргізілетін педагогикалық процесс жағдайында оқушыны тұлға ретінде қабылдауының негізгі мазмұны біздің пікірімізше біріккен іс-әрекеттегі өзара түсіністік пен өзара жауапкершілікте жатыр. Өзара деген ұғымға ерекше тоқтала отырып, бұл ұғымсыз тұтас педагогикалық процестің ынтымақтастықпен жүргізілуі мүмкін еместігін айтып өткіміз келеді. Өзара түсіністіктің негізі өзара жауапкершілікте жатыр, яғни бұлардың арасында өзара теңдік орын алуы қажет. Мұғалім әрқашан оқушы үшін, оның білімі үшін, оның әрбір қылығы, оның жетістіктері мен сәтсіздіктері үшін жауап береді. Сондықтан мұғалім педагогикалық процесте әр қадам сайын өз оқушыларының бойында оның тұлға ретінде тікелей қалыптасуына себеп болатын жауапкершілік қасиетін дарытуы тиіс.

Оқу процесіндегі іс-әрекетті ұйымдастыру мәселесін мұғалімнің дидактикалық, әдістемелік және педагогикалық дайындығымен байланыстыру қажет. Тек осы жағдайда ғана мұғалім қоғамдық тәрбиелеу ортасында оқушылар ұжымымен бірлескен әрекетте оқушының тұлғалық қалыптасу жүйесінің ұйытқысы бола алады.

Кәсіби қасиеттердің бір бөлшегі ретінде, нақты бір іс-әрекетке бағытталған, білімді, қабілетті адамның психикалық жағдайы ретінде

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық процесте оқушыларды тұлға ретінде қабылдау әрекеттерін қалыптастыруды қарастырамыз. Осыған байланысты ынтымақтастықтың түрі, яғни бір мақсатқа бағытталған іс- әрекет негізінде мұғалімнің бойынан баланың ішкі жан дүниесін түсіне сезіне отырып, оның бағыт - бағдарын түсініп, педагогикалық процесте әр түрлі жағдаяттарда (ситуация) дұрыс шешім қабылдай келе тұлғаның ішкі жан дүниесінің кілтін таба білу,яғни кәсіби мәнді қасиеттерін көре білу. Ең бастысы- мұғалімнің оқушының жеке тұлғасын баға жетпес құндылық ретінде санауы болып табылады.

К.С.Успанов мұғалімнің бірлескен іс- әрекетте оқушы бойында жеке маңыздылығы мен жеке қадір – қасиетін оята білуі үлкен роль атқарады. Әрбір оқушының өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан, мұғалім педагогикалық іс- әрекетте оқушының қадір – қасиетін түсірмей, олардың бойындағы ең маңызды ерекшелігін көре білу. Сонда ғана ең басты жұмыс әрбір оқушының маңыздылығы мен тұлғалық қасиетін дамыту мақсатында өрбуі тиіс [1].

Мұғалімнің оқушылармен жүргізілетін педагогикалық процесс жағдайында оқушыны тұлға ретінде қабылдауының негізгі мазмұны біздің пікірімізше біріккен іс- әрекеттегі өзара түсіністік пен өзара жауапкершілікте жатыр. Өзара деген ұғымға ерекше тоқтала отырып, бұл ұғымсыз тұтас педагогикалық процестің ынтымақтастықпен жүргізілуі мүмкін еместігін айтып өткіміз келеді. Өзара түсіністіктің негізі өзара жауапкершілікте жатыр, яғни бұлардың арасында өзара теңдік орын алуы қажет. Мұғалім әрқашан оқушы үшін,оның білімі үшін, оның әрбір қылығы үшін,оның жетістіктері мен сәтсіздіктері үшін жауап береді. Сондықтан мұғалім педагогикалық процесте әр қадам сайын өз оқушыларының бойында оның тұлға ретінде тікелей қалыптасуына себеп болатын жауапкершілік қасиетін дарытуы тиіс. Өзара құрмет пен өзара жауапкершілік біріккен іс-әрекеттегі өзара түсіністікпен тығыз байланысты,бұл кәсіби іс-әрекетсіз мұғалімнің іс-әрекетінің жүзеге асырылуы мүмкін емес. Педагогикалық процестегі мұғалімнің оқушы жанын түсіне білуі таразының тек жарты бөлігін көрсетеді, керісінше оқушылардың да мұғалімнің хал - жағдайын,оның еңбегі мен қажыр – қайратының қандай іске бағытталғандығынан хабардар болуы керек. Тек осындай жағдайда ғана біртұтас педагогикалық процестегі ынтымақтастық іс- әрекет жасау мүмкін болады.

Педагогикалық процестіегі қойылған міндеттерді дұрыс шешу тактикасы мен стратегиясын адамгершіліктің негізгі көрсеткіші

ретінде оқушылармен біріге отырып талқылау оқушыларды педагогикалық процестегі әрбір адамның тұлға ретінде өзін өзі жетілдіруіне, өзін өзі мойындауына мүмкіндік беретін мәселелерді бірігіп шешуге бағыттайды. Сонымен қатар іс- әрекетті моделдеу әрі түзету (корректировка) ісі де жүргізіледі, бұл әр оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудағы педагогикалық процестің нәтижелілігін түзетудегі өз ұстанымының жетістігі мен кемшілігін көруге мүмкіндік береді. Ізгіліктің (гуманизмнің) негізгі көрсеткіші ретінде жалпы шешімдерді біріге отырып қабылдау оқушы тарапынан әрбір адамның маңыздылығы мен қадір – қасиетінің дұрыс танылуына жағдай туғызады, мұндай ортақ іс әрекетке қатысты ортақ шешім қабылдау аясы әркімнің алдында педагогикалық процеске байланысты дұрыс бағыттағы жауапкершілігінің болуын талап етеді. Бұл аталған әрекеттердің барлығы сенім мен сезімдердің түсіністік тауып, оқушылардың өздерін еркін сезінулеріне жол ашады.

Ал бұның негізгі механизмі ізгілік (гуманизм) болып табылады, бұл мұғалімге педагогикалық процестегі қарым - қатынастан әрбір баланың тұлғалық бітімін көруге және оның бойындағы тұлғалық құндылықтарды анықтауға, оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына оптимистік сарынмен қарауға, педагогикалық процестегі ынтымақтастықты бағалауға мүмкіндік береді.

Іс - әрекеттілікті адамзат белсенділігі процесінің жекелеген құбылыстардан, қандай да бір тәрбиелік элементтерден тұратын, оның қоршаған ортамен өзара қарым- қатынасы деп тануға болады.

Жалпызерттеулеріміздің басты ұстанымдардың бірі – педагогикалық процестің объектісі болып табылатын болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметке даярлығының әртүрлі аспектілерін зерттеген Н.Д. Хмельдің еңбектерінде қарастыратын бағыттары адамның жеке тұлға ретіндегі қалыптасуы мен дамуы белгілі бір әрекет негізінде, белгілі бір қоғамдық ортамен қатынасқа түсуіне және әсер етуіне байланысты және болашақ мұғалімдердің педагогикалық процесті оқушылармен бірлесе отырып бағалауын К.С. Успанов ұсынған ізгіліктің (гуманность) негізін құраушы кәсіби мәнді қасиеттердің біріне жататынын зерттеудің қажеттілігі маңыздылығы [2].

М.С. Каган жалпы адамзат баласының жеке тұлғалық ерекшелігі мен бітім болмысының мән – мағынасы тек оның іс - әрекеті арқылы айқындалатындығы туралы қорытындыға келуге болады. Жеке тұлға тек өзін белгілі белгілі бір іс- әрекеттің негізінде ғана жүзеге асырады. Іс-әрекеттің әртүрлі санатын меңгеру, атап айтқанда,

біздің жағдайымыздағы мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін педагогикалық процесс – олардың тұлға ретінде өзін - өзі жүзеге асыруы мен өзін- өзі жетілдірудің алғашарты болып табылады. Педагогикалық процестегі мұғалімнің оқушылармен қарым- қатынасы олардың бірлесіп атқаратын іс-әрекетінің нәтижесіне байланысты болмақ. Сондықтан, екі жақты бірлескен іс-әрекет өзара сыйластық пен жапапкершілік жағдайында жүзеге асырылады [3].

Адамдардың қарым- қатынасы жоқ жерде жалпы ешқандай іс-әрекет туралы ұғымның болмайтыны түсінікті. Сондықтан, қарым-қатынас жасау іс- әрекеттің еңбасты элементі болып табылады, ал іс-әрекет өз кезегінде қарым – қатынастың басты шарты екендігі даусыз.

Қарым – қатынас іс- әрекет түрінің аспектісі, типі бола алады. Қарым – қатынастың адам дамуындағы маңызы айырықша, себебі жеке тұлғаның қалыптасуы басқа адамдардың үздіксіз және тікелей бірлесіп қатысуы арқылы жүзеге асырылып отырады, осылайша пайда болатын байланыстар басты қалыптастырушы мәнге ие болады.

Қарым- қатынас адамның адам туралы білімінің қайнар көзі болып табылады. Ол өзге адамды тануға, сол арқылы өз мотивтері мен қасиеттерін, өз мұқтаждықтарын нақтылауға, жеке адами бітімін мойындауға мүмкіндік береді. Ал психологиялық таным өзін өзі тану мен өзін өзі бақылаудың негізі қызыметін атқарады.

Адам субъект – субъекттілік қатынастар дамидын қарым- қатынас түрі арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтайды. Өзінің әлеуметтік функциясын тек білім беру деп түсінетін мұғалім басшылықтың либералдық стилін, авторитарлық стилін ұсынатын позицияда қалды. Мұндай стилдің механизмі имитация, тікелей әсер ету болып есептелінеді. Бірлескен іс - әрекет бұл жағдайда қалыптаса алмайды.

Өзінің сыныптастарымен тығыз қарым – қатынасын орната отырып, оқушы өзінің іс - әрекетінің қызығушылық тудырғанын байқайды, өзгелер үшін қандай да бір маңызы бар екендігін сезінеді. Осылайша бала оқу ісінің өзі өз бетінше дербес мәнге ие екендігін түсіне бастайды. Бұл оқушыны оқу ісіне белсенді түрде араласуға итермелейді, нәтижесінде ол біртіндеп баланың қажеттілігіне, баға жетпес құндылығына айнала отырып, өз жемісін береді. Мотивациялық саланың қызығушылықтан тұратыны белгілі. Бірлескен іс - әрекет адамның еңбек әрекетінің ең басты нысаны болып табылады. Оның тиімділігі үшін еңбек топтары мен ұжымдарда еңбектің сапалылығы мен өнімділігін көтеру үшін аса қажетті деп есептелінетін білім жинақталған резервтік күштер бар Мұндай резервтерді танудың кілті бірлескен іс

- әрекет пен коммуникация арасындағы өзара байланыстарға талдау жасауда жатыр. Бірлескен іс-әрекет жағдайындағы коммуникативтік процесс коммуникацияның тек бір түрі болып қана табылғанымен, ол кез – келген коммуникативтік процесс түрін ең алдымен адамдар арасындағы коммуникацияның бірлескен іс - әрекеті және оған қатысты барлық мәселелерді қалыптастырушы деп ұғынуда маңызды мәнге ие. Екіншіден, қалыптасқан коммуникативті процесс адамдар арасындағы бірлескен іс - әрекет пен өзара байланыстың әрі қарай дамуында белсенді роль атқарады. Бұл ең алдымен, бірлескен іс - әрекет пен оны басқаруды жүйелеу және координациялауда аса маңызды.

Коммуникацияның жүйелілік және басқару қызметі мақсаттың бірлескен іс - әрекетке бағытталуынан тұрады; координациялық қызмет құралдарды жүйеге келтіруден тұрады.

Мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы әр уақытта тепе – теңдікке құрыла бермейді. Мұғалім оқушылар алдында тұтастай формальды міндеттерді алып жүруге тиісті, олардың мінез – құлықтары үшін қоғам алдында, оқушы ата – ана алдында, тіпті өз ар – ожданының алдында да жапауты Мұғалім өз оқушылары алдында жауапкершілік алады, бірақ бұл жауапкершілік сипаты психологиялық жағынан тым тереңде, мейлінше бейресми, негізінен оқушы тұлғасының адамгершілік мазмұнымен өлшенеді.

Бұл жауапкершілік мұғалімнің өз міндеттерін орындауға септігін тигізетін құқықтарымен тікелей байланысты. Мұғалім секілді оқушылар да өз азаматтық құқықтарына ие, алайда олардың міндеттері формасы жағынана да, мазмұны жағынан да әр түрлі болып келеді. Егер бала құқықтары мәселесіне формальды емес, психологиялық тұрғыдан келер болсақ оқытушы алдында олар тіпті байқалмайды да. Мұндай жағдайды егер мұғалім өзінің моральдық және заңды құқықтарын мүлдем формальды түрде қолданғанан, немесе балалар ұжымының талап – тілектерін ескермей ойсыз пайдаланғанан көруге болады [4].

Парастаты биік мұғалім қолындағы билік бір топқа қозғау беретін, екінші топқа керісінше тоқтау қоятын, нәтижесінде іс - әрекетке қатысушылардың әрқайсысына апаттан сақтануды қамтамасыз етіп отыратынын қадағалау бағанымен теңдес келеді.

Билікті оңыды пайдалану шеберлігі, кінәлілерді дұрыс жазалау, лайықтыларды көтермелеп, марапаттап отыру - педагогтің жоғары кәсіби біліктілігінен хабар береді. Дегенмен, билік- мейлінше өткір құрал, қолдану ережесін білмейтіндер үшін – аса қауіпті.

Сонымен мұғалім мен оқушы құқықтарының арасына теңдік белгісін қоюға болмайтыны түсінікті. Қорытындылай келе бұл екеуінің қарым – қатынасы – жетекші, оған бағынушының қарым – қатынасы, мұнын өзі белгілі бір қашықтықты бақыланып отырады.

Біздің тәжірбиемізде жалпы оқушылардың өз құқықтарын пайдаланып, өз мұғалімдерінің жеке тұлғалық қасиеттерін төмендеткені сирек көрніс береді. Керісінші, мектеп өмірінде аталған мәселеге қарама – қарсы құбылыстың жиі байқалатыны өкінішті.

Жеке тұлғаның баға жетпес құндылық ретінде сезініп қабылдаудың таным саласы жеке тұлғаның қоғамдық болмыстың, еңбек пен мәдениеттің құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгерумен анықталады. Ал бұл процесс адам санасына, кейініне, сонымен бірге қоғамдық болмыс, еңбек және мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде меңгеруіне тікелей байланысты.

Сонымен оқушыларды тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби педагогикалық негіздерін түсіну жиынтығы; оқушының ішкі жан сезімдерімен қайталанбас қасиеттерін білуге деген қызығушылық; ортамен қарым-қатынас барысында оқушының тұлғалық құндылықтарын танып-білуге деген ұмтылыс; іс-әрекет барысында оқушының тұлғалық құндылықтарын танып білуге ынталылық; оқушының тұлғалық құндылықтарын даму болашағына деген ықласы мен ынтасы.

Оқушының тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби педагогикалық мәні мен мазмұнын саналы түрде меңгеру: Оқушының ішкі жан сезімдері мен қайталанбас қасиеттері жөнінде білімінің қажеттілігін түсіну; ортамен қарым - қатынас барысында оқушының тұлғалық құндылықтарын анықтаудың кәсіби маңыздылығын түсіну; іс - әрекет барысында тұлға құндылықтарын анықтау туралы ілімнің кәсіби маңыздылығын түсіну; оқушылардың тұлғалық құндылықтарын дамуының мақсат – міндеттеріне сенімділікпен қарау. Оқушының тұлға ретінде қабылдауды жүзеге асырудың кәсіби педагогикалық даярлық негіздерін: оқушының ішкі жан сезімдері мен қайталанбас қасиеттерін анықтай білуге даярлығы; қарым-қатынас барысында оқушылардың тұлғалық құндылықтарын айқындау тәсілдерін қолдану мүмкіншіліктерін меңгеруі; оқушы іс-әрекеттерінен оның тұлғалық құндылықтарын көре білу тәсілдерін игеруі; оқушы тұлғасын дамытудың мақсат міндеттерін жүзеге асырудың жолдарын, әдіс тәсілдерін меңгеруі. Біз жоғарыда аталған өлшемдер мен көрсеткіштерді негізге ала отырып, түрлі педагогикалық зерттеу

әдістерінің көмегімен болашақ мұғалімдердің жеке тұлғалық құндылық бағдарының танымдық саласының қалыптасу жай – күйін зерделеп және эксперимент нәтижелерін объективті түрде бағалау үшін үш деңгейді белгіледік: жоғары, орта, төмен.

Жоғары деңгей болашақ мұғалімдердің оқушыларды тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби педагогикалық негіздерін түсінуге ынталанып, қызығуларының нәтижесінде білінеді. Олар педагогикалық процесте оқушының ішкі жан сезімдерімен қайталанбас қасиеттерін білуге деген ұғымдарын ұғынып, түсінуге тырысады. Оларға жеке тұлғаның құндылығы туралы терең білім алу яғни кәсіби білімдерді меңгеру, оны үйренуге, қалыптастыруға талпыну.

Орта деңгей болашақ мұғалімдердің педагогикалық процесте оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қабылдауды меңгеру үшін талпыныстың байқалғанымен жауапкершіліктің болмауы, қызығушылықтың уақытша ғана болуы, тұлғалық қасиеттерді меңгерген күнде де іскерлікті қалыптастыра алмау, селсоқтық байқалады.

Төмен деңгей болашақ мұғалімдердің оқушыларды тұлға ретінде қабылдаудың құндылық бағдары туралы білім, іскерліктерінің төмен болуына қарамастан педагогикалық процестегі кәсіби іс-әрекеттерді меңгеруге, білімдерді игеруге, іскерліктерді қалыптасуына деген ынта – ықыластарын төмен, тіпті жоқ екендігін білдіреді.

Болашақ мұғалімдердің оқушылары тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби мәнді қасиеттерін қалыптастыру үшін жүргізілген педагогикалық және психологиялық әдіс – тәсілдер арқылы қалыптастыруды оқу және оқу үрдісінен тыс іске асыруды негізге ала отырып, өлшемдер мен көрсеткіштерді компоненттерге негіздей отырып болашақ мұғалімдердің білім деңгейін: жоғары, орта төмен алдық. Бұл көрсеткіштер мамандыққа қатысты пәндерді меңгеру барысында және мамандықтары бойынша жүргізілген сауалнамалар, педагогикалық іс-тәжірбиелері әлі де болса болашақ мұғалімдердің оқушыларды тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби мәнді қасиеттерін қалыптастыру жеткіліксіз. Осы ойды тұжырымдай отырып, болашақ мұғалімдердің оқушыларды тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби қасиеттерін қалыптастырудың негізі біртұтас педагогикалық процесстегі мұғалім мен оқушының қарым – қатынас неізіндегі іс - әрекетте көрніс бертіндігін анықтадық. Сондықтан біз зерттеуіміздің негізгі ұстанымын Н.Д.Хмельдің пікірін басшылыққа ала отырып, мына бағыттарға назар аудардық: біртұтас педагогикалық процестің

мазмұнын қазіргі динамикалық құрылымға сәйкестендіру барысында; болашақ мұғалімдердің педагогикалық процесте оқушыларды тұлға ретінде қабылдаудың кәсіби мәнді қасиеттерін дамытудың барлық өрісін (оқу, қарым – қатынас, іс-әрекетте) көрсете білу; өздігінен кәсіби білімін жинақтаудың қажеттілігін түсінуге және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуді қалыптастыру.

Сонымен қатар педагогикалық процесте болашақ мұғалімдердің ізгілік (гумандық) қасиеттері арқылы оқушылардың ішкі жан сезімдері мен қайталанбас қасиеттерін танып, көре білудің педагогикалық негіздерін түсіну, кәсіби қасиеттердің мазмұнын саналы меңгере отырып, оқушылардың ішкі жан дүниесінің кілтін тауып, олардың тұлғалық баға жетпес құндылықтарын көре білудің әліде болса мұғалімге тән кәсіби қасиеттері жеткіліксіз екендігін анықтадық. Бұл кәсіби қасиеттер белгілі бір білім негіздерімен меңгеруі, олардың алған білімдерімен жай ғана қайтадан айтып берулерімен анықталмауы керек, ол сол алған білім негіздеріне байланысты өзінің болашақ мұғалім ретіндегі көзқарасы, өз пікірін ашық білдіруі, өз ойын дәлелдей білудегі қабілеттілігі мен іс – тәжірбиелік іскерлігімен анықталуы керек.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы, 1998. - 320 с.
- [2] Успанов К.С. Научно-практические основы воспитания профессионально значимых качеств у будущих учителей. - Алматы, 2001. - 144 с.
- [3] Каган М.С. К построению философской теории личности //Философские науки. – 1971. - № 6. - С.11-20.
- [4] Узакбаева С.А., Масутова Д.С. Педагогические условия развития творческих способностей младших школьников //Известия КазУМОиМЯ им.Абылай хана, Серия “Педагогические науки”. - 2015. - № 4 (35). - С.38.

REREFENCES

- [1] Khmel' N.D. Teoreticheskiye osnovy professional'noy podgotovki uchitelya. Almaty, 1998, 320 s. [in Russ].
- [2] Uspanov K.S. Nauchno-prakticheskiye osnovy vospitaniya professional'no znachimykh kachestv u budushchikh uchiteley. Almaty, 2001, 144 s [in Russ].
- [3] Kagan M.S., K Postroyeniuyu filosofskoy teorii lichnosti. *Filos.nauka*, 1971, № 6, S.11-20 [in Russ].
- [4] Uzakbayeva S.A., Maksutova D.S. Pedagogicheskkiye usloviya razvitiya tvorcheskikh sposobnostey mladshikh shkol'nikov. *Izvestiya KazUMOiMYA im.Abylay khana, Seriya "Pedagogicheskkiye nauki"*, 2015, № 4 (35), S.38 [in Russ].

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ
ВОСПРИНИМАТЬ УЧЕНИКА КАК ЛИЧНОСТЬ**

Жансугурова К.Т.,

к.п.н., ст.преп., КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Қазақстан

Ключевые слова: личность, педагогический процесс, сотрудничество, ответственность.

Аннотация. В данной статье, автор рассматривает профессиональные характеристики учителя как субъекта педагогической деятельности, которые проявляются в их совокупности, учителя как личность, активно действующего субъекта педагогического взаимодействия. Характеристика учителя как образа складывается в общественном сознании в результате наблюдений, эмпирических, теоритических и экспериментальных обобщений. Современный учитель должен обладать развитыми профессионально-предметными, личностными (индивидуально-психологическими) характеристиками и коммуникативными (интерактивными) качествами в их совокупности по сравнению с учителем любого другого уровня и формы образования.

Поступила 25.01.2016 г.

**THE ESSENTIAL CONCEPT OF FUTURE TEACHERS'
COMMUNICATIVE COMPETENCE**

Zhalgasova Sh.A., c.p.s., professor,
Sarkanbayeva G.K., master of p. s., senior lecturer,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

Keywords: Communicative competence, communicativeness, communicative competence of future teachers.

Abstract. The article deals with the communicative competence as readiness and ability to put and solve certain types of communicative tasks, to determine the aims of communication, to evaluate situation, to take into account the intentions and ways of communication of partners, in other words, readiness and ability to the implementation of successful communication. The principle of communication, ethical norms and norms of behaviour were examined together with the communicative methods and mastering of different types of documentation.

УДК 371.31

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЛЫҒЫ
ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНДІК СИПАТЫ**

Жалғасова Ш.А., п.ғ.к., профессор,
Сарқанбаева Г.Қ., п. ғ. магистрі, аға оқытушы,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: коммуникативтік құзырлық, коммуникативтілік, болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығы.

Аңдатпа. Бұл мақалада коммуникативтік құзырлық ғылыми әдебиеттерде қарым-қатынастың, іс-әрекеттің белгілі бір ережелерінің жан-жақты зерттелгендігінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Коммуникативтік құзырлық бұл этноәлеуметтік-психологиялық эталондарды, стандарттарды, іс-әрекет стереотипін, қарым-қатынас техникасын игеру деңгейлерін меңгеру екендігі анықталады. Коммуникативтік әдістемелерде кез-келген құжаттарды игерумен қатар, қарым-қатынас техникасын, әдептілік ережелерін, іс-әрекет тәртібін игеру де қатар жүретіндігі қарастырылған.

XX ғасырдың 70-ші жылдарында ғылымға “коммуникативтік құзырлық” ұғымы батыс ғалымдарының есімімен байланысты енді. Батыстық ғалымдар Б.Ф.Скиннер мен К.Холл тұлғаның коммуникативтік құзырлығын анықтап беретін бірқатар міндетті іскерліктерді анықтап берді: - дұрыс сұрақ қоя білу және оның жауабын нақты бере білу іскерліктері; - біреудің ойын зейін қойып тыңдап, оны белсенді түрде талдау; - серіктестерінің айтқандарын түсіндіру және оған сыни түрде баға беру; - топта өз пікірін дәлелдей білу; - серіктесіне өзінің дұрыс

ойда екендігін түсіндіре білу қабілеті; - коммуникативтік қатынастың өзге қатысушыларына өз ойын жеткізе білу.

Коммуникативтік құзырлық ғылыми әдебиеттерде қарым-қатынастың, іс-әрекеттің белгілі бір ережелерінің жан-жақты зерттелгендігінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Коммуникативтік құзырлық бұл этноәлеуметтік-психологиялық эталондарды, стандарттарды, іс-әрекет стереотипін, қарым-қатынас техникасын игеру деңгейлерін меңгеру. Коммуникативтік әдістемелерде кез-келген құжаттарды игерумен қатар, қарым-қатынас техникасын, әдептілік ережелерін, іс-әрекет тәртібін игеру де қатар жүреді.

Қарастырылған әдебиеттерден байқағанымыздай, коммуникативтік бағыттылық оқу үдерісіне түгелдей еніп кететін оның өзегі болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау негізінде коммуникативтік құзырлықтың бүкіл білім беру үдерісінің өзегі екеніне біздің көзіміз жетті. Коммуникативтік іс-әрекеттің құрылымын, оның қолдану тәсілдерін түсіну және де оқу іс-әрекетінің нәтижелеріне жету студентті білім беру үдерісінің субъектісі ретінде танытады.

Оқу үдерісіне коммуникативтілікті ендіру – бұл болашақ маманның психологиялық даярлығы, коммуникативтіліктің қажеттілігіне деген сенімділік; осы бағыттың тиімділігіне деген сенім. Осының барлығын жинақтай келе біздің көзіміздің жеткені бүкіл коммуникативтік үдеріс мұғалім іс-әрекеті арқылы жүзеге асады, оның күш-жігерінсіз, шеберлігінсіз кез-келген әдіс жай, қарапайым әдіс ретінде қала береді.

Біздің елімізде болсын, шетелдерде болсын коммуникативтік тәсіл басты айқындаушы, анықтаушы тәсіл болып табылады. Осыған орай, білім беру мазмұнына коммуникативтік құзырлықты қалыптастыруға қажетті әлеуметтік-мәдени білім беру, тілдік іскерліктер мен дағдылар ендірілуде.

“Құзыр”, “құзырлық” ұғымдарын жекеше және жалпылама тұрғысынан қарастыра отырып А.В.Хуторский: құзыр дегеніміз білім беру үдерісіне алдын-ала ұсынылған жат талаптар, ал құзырлық дегеніміз – тұлғаның маңызды қасиеті деп қарастырады [1].

“Құзыр” ұғымы Хутмахердің ұсынуынша, іскерлік, құзырлық, қабілет, шеберлік терминдерінің қатарына енеді дейді. Ал И.А.Зимняя құзырдың негізгі үш тобын ұсынады:

1) адамның өмірдегі субъект және тұлға ретіндегі өз-өзіне қатысты құзырлық;

2) адам іс-әрекетіне қатысты, оның барлық түрлерінде кездесетін құзырлық;

3) өз кезегінде өзара қарым-қатынасқа бөлінетін адамның өзгелермен, яғни қоғаммен, қауымдастықпен, топпен, обасымен, достарымен, серіктестерімен, әлеуметтік ұтқырлықпен, бірігіп іс атқарумен, шыдамдылықпен, сыйласымдылықпен және өзгені (нәсілді, ұлтты, діні, жынысы, рөлі) қабылдаумен және қарым-қатынастағы құзырлықпен (ауызша, жазбаша, диалог, монолог, мәтінді қабылдау, нәтиже) қарым-қатынаста қажетсінетін құзырлығы.

Құзырлық ұғымының көптеген анықтамаларына қарамастан, оның түсіндірмелерінде біріншіден, құзырлықтың білім берудің тұлғалық және әлеуметтік-интегративті нәтижесі деген көзқарастың бірлігі ретінде; екіншіден білімі, іскерлігі, дағдылары, тәжірибесі, тұлғалық қасиеті бар жалпы түсініктің болуы; үшіншіден атқарылған іс-әрекеттің сипаттамасымен шарттасқан құзырлықтың мазмұны мен құрылымы ретінде қарастырылады.

Кәсіби құзырлық ұғымын қарастырғанда басты назар оның мазмұны мен құрылымына бөлінеді. Мысалы, В.Г. Горчакова ақпараттың жаңғырылуына негізделген негізгі репродуктивті құзырлықты, кәсіби шығармашылық құзырлықты қарастырады. Ғалым өз еңбегінде, құзырлықты өз бетімен, сапалы әрі жауапкершілікті әрекет ететін психологиялық жай-күйге жатқызуға, сонымен бірге бұл ұғымды тұлғаның іс-әрекет қызметтерін атқару қабілеттілігі деп қарастыруға болатындығына баса назар аударады [2].

Құзырлықтың алғашқы компоненті кәсіби іс-әрекеттің қазіргі қарапайым технологияларын және негізгі түсініктерді меңгеруді ұсынады. Екінші компоненті адамның шеберлігін қамтамасыз ететін, оның кәсіби орта мен іс-әрекетті өзгертуін ұсынады.

Кәсіби құзырлықтың құрылымы мен мазмұнын анықтау оның түйінді, негізгі, арнайы деңгейлерімен тығыз байланысты. Түйінді құзырлық кез-келген мамандыққа қажетті жалпы білім мен іскерліктердің жиынтығы (коммуникативтік, ақпараттық, тілдік, құқықтық, мәдениаралық).

А.В. Хуторскийдің берген анықтамасына тоқтала отырып, құзырлық жалпы кәсіби білімді, іскерліктер мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік құзырлықтың дамуының ең жоғарғы деңгейі екеніне келісіп, құзырлықтың түрлерін суретке жинақтадық.

Сонымен, құзырлық жалпы кәсіби білімді, іскерліктер мен дағдылардың ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік

құзырлылық дамуының ең жоғарғы деңгейі болып табылады.

Коммуникативтік құзырлық проблемасын жан-жақты қарастырған ғалымдар М. Canale мен М. Swain, И.А. Зимняя, У.И. Копжасарова, Б.А. Бейсенбаева, С.М. Андреевой және басқалары. Коммуникативтік құзырлыққа нақты сипаттама берген ғалым Л.Ф.Бахман. Ол коммуникативтік құзырлыққа тілдік, дискурсивтік, сөйлеу, практикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, стратегиялық ойлау құзырлықтарын жатқызады [3].

Ал ғалым Л.К. Гейхман болса, коммуникативтік құзырлықтың бес компоненттерін ұсынады: лингвистикалық (тілдік), әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, дискурсивті, стратегиялық. Соның ішінде лингвистикалық құзырлылыққа баса назараударады [4].

Коммуникативтік құзырлық біреуді түсіне білу қабілетінен, айтылған ойды қатынастың нақты жағдаяттарында және әлеуметтік-мәдени контекстінде жаңғырту және соған түсінік беруден, сонымен қатар коммуникативтік мақсат пен міндеттерге сай тілдік іс-әрекеттерден; серіктесінің әлеуметтік мәртебесіне, психикалық жай-күйін ескере отырып, қарым-қатынас жасаудан, қарапайым сөйлеу іскерліктерін меңгеруден құралады деп түсініктемес береді Ван Ек [5].

Коммуникативтік құзырлылықтың көп жақтылығы мен күрделілігі оның компоненттік құрылымын анықтауда нақты байқалады. Ван Ек жалпы коммуникативтік құзырлықтың құрамдас бөлігі болып табылатын құзырлық компоненттерінің мынадай түрлерін атап береді: лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурсивті, стратегиялық және әлеуметтік-психологиялық құзырлылық.

Коммуникативтік құзырлықтың әлеуметтік мәселесін қарастыратын болсақ, онда ең маңыздысы Л.А.Петровская, Ю.Н.Емельянов психологиялық тұжырымдамаларын қарастыруға болады. Ю.Н.Емельяновтің ұсынған түсіндірмесіне тоқталатын болсақ, ғалым “коммуникативтік құзырлықтың негізінде тек қана қатынастың іскерліктері мен дағдылары ғана жатқан жоқ, жалпы индивидтің нақты әлеуметтік контексте күшейетін сезімдері, ойлары, яғни тұлғалық ерекшеліктері жатыр және де ол коммуникативтік құзырлық ұғымын тереңдете түседі” деп атап көрсетеді. Толыққанды қатынас бір-бірімен байланысты, бірақ өзгеше болып келетін деңгейлерді: сыртқы, іс-әрекеттік, операциялық-техникалық және тұлғалық мәнді білімді тереңнен қозғайтын және іс-әрекетке қарағанда белгілі бір рөлді атқаратын ішкі деңгейлерді өзіне біріктіреді [6]. Кесте 1-ден “коммуникативтік құзырлылық” ұғымына берген ғалымдардың

анықтамаларын көруге болады.

Кестедегі ғалымдардың анықтамаларының негізінде “қатынас”, “коммуникация”, “құзыр”, “құзырлық” ұғымдарының жан-жақты мәселелер тұрғысынан қарастырылғанын көзіміз жетті. Осының негізінде біз болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығы - әртүрлі компоненттердің және элементтердің (мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік) жиынтығымен сипатталатын, студенттерге адамдар қатынасы арасындағы өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға, қатынас барысындағы жағдайды дұрыс қабылдап, бағалай білуге және ондағы жағымды мінез-құлықты көре білуге көмектесетін күрделі кіріктірілген тұлғалық білім,- деп анықтама бердік.

Коммуникативтік құзырлық бүгінгі күні заманауи білім берудің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Ол қатынас мәдениетінің бір бөлігі ретінде әлеуметтік-психологиялық деңгейде болашақ мұғалімдердің құзырлығын белгілі бір деңгейге көтеруге, табысты мамандандырылған тұлғаны дамытуға көмектеседі [7].

Еліміздің болашағы мұғалімнің білімі мен құзырлығына, рухани әлеуетіне, құқықтық және саяси мәдениетіне байланысты. Білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыру, жаңа буын оқулықтарын оқыту үдерісіне енгізу тәрізді келелі мәселелер ұстаздарға шеберлік пен іскерлікті, кәсіби даярлығының сапасын өсіру және дамыту міндеттерін қойып отыр.

Кесте 1 – Ғалымдардың “коммуникативтік құзырлық” ұғымына берген анықтамалары

р/с	Аты-жөні	Анықтамалары	Әдебиеттер
1	2	3	4
1	Н.И. Гез	Коммуникативтік құзырлық іс-әрекеттің әлеуметтік ережелері мен айтылған ойдың коммуникативтік мақсаттылығын ескере отырып, тілдік құралдар мен қатынастың міндеттері мен шарттарының арасын біріктіру қабілетін қарастырады.	Гез Н.И. Система упражнений и последовательность развития речевых умений и навыков// ИЯШ.-1969.- № 6.- Б.29-40.

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
2	Л.Л.Федорова	Коммуникативтік құзырлық тілдік коммуникация механизмінің өзегі болып табылады. Оның негізінде әлеуметтік қарым-қатынасты жүзеге асыратын әлеуметтік өзара іс-әрекеттер жатыр. Ол екі деңгейде жүзеге асады: үстіртін-коммуникативтік, мұнда серіктестер диалогтегі белсенділіктеріне байланысты қарастырылады; терең-әлеуметтік, мұнда серіктестер белгілі бір әлеуметтік рөлді атқару барысында қарастырылады.	Федорова Л.Л. К построению модели коммуникативной компетенции // Проблемы организации речевого общения. - М., 1981.224-б
3	Ю.Н. Емельянова	Коммуникативтік құзырлықтың негізінде тек қана қатынастың іскерліктері мен дағдылары ғана жатқан жоқ, жалпы индивидтің нақты әлеуметтік контексте күшейетін сезімдері, ойлары, яғни тұлғалық ерекшеліктері жатыр және де ол коммуникативтік құзырлық ұғымын тереңдете түседі.	Емельянов Ю.Н. Активное социально-психологическое обучение. - Л.: Изд-во ЛГУ, 1985. -145с.
4	В.Б.Матей	Коммуникативтік құзырлық болашақ мамандарды даярлау барысында кәсіби мәнді міндеттерді шешудің ең маңызды құрамдас бөлігі. Ол тілдік, дискурсивті, иллюкутивті, стратегиялық, әлеуметтік лингвистикалық, елтанымдық, әлеуметтік-мәдени құзырлық болып бөлінеді.	Матей В.П. Многоканальная система коммуникативных связей в процессе обучения студентов-иностранцев базовому уровню коммуникативной компетенции // Региональный Вестник ВКГУ. Изд-во ВКГУ, 2005. - Б.67-70.

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	К.У.Кунакова	Коммуникативтік құзырлық бұл қатынастың міндеттеріне бара-бар келетін тілдік және тілдік емес әрекетті ұйымдастыру іскерліктері.	К.Л.Кабдолова, К.У. Кунакова. Формирование компетенций как необходимое условие повышения качества образования. Образование в РК, 2005.
6	В.А.Кан-Калик	Коммуникативтік құзырлық адам баласының кез-келген іс-әрекетінде орын алатын, адамзат болмысының бір бөлігі	Кан-Калик В.А., Никандаров Н.Д. Педагогическое творчество. – М., 1990. – 170 б.
7	Т.Кривченко	Коммуникативтік құзырлық бұл ең алдымен студенттердің этикалық, адамгершілік-рухани ережелер, тілдік қатынас жайлы білімдері.	Кривченко Т.А. Коммуникативная культура человека как объект спец. форм. в воспитании. // Классный руководитель. - 2003.-№5.14-17-б.
8	А.Т.Ибраева	Коммуникативтік құзырлық – тілдік іс-әрекеттерді серіктестің тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлау, болжау іскерліктері.	Ибраева А.Т. Коммуникативная компетентность специалиста как объект психолого-педагогических исследований // Вестник КазНУ, серия “Педагогические науки”. - №14, -Б.25-30.
9	Бастрикова Е.М	Коммуникативтік құзырлық тұлғалық және динамикалық болады. Ол тұлғаның парасаттылық қабілеттерінің қатарына жатады. Мұндай қабілеттер іс-әрекетте байқалады, оның негізгі түйіні ол тілдік компонент, яғни тілдік іс-әрекет.	Бастрикова Е.М Автореф. дисс. канд. психол. наук / Казань: Казан. гос. ун-т. Филол. фак-т.-2004. – 24б.

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
10	В.Г.Кочеткова	Коммуникативтік құзырлық тұлғаралық қатынас саласында білімге, тәжірибеге, қатынас құралдарын еркін меңгеруге негізделген нақты іскерліктерді меңгеруді көздейтін күрделі, көпқырлы білім беру үдерісі.	Кочеткова В.Г. Развитие коммуникативных компетенций студентов в условиях информатизации образования // Конгресс-конференция: Информационные технологии в образовании: ИТО.- Поволжье, 2006. - Б.82-85.
11	К.И. Фальковская	Коммуникативтік құзырлық серіктестердің коммуникативтік, интерактивтік, перцептивтік деңгейлерді меңгеруі. Ол коммуникативтік жағдаятқа әлеуметтік-психологиялық болжам жасау; қатынас үдерісіне әлеуметтік-психологиялық тұрғыда бағдарлама жасау және де коммуникативтік жағдаятты әлеуметтік-психологиялық басқаруды жүзеге асыру қабілеттерінің негізінде қалыптасады.	К.И.Фальковская Коммуникативная компетентность личности молодого человека в добровольной социальной работе. – М., 2008. – Б.111.
12	С.А.Смирнов	Адамдар арасындағы қатынас, белгілі-бір жағдаяттарда қатынасты қалай орнатуға болатыны, қатынас түрлері неге әкеліп соғатыны, қатынас барысында серіктесімізде қандай сезім болатынына байланысты іскерліктерді, білімді қажет етеді, осындай құралдарды меңгеру коммуникативтік құзырлық деп аталады.	С.А. Смирнов. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии М.: Академия, 2001. – 512б.

Сонымен материалистік философия классиктерінің біліміне және де қазіргі философиялық-психологиялық зерттеулердегі ой-тұжырымдарға сүйене отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: Коммуникация дегеніміз – ол тұлғаның жалпы қоғамда немесе қоршаған ортада қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқаратын үдеріс. Адам қалыптасуымен қатар дамитын коммуникация үдерісі кезінде өзінше ерекшеленеді. Коммуникация үдерісі көпжақты үдеріс. Оның мазмұны жан-жақты іс-әрекет, ой-тұжырым, психологиялық

жағдайлар алмасу болып табылады. Негізінде болашақ мұғалімдер мен педагогтер арасындағы коммуникацияның үйлесімділігі, жөнделілігі және адамдар арасындағы ақпарат алмасу қоғам өмірінің ең қажетті, негізгі талабы.

Осылайша болашақ мұғалімнің бойында коммуникативтік құзырлық жан-жақты дамыған болса, онда ол оның қазіргі өмір талабына сай кәсіби іс-әрекетінің ең жоғарғы көрсеткіші болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Хуторский А.В. Современная дидактика. - М., 2007. – 82 с.
- [2] Горчакова В.Г. Формула профессионализма. – Челябинск, 1997. - 118 с.
- [3] Bachman L. Fundamental Considerations in Language Testing. - Oxford University Press, 1990. – 48 p.
- [4] Гейхман Л.К., Кушникова Л.В., Кушнин А.В. Синергетическая педагогика. – Пермь, 2011. – 176 с.
- [5] Van Ek, J. Objectives for Foreign Language Learning. - Strasbourg: Council of Europe, 1986. – 96 с.
- [6] Петровская Л.А. Компетентность в общении: Социально-психологический тренинг. – М., 1989. – 216 с.
- [7] Ұзақбаева С.А., Сарқанбаева Г.К. Дебат технологиясының болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын қалыптастырудағы функционалды мүмкіндіктері //Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. “Педагогикалық ғылымдар” сериясы. - 2014. - № 2 (33). – С. 65.

REFERENCES

- [1] Khutorskiy A.V. Sovremennaya didaktika. M., 2007, 82 s. [in Russ.].
- [2] Gorchakova V.G. Formula professionalizma. Chelyabinsk, 1997, 118 s. [in Russ.].
- [3] Bachman L., Fundamental Considerations in Language Testing. Oxford: Oxford University Press, 1990, 48 p.
- [4] Geykhman L.K., Kushnina L.V., Kushnin A.V. Sinergeticheskaya pedagogika. Perm', 2011, 176 s. [in Russ.].
- [5] Van Ek, J. Objectives for Foreign Language Learning. Strasbourg: Council of Europe, 1986, 96 s.
- [6] Petrovskaya L.A. Kompetentnost' v obshchenii: Sotsial'no-psikhologicheskiiy trening. M., 1989, 216 s. [in Russ.].
- [7] Uzakbayeva S.A., Sarkanbayeva G.K. Debat tekhnologiyasynyn bolashak mugalimderdin kommunikativtik kuzyrlygyn kalyptastyrudagy funktsionaldy mumkindikteri. *Izvestiya KazUMOiMYa im.Abilay hana. Seriya "Pedagogicheskie nauki."* 2014, № 2 (33), S. 65 [in Kaz.].

СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Жалгасова Ш.А., к.п.н., профессор
Сарканбаева Г.К., магистр п. н., ст. преп.,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, коммуникативность, коммуникативная компетентность будущих учителей.

Аннотация. В статье рассматривается коммуникативная компетентность как готовность и способность ставить и решать определенные типы коммуникативных задач; определять цели коммуникации оценивать ситуацию, учитывать намерения и способы коммуникации партнеров, иными словами готовности и способности к осуществлению успешной коммуникации. Наряду с коммуникативными методиками и освоениями различных типов документаций рассмотрены техника общения, этические нормы и нормы поведения.

Поступила 12.02.2016 г.

HISTORICAL-PHILOSOPHICAL-PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF REFLECTION

Abilova Z.T.,

master of p. s., senior lecturer, Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

Keywords: reflection, pedagogical reflection, reflectional skills, reflectional activity, reflectional management.

Abstract. Reflection is an integral rate of effective formation of professional identity of teacher. In the process of activity, it is used as pre-condition to self-education. In the professional preparation of future teachers one of the effective ways is the preparation of the theory of reflection and terms, mechanisms of formation of the indicated qualities.

УДК 159.9.01

РЕФЛЕКСИЯНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Әбілова З.Т.,

п.ғ. магистрі, аға оқытушы,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: рефлексия, педагогикалық рефлексия, рефлексивтік білік, рефлексивті белсенділік, рефлексивті басқару.

Аңдатпа. Мақалада ғалымдардың еңбектеріне талдау беру арқылы рефлексия, ұғымдарына талдау беріледі, берілген түсінік нақтыланады, оқытушының іс-әрекетіндегі алатын орны ашып көрсетіледі. Рефлексия мұғалімнің кәсіби тұлғасының тиімді қалыптасуының интегралдық көрсеткіші, оның іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастырудың алғышарты ретінде негізге алынатындығынан, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда тиімді нәтиже беретін жолдардың бірі - педагогикалық рефлексиялану теориясын әзірлеу және берілген сапаны қалыптастырудың шарттарын, механизмдерін ерекшелеу болып табылатындығы жайлы мазмұндалады.

Рефлексия ой-сана ретінде немесе адамның өз іс-әрекетіне, өмір тәжірибесіне мән берудегі сезімдік үдеріс ретінде халық педагогикасында әріден бар. Баланың қандай да бір құбылысты, сапаны, қасиетті немесе өз қылығын еске түсіруі мен есте сақтауы, ой елегінен өткізе алуына ықпал ететін халықтық педагогика құралдары, әдістері мен тәсілдері рефлексивтік тетікке негізделеді. Рефлексия балаға өз жетістіктерін тұжырымдай алуға, білімін немесе қылығын түзете алуына көмектеседі. А.В. Хуторскийдің сөзімен айтқанда “егер сезім мүшелері адам үшін сыртқы тәжірибе көзі болса, рефлексия – ішкі тәжірибе көзі, өзін-өзі тану амалы және ойлау үшін қажетті құрал” [1].

Халық педагогикасында баланың рефлексивтік іс-әрекеті – бұл шынайы, табиғатқа сәйкес құбылыс. Халық педагогикасының мындаған жылдық тәжірибесі рефлексияның ойлау, сезімдік, іс-әрекеттік тараптарының бүкіл сипаттарын өзіне сіңірді. Рефлексия ол бастан тәрбиемен бірлікте: өмір осы бірліктің ішінде және онымен бірге туындады. Сондықтан да педагогикалық рефлексия – бұл халық педагогикасынан өрбіген құбылыс, сондықтан да халық педагогикасының өзі – адамды қалыптастырудың шынайы, рефлексивті және гуманистік жүйесі болып табылады. Халық педагогикасы жеткіншек ұрпақты дамыту, тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің негізгі ережелері мен қағидаларын, заңдары мен заңдылықтарын ашып көрсетеді, түсіндіреді, суреттейді, іске асырады, яғни рефлексияландырады. Халық педагогикасындағы кешенді көзқарас тұтастықтың бөлігі ретінде рефлексияда көрініс береді; педагогикалық рефлексия өткеннің, бүгінгінің тәжірибесін жинақтайды және тұтастай алғанда болашақ педагогикалық мәдениетті жобалайды, болжайды. Адамның ішкі рухани әлемі ұдайы өзіндік рефлексияны тірек етеді: еске түсіру, өзіндік талдау, ішкі ізденіс – халық педагогикасының негізгі ұғымдары, адамның рефлексивтік тетігін құрайды.

Г.Н. Волковтың пікірінше, тәрбие ең алдымен сөзбен, тілмен, сөйлеумен байланысты. “Өкініш, жалбарыну, ант беру, бата беру, өсиет – бұл сөз, алайда мұнда адам рухының жоғары көрінісі бейнеленеді. Өкініш – бұл өзіндік сана, руханилық, ұждандылық, адамгершіліктілік деңгейі – бұл күйзеліс, катарсис” [2]. Халық педагогикасының аталған көптүрлі сөздік құралдары, әдістер, тәсілдерінің барлығы – бұлар рефлексия, санаға, сезім мен мінез-құлыққа ықпал ету формалары ғана емес, сондай-ақ олардың нәтижесі. Г.Н.Волковтың пікірінше үгіттеу, көндіру, түсіндіру, сендіру, ақыл беру, ишара, уәде, кінәлау, сөгу, кеңесу, тәубе ету және т.б. тұлғаға ықпал етудің сөздік әдістеріне жатады. Олар рефлексивтік педагогика тұрғысынан зерттелген жоқ, ықпал етудің бұл халықтық формаларының әрқайсысының рефлексивтік тетіктері зерттелмей келеді. Олардың терең рефлексивтік қабаты зерттеуді және адамның, тұтастай алғанда этностың рухани әлемін қалыптастыру ісінде қайта жаңғыртуды талап етеді. Өйткені, “этнопедагогика – бұл этнос педагогикасы емес, ол этностар педагогикасы. Адамзат космостық этнос, кез келген халық – тарихи тұлға болып табылады. Кез келген халықтың дәстүрлі тәрбие жүйесі халықтар педагогикалық мәдениетінің жалпылығы мәселесімен байланысты. Бұл жалпылық жөнінде ұдайы есте ұстау қажет. Қандай бір сипатты өзгешеліктер

жалпылықты жокқа шығармайды, керісінше, оны байыта түседі”.

Халық педагогикасына негізделген рефлексия құбылысының философиялық даналығы мен педагогикалық рефлексия адамдар санасындағы тере түбірлерді есепке алуды болжайды. Мұның өзі рефлексиянығылымиәдебиетте, философиялықойдыңдаму тарихында, этномәдени аспектіде жан-жақты қарастыруға мәжбүрлейді.

Рефлексия проблемасы қарастырылатын ғылыми әдебиетте бұл мәселенің түрлі аспектілері атап көрсетіледі: философиялық-әдіснамалық, тарихи, психологиялық, әлеуметтік-мәдени, педагогикалық және т.б.

“Рефлексия” ұғымының өзі, оның құрылымы, мәні мен анықтамасы философиялық-әдіснамалық және психологиялық аспектілерде біршама ашып көрсетілген. Философиялық энциклопедияда рефлексия ұғымына жалпы анықтама, даму тарихы мен категориялылығы беріледі, рефлексия жеке алғышарттарды ұғыну мен негіздеуге бағытталған философиялық ойлау принципі ретінде атап көрсетіледі.

Философия ғылымы рефлексияны философиямен шұғылданушылықтың кез келген түріне қатысы бар жағдай ретінде мойындайды. Ежелгі грек философтары рефлексияның мағынасы адамның өзін-өзі тануында деп білді. Рефлексия проблемасын қарастырған Сократтың пікірінше, білімнің мәні тек меңгерілген нәрсе ғана болуы мүмкін, адамға өзінің ішкі дүниесіндегі әрекеттер біршама бағынышты болғандықтан, өзін-өзі тану адамның аса маңызды міндеті. Сократтың девизи “Өзіңді таны”. Сократ тарихта алғашқы болып интроспекцияға танып білудің ерекше әдісі ретінде назар аударды. Платон өзін-өзі танып білудің маңызын саналылық секілді ізгі қасиетті тәрбиелеумен байланыстығын атап көрсетіп, саналылықты ол өзін-өзі білу ретінде анықтады. Аристотель бойынша рефлексия тамаша парасаттылық белгісі, теориялық іс-әрекетте ол талқылау пәні ретінде көрінеді. Сократ, Аристотель және Платон көзқарастарының ерекшелігі сол, олардың рефлексияны “демиург” - жоғары кемелденген парасаттыққа қабілеттілік деп есептеуі болды.

Декарттан бастап (1596-1650) рефлексия философия үшін негізгі методологиялық принцип болып қалыптасады. Мұның себебі рефлексия құрылымында екі негізгі бастау көрініс табады: біріншіден, рефлексияның пәні ретінде сананы қарастыруға өтуді білдіреді (іс-әрекет теориялары); екіншіден, өз-өзіне қатынасы, өзіндік рефлексияны қамтитын өзіндік санаға өту. Біздің ойымызша, екінші түсініктеме рефлексияның қазіргі түсініктемесін берудің алғы шарты болып табылады.

Рефлексия таным, логика, кооперация және коммуникациямен қатар әдіснаманың өзінің пайда болуының алғышарттарының бірі болып табылады.

Егер таным ұғымды және оның табиғатын, ойлаудың логика-нормаларын анықтаса, рефлексия іс-әрекеттің дамуы мен ондағы өзіндік айқындалудың негізі. Рефлексия әдіснамалық ойлау, танып білудің ғылыми және философиялық формаларының (іс-әрекет теориясындағы танып білу жайындағы танып білу) негізіне жатады.

Рефлексияның ерекшелігі адамға сыртқы болмысты пайымдаусыз-ақ, іштей өзіне үнілуі арқылы білімге ие болу тән екендігі. Рефлексия өзге танымдық үрдістер секілді ішкі және сыртқы құрылыммен сипатталады. Рефлексия – бұл қандай да бір “мен” әрекетін жүзеге асыру үдерісін жете ұғыну. Өз дамуының категориялыққа дейінгі кезеңінде рефлексия индивидуальды адамдық іс-әрекетті талдаудың табиғи дәстүрлеріне жақын тұрды. Сыртқы жөніндегі білімнің ішкі мүмкіндіктердің көмегімен жасалатынын ұғыну сана-сезімдік ойлауды жабдықтаудағы рефлексивтік қабілеттің мәнін түсінуге алып келді.

Қоғамның дамуы мен адам өмірінің әлеуметтік сипаты ойшылдардан рефлексияның өзін өзге көзқарастар тұрғысынан игеру мен суреттеуді талап етті. Рефлексияны индивидуальды-табиғи талдаудан енді ғалымдар іс-әрекет пен ойлау жөніндегі ұғымдардың пайда болуын ашып көрсететін іс-әрекеттік көзқарасқа қарай ойысты. Рефлексияны табиғи-индивидуальды сипаттан алып шығып, оны енді ғалымдар әлеуметтік кооперация буыны ретінде” қарастыра бастады. Жеке адам енді индивидуальды іс-әрекеті өлшемдері бойынша емес, сонымен қатар өз жұмысының ерекшелігін рефлексиялаушы ретінде сақтай отыра, өзге кооперант ретінде кооперативті позицияда қарастырылды.

Классикалық философияда эмпирикалық, логикалық, трансцентаьдық және абсалюттік рефлексия болып ажыратылады.

Эмпирикалық рефлексия XVII ғасырдағы ағылшын педагогы және философы Дж.Локктың (1632-1704) есімімен байланыстырылады. Ағылшын философы Дж.Локк “рефлексия” феноменін философиядағы ерекше психикалық ақиқат ретінде ажыратып көрсетті және оны зерттеудің жеке нысанасына айналдырды. Дж.Локк білімнің тәжірибеден пайда болатыны жөнінде пікір білдіреді және мұнымен байланысты тәжірибенің сезімдік тәжірибе және рефлексия (ішкі тәжірибе) түрлерін ажыратып көрсетеді. Әрі қарай ол бұл феноменге қызғылықты анықтама береді: “рефлексия – бұл ақылдың өз іс-әрекеті

мен оның көріну амалдарын бақылау нәтижесінде осы іс-әрекет идеялары пайда болады”. Ақылдың бақыланатын және бақыланатынға ажырату қабілетін ақылдың рефлексиялық қабілеті деуге болады. Дж.Локктың сіңірген еңбегі сол, ол психикалық құбылыстар түйсік пен рефлексияны бөліп қарастырды және рефлексияның сезім мүшелеріне негізделген сыртқы тәжірибеден айырмашылығы білім мен ішкі тәжірибенің ерекше бастау көзі екендігін атап көрсетті, кейін бұл түсіндірме интроспективтік психологияның басты бұлжымас қағидасына айналды. Сезім, елес, түйсік – рефлексивті емес: олар рефлексияны қажетсінеді, олар рефлексиялана алады, тек сонда ғана дәйектілікке ие болады. Дж.Локктың рефлексия жөніндегі ойын толықтай келтірген жөн: “сырттан түрлі идеяларды ала отыра, жан өз ішкі әлеміне, өзіне терең үңіліп, осы алынған идеяларға қатысты өз әрекеттерін бақылау арқылы олардан өзге идеяларды тудырады, ал олар сыртқы заттардан қабылданған идеялар секілді пайымдау нысаналары болуға қабілетті”. Өзіндік жеке әрекеттерді бақылау бойынша бұл іс-әрекет рефлексия болып табылады, бақылау нысаналарына айналатын бұл идеяларды Дж.Локк “қабылдау немесе ойлау, тілек немесе ниет” ретінде анықтайды [3].

Рационалистік және логикалық рефлексия Готфрид Лейбниц (1646-1716) есімімен байланысты. Дж.Локктан айырмашылығы Г.Лейбниц ақыл жететін әлем мен сезімдік әлем болып ажыратылу жағдайында рефлексияны интеллектуалдық үдеріс ретінде сипаттайды. Г.Лейбниц жалпы білім мен жалпы ақиқат ерекше рөлге ие деп санайды және бұл жоғары формадағы білімнің көзі рефлексия деп біледі. Г.Лейбниц білімге қабылдауға қатыссыздың енгізілетінен атап көрсетеді. Бұл қабілеттілікті байқауға рефлексия көмектеседі. “Алайда қажетті және мәңгі ақиқатты танып білу бізді жануарлардан ажыратып көрсетеді және парасат пен ғылымды игеруге мүмкіндік береді. Осы парасатты ішкі дүние немесе рух деп аталады. Қажетті ақиқатты танып білу арқылы біз “Мен” деп аталатын ойға жетелейтін рефлексивтік актілерге дейін көтеріміз және өзіміз туралы ойлай отыра, болмыс, субстанция, қарапайым мен күрделі туралы және заттық елес пен құдайдың өзі туралы ойланамыз, бұл рефлексивтік актілер біздің пайымдаулар үшін басым заттар”.

Философия рефлексия, әдіснамалық сана формасы ретінде қашан да белгіленген сана формасына қатысты сыни қызметтер атқарады. Егер ғылыми білім негіздемесі интеллектуалдық интуиция ақиқаты немесе “парасат ақиқаты” ретінде түсіндірілетін болса,

онда біз танымның рационалистік концепциясына, рационалистік рефлексияға ие боламыз; егер ғылыми білімдер тәжірибеден алынған ақиқат ретінде түсіндірілетін болса, онда біз танымның эмпирикалық концепциясына, эмпирикалық рефлексияға ие боламыз. Бұл классикалық концепциялардың өзара тығыз байланыстылығы екендігі даусыз. “Рационализмдегі сезімдік тәжірибеге сыртқы түрткі рөлі беріледі, ол ақылдағы бекіген білімді тудыруға қабілетті іске қосады.

Рефлексияны түсіндіруде неміс классикалық философиясының негізін қалаушы Иммануил Канттың (1724-1804) алатын орны ерекше. Оның рефлексия жөніндегі ілімі трансцендентальды рефлексия деп аталады. И.Кант жаратылыстану ғылымымен қатар дәстүрлі философиялық проблемалармен айналыса келе, танымның мүмкіндіктері жөніндегі түсініктерді қайта қарау қажет деген ойға келеді және адам танымының “шекараларын” анықтайды, жаратылыстанудың метафизикалық негіздерін зерттейді.

Трансцендентальдық рефлексияда И.Кант адам ақыл парасатының метафизикалық табиғи бейімділікке ие екендігін мойындайды. “Трансцендентальдық логикада біз ақылды оқшауландырамыз және біздің білімдеріміз саласынан ойлаудың тек ақылдан бастау алатын бөлшегін ажыратып көрсетеміз”.

Трансцендентальдық рефлексияда “ішкі мен сыртқының” қарама-қайшылығы абсолютті сипатын жоғалтады, оған қоса, “ішкі” “сыртқы” қарым-қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

И.Кант бойынша трансцендентальды рефлексия – бұл санада көп білімді қамту амалын қарастыру. Мұнымен ол білімді талдаудың оқшаулануын болдырмайды және әлемнің “тұтас”, “бөлшек” және т.б. секілді категориялық өлшемдерге сәйкес синтетикалық картинасын түзуге, синтетикалық білім және таным амалын ұғынуға алып келеді. Ақыл-парасат бүкіл білімнің бірлігіне, синтезіне ұмтылуына байланысты оның принципті негізі трансцендентті болуы тиіс.

Абсолютті рефлексия ұғымы әлемді ақылмен аңдап, танымның диалектикалық әдісі – абсолютті идеализм мен диалектикалық логика жүйесін жасаушы Георга Вильгельма Гегельдің (1770-1831) есімімен байланысты. “Рух феноменологиясы”, “Логика ғылымы” философиялық еңбектерінде рефлексия абсолютті ұнамсыздық ретінде қарастырылады. Ұғым рефлексияның әрекетті субъектісіне айналады. Ұғымның қалыптасуы, өздігімен әрекет етуі рефлексия көріністерін болжайды.

Абсолютті рефлексия заттардың абсолютті бастауы теориясы шеңберінде дамиды. Г.Гегель оны “субъект-объект” деп атайды және ол философия ғылымындағы трансцендентальдық философия (зерттеу пәні, субъект) және табиғатпен айналысатын натурфилософия бағыттарында белгіленеді. Ол ғылымдардың ешқайсысы абсолютті тікелей қарастырмайды, алайда олар өзара байланысы және өзара бір-бірін толықтырып абсолюттің жанама бейнесін құрайды [4].

“Рефлексия” феноменінің әрі қарай зерттелуі мен дамуы ХІХ-ХХ ғасырда Батыс Европада кең етек жайды. Ол философиядағы өз пәнін, өзінің пәндік-сезімдік іс-әрекеті өзгешелігін, білімнің өзіндік санаға шоғырлануын бейнелеуге тиіс болды. Рефлексивті принципті қолданудағы түрлі көзқарастардың арасынан рефлексияның рөлі ерекше байқалатын философиялық бағыттарды бөліп көрсетуге болады. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында феноменология, экзистенциализм, герменевтика, философия ғылымы секілді қазіргі философиялық бағыттар пайда болды. Адам санасының ажырамас бөлігі ретіндегі рефлексивті феномендер олардың әрқайсысының шеңберінде талданып, анықталды.

Феноменологияда неміс философы Э.Гуссерель рефлексияны сананы танып танып білудің универсальды құралы ретінде қарастырады, бұл жағдайда әсерленушіліктер ағынын анық аңдап, талдауға болады.

Философ рефлексия ұғымы мен интенциональдық ұғымының яғни сананың қандай да бір объектіге бағытталып, оны өз мазмұнына айналдыра алу қабілетінің арасындағы ажырамас байланысты көре білді. Э.Гуссерельдің ойынша кез келген рефлексивтік акт интенциональды. Оған қоса феноменологиялық концепция бойынша интенциональдық ұғымы генетикалық тұрғыда рефлексия ұғымынан туындайды. Интенциональдық пен рефлексия ұғымдарын ментальдық акт мәніне деген қарым-қатынас біріктіреді.

Герменевтика саласында француз философы П.Рикер мен неміс философы Г.Гадамер рефлексияның мәнді түсіндіру мен негіздеудегі негізгі қызметін бөліп көрсете келе, рефлексияны мәнін “Мен” бейнесі арасындағы қарым-қатынас ретінде анықтайды. Герменевтика П.Рикер көрсетуінде мәнді игеру бойынша жұмыс кезені, бұл арада рефлексия символда жасырын тұрған мәнді оймен айқындау құралы қызметін атқарады. Экзистенциализм философияда неміс философтары К.Ясперс пен М.Хайдеггер рефлексияда жаңа мазмұн ашты, яғни ол адам ар-ұяты дауысына айнала келе, сананың

бақылаушы қызметін атқарып этикалық қасиетке ие болады. Экзистенциализм жағдайында М.Хайдеггер рефлексия мен өзі үшін, өзінің таңдауы үшін жауапкершіліктің байланысын қарастырады. Экзистенциалистердің пікірінше, адам қандай жағдайда болмасын, өз өмір сүру тәсілдерін таңдау, құндылықтарды талдау, өмір жолын таңдауда өзі жауапкершілікті болуы тиіс. Рефлексия адамның өзінің болмыстық мәнін анықтауға, өзінің адамгершілік ұстанымын бағалауға итермелейді. Бұл жағдайда адамның қоғамдық дамуындағы адамгершілік рефлексияның рөлі жайлы айтуға болады.

Ресей философтары еңбектерінде (Г.П.Шедровицкий, И.С.Ладенко, Н.И.Семенов, С.Ю.Степанов, М.К.Мамардашвили) рефлексияны аксиологиялық, философиялық-антропологиялық аспектілерді, сондай-ақ сана мен іс-әрекет проблематикасы контекстінде қарастырылады. М.К.Мамардашвили пікірінше, рефлексия тұлғаның ішкі тәжірибесімен бетпе-бет келу амалы мен құралы, өзінің даралығы мен ерекшелігіне жете мән беруі және бұл индивидуальды философиялық тың мақсаты болып табылады. М.К.Мамардашвили рефлексия субъектінің өз болмысы мен ойын және әлемге көзқарасын түсіну құралы. Ал ғалым-философ В.А.Лекторский рефлексияны “әлемдік өзіндік болмысты” ұғыну ғана емес, танымның, содан соң өзіндік түсінудің, жеке өзіндік ойлау негізін түсінудің негізгі құралы деп көрсетеді. “Негізінен субъективті тәжірибе заттармен және өзге адамдармен объективті қарым-қатынас желісі тартылған объект ретіндегі қарым-қатынасының нәтижесінде ғана мүмкін екендігіне назар аудартады”.

Қазіргі философияда рефлексияның үш негізгі түрін бөліп көрсетуге болады:

- Элементарлы рефлексия – білімді талдау мен оның шегі мен мәні жөнінде ойластыруды қарастыруға әкеледі.
- Ғылыми рефлексия – ғылыми зерттеу аумағында қалыптасқан әдістер мен құралды негізінде теориялық білімге талдау жасау.
- Философиялық рефлексия - ойлау мен болмысты, тұтас алғанда адами мәдениетті ұғыну мен түсіну.

Рефлексия мәнін дамытуда ХХ ғасырда айтарлықтай алға жылжу байқалады. Оған Москва әдістемелік үйірмесі (МӨҮ) философтары мен ғалымдары зор үлес қосты. 50-ші жылдары рефлексия мәселелерін таным құралы ретінде белсенді зерттеу жұмысы басталды. Нәтижесінде 60-шы жылдар гүлдену кезеңіне, ал 80-ші жылдар рефлексия бойынша пәнаралық зерттеулер аса әйгіленіп,

ғылыми нәтижелермен алмасуды жүзеге асыратын семинарлар, конференциялар әдеттегі құбылысқа айналды.

Отандық философияда “рефлексия ұғымына алғаш рет қазақ философтары мен ақындары А.Құнанбаев пен М.Жұмабаев назар аударды. А.Құнанбаев адамның өзіндік санасын дамытудағы рефлексияның мәнін көре білді. Оның “қара сөздерін” қазіргі қазақтың философтары ХІХ және ХХ ғасырдың жартысындағы қазақ әлеуметтік рефлексиясының әдіснамалық дескрипциясы ретінде қарастырады. “Қара сөзде” Абай ақиқатты танып білу жолдары жөнінде мәселе қоюмен ғана шектелмейді, танымдық кеңістікті белгілей келе, оның мазмұнына “Әлем”, “Мен” бейнесі, “Құдай” ұғымдарын енгізеді. Бұл тұста өз еңбектерінде рефлексияны тұлғаның өз рухани, діни тәжірибесіне жете мән беру құралы ретінде қарастырған ресейдің дін философы Н.А.Бердяевті Абаймен қатар келтіруге болады. Ойшыл өз халқының тағдырын рефлексивті бақылаушы ретінде оның әлеміне қосылады. Қазіргі отандық философияда рефлексивті көзқарас мәдениеттік түрлі формаларында (өнерде, тілде, ғылымда және т.б.) бейнеленетін білім мазмұны жөніндегі рефлексия секілді бағыттарда белсенді жүзеге асуда.

Ойлау үрдісінің өзі жөніндегі рефлексия проблемасы (ойлау жөніндегі ойлау, жеке іс-әрекетті өзіндік бағалау, мегакогнитивтік дағдыны дамыту) қазақстандық философтар Ж.М.Әбділдин және К.А.Әбішевтің ғылыми еңбектерінде көтеріледі.

Қазіргі әлемдік философия ғылымында рефлексия категориясының шеңбері айтарлықтай кеңейді. Рефлексияның дәстүрлі, ретроспективті қызметтері мен ғылыми жинақталған білімді сыни талдаумен қатар құндылықтарды, мақсаттарды, бағдарламаларды және ғылыми іс-әрекет құралдарының өзін даярлау секілді рефлексияның конструктивті, шығармашылық қызметі белсенділікпен қолданылады. Рефлексия философиялық қана емес, сонымен қатар пәнаралық ұсыныстардың (разработок) әдіснамалық құралдары немесе кейбір әлеуметтік және гуманитарлық пәндер (өнертану, әлеуметтану, лингвистика және т.б.) үшін түсіндіру принципі ретінде кеңінен қолданылады [5].

Нәтижесінде рефлексия тек философиялық немесе жалпы ғылым ұғымы ғана емес, ол кейбір арнайы ғылыми, жекелей алғанда психологиялық ұғым болып табылады. Психология ғылымы соңғы онжылдықтарда рефлексия мәселесін белсенді түрде зерттеуде.

Мәселен, психологиялық сөздікте “рефлексия” бір жағынан субъектінің ішкі психикалық актілер мен жағдайларды (ахуалды) танып білу үдерісі ретінде қарастырылады. Екінші жағынан осы сөздікте рефлексия өзара түсіністік тетігі – субъектінің өзімен қарым-қатынас жасаушыға қандай жолдармен және қалай әсер қалдырғанына жете мән беру ретінде түсіндіріледі. Рефлексия психологияда әрекет етуші субъектінің – жеке адам немесе қоғамның өзге индивидтер мен қауымдастықтар өздерін қалай қабылдайтыны мен қалай бағалайтынына жете мән беру формасында көрініс береді.

Психологиялық-педагогикалық сөздікте “рефлексия” субъектінің ішкі психологиялық актілер мен жағдайларды өздігінен танып білу үдерісі “рефлексияланушыны” оның жеке ерекшеліктерін, эмоциялық реакциялары мен когнитивті түсініктерін қалай білетіндігі мен ұғатындығын анықтау ретінде анықталады. Мұның барлығы рефлексияның психологиялық түсіндірмесін тұлғааралық қарым-қатынас ұғымын енгізе отыра философиялық шеңберді кеңейтті. Бұл жайында ғалым-психологтар пікірлері айғақтай түседі. Мәселен, әлеуметтік психологияда рефлексия индивидтің өзін қарым-қатынас жасаушының қалай қабылдайтынына мән беруі ретінде түсіндіріледі.

А.В.Петровский рефлексияға өзгerek түсініктеме береді. Рефлексия оның ойынша, адамның өзгенің көзқарасында бола алу, өзге адамдардың ішкі жағдайын бейнелей алу қабілеті немес кез-келген объектіге, соның ішінде өзіне де қатысты бақылаушы көзқарасында бола алу қабілеті.

Р.С.Немов рефлексияны адам санасының өзіне, өз ойы мен сезімдеріне зейін қоюы ретінде сипаттайды. Е.В.Руденский “Рефлексия – өзге адамның ішкі әлемін түсіну қабілеті” - деген анықтама береді. Психологтар И.Н.Семенов пен С.Ю.Степанов “рефлексия адамның индивидуальды мазмұнын қайта ой елегінен өткізу” деп түсіндіреді.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан А.В.Петровский мен Е.В.Руденский рефлексияны адамның ішкі әлеміне түсіну мүмкіндігімен байланыстырса, С.Немов пен И.Н.Семенов рефлексияны жеке ішкі әлемді түсіну мүмкіндігімен байланыстырады.

А.В. Кривошев рефлексияны жанама өзіндік сананың жеке сананы белсенділікпен қайта ой елегінен өткізу ретінде анықтайды. Оның көмегімен тұлғаның өздігінен жетілуі және оның іс-әрекеті мен қарым-қатынасы қамтамасыз етіледі деп есептейді.

Рефлексия тұлғаны өзін-өзі дамыту тетігі ретінде қарастырылғандықтан мұндай анықтама біздің зерттеуіміздің міндеттері тұрғысынан сөзсіз қызығушылық тудырады.

Бұл көзқарасты креативті психопедагогика зерттеушісі Н.Ф.Вишнякова толықтыра түседі. Оның ойынша, рефлексия тұлғаның өзін өзгелермен теңестіруде реттеуші және түзетуші мақсатты бағдарлануда өзінің жеке ізденушілік-шығармашылық іс-әрекетіне мән беруі болып табылады.

Жоғарыда келтірілген дефиницияларды талдау жұмыс анықтамасын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Рефлексия – бұл өзгерген жағдайдағы жаңа іс-әрекетті бастау үшін өз тәжірибесін қайта ой елегінен өткізу мақсатын көздейтін адамның өз жеке іс-әрекетіне қатысты бақылаушы позициясында бола алу қабілеті.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Хуторский А.В. Эвристическое обучение: Теория, методология, практика. – М, 1998. – 171 с.
- [2] Волков Г.Н. Современное функционирование народной педагогики как феномена демократии и гуманизма в сфере воспитания. – Чебоксары, 1993. – 49 с.
- [3] Локк Дж. Избранные философские произведения. - М., 1960. - 129 с.
- [4] Гегель Г.В. Энциклопедия философских наук. – Ростов-на-Дону, 1997. - 297с.
- [5] Узакбаева С.А., Бейсембаева А.А. Значение педагогической рефлексии в процессе вузовской подготовки специалистов //Ұлағат. - 2014. - № 4. - С.87.

REREFENCES

- [1] Khutorskiy A.V. Evristicheskoye obucheniye: Teoriya, metodologiya, praktika. M.:Izd-vo Mezhdunarodnoy pedagogicheskoy akademii, 1998, 171 s. [in Russ].
- [2] Volkov G.N. Sovremennoye funktsionirovaniye narodnoy pedagogiki kak fenomena demokrati i gumanizma v sfere vospitaniya. Cheboksary, 1993, 49 s. [in Russ].
- [3] Lокk Dzh. Izbrannyye filosofskiyе proizvedeniya. M., 1960, 129 s. [in Russ].
- [4] Gegel' G.V. Entsoklopediya filosofskikh nauk. Rostov-na-Donu, 1997, 297 s. [in Russ.].
- [5] Uzakbayeva S.A., Beysembayeva A.A. Znachenіye pedagogicheskoy refleksii v protsesse vuzovskoy podgotovki spetsialistov. *Ulagat*, 2014, № 4, S. 87 [in Russ].

ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЙ-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТЫ РЕФЛЕКСИИ

Абилова З.Т., магистр п. н., ст.преп,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Ключевые слова: рефлексия, педагогическая рефлексия, рефлексивные умения, рефлексивная активность, рефлексивные управление.

Аннотация. Рефлексия является интегральным показателем эффективного формирования профессиональной личности учителя. В процессе деятельности она используется как предпосылка к самообразованию. В профессиональной подготовки будущих педагогов одним из эффективных путей – подготовка теории рефлексии и условий, механизмов формирования указанных качеств.

Поступила 25.02.2016 г.

SOCIAL - PEDAGOGICAL CONDITIONS OF FORMING STUDENTS' AESTHETIC CULTURE

Urkinbayeva D.I., c.p.s., associate prof.,
Kapsanova G.B., master of biol. s., senior lecturer,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

Keywords: aesthetics, aesthetic culture, national traditions, values, education, development, respect, beauty, sensitivity.

Abstract. The article discloses the basic idea of the conception of MES of Republik of Kazakhstan of national culture and art, and also the basics of needlework for youth that is one of the sides of aesthetic education as the development of aesthetic culture. In this connection, there are the embodiment of national politics in the society, the modern thinking in national traditions, respect and acceptance of national and cultural heritage.

Thus, the words of N.A.Nazarbaev in the book “The Future of Kazakhstan in unity of public idea” are relevant: “Cultural traditions are a source of social development. Kazakhstan makes everything that is possible to develop national art and culture”. Nowadays, the aesthetic education of youth through the ecological, natural and applied art is one of the prior tasks.

УДК 37.013

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК ШАРТТАРЫ

Үркінбаева Д.И., п.ғ.к., доцент,
Қапсанова Г.Б., биол. ғ. магистрі, аға оқытушы,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: эстетика, эстетикалық мәдениет, ұлттық дәстүр, қалыптасыру, құндылық, білім беру, даму, қабілеттілік, құрметтеу, сезімтал, сезінуші, әсемдік, сұлулық.

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жастар арасындағы тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Ұлттық мәдениет пен өнер және қолөнер негізінде жастарға жан-жақты эстетикалық тәрбие берудің бір бөлігі – эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, осы орайда, қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, олардың бойына ұлттымыздың мәдени мұрасына деген құрмет сезімін сіңіре отырып, оны эстетикалық мәдениетпен ұштастыру ісі бүгінгі күннің өзекті алғы шарттарының біріне айналып отырғандығына Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде” атты еңбегіндегі: “Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр” деген сөзі айғақ.

Жоғарғы оқу орындарында пән мұғалімдерін даярлау барысындағы білім беру моделінің жаңа бағыттарының бірі – болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Философиялық сөздікте эстетика сөзі грек тілінен аударғанда “сезімтал”, “сезінуші” деген ұғымдарды береді. Жалпы, эстетика – адамзаттың қоғамды эстетикалық тұрғыда меңгеруінің заңдылықтары, әсемдік немесе сұлулық заңдары бойынша өнердің мәні мен түрлерінің сыры туралы ғылым.

Эстетика бұдан екі жарым мың жыл бұрын құл иеленушілік қоғамда – Мысырда, Вавилонда, Үндістан мен Қытайда пайда болып, кейіннен антикалық Греция мен Ежелгі Римде кеңінен дами бастады. Батыста орта ғасырда “сұмдық сұлулық туралы” мистикалық оқулармен күресте (Августин, Фома Аквинский) Қайта өрлеу дәуірінің жазушылары, суретшілері мен ойшылдарының (Ф.Петрарка, Л.-Б.Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер, Дж.Бруно, М.Монтень және т.б.) еңбектерінде гуманистік реалистік тенденциялар дамыды [1].

Ал, Фейербах әсемдікті заттар мен құбылыстардың физикалық құрамынан, эстетикалық сезім мен талғамды – биологиялық заңдылықтардан, яғни, адам “табиғатынан” іздеуге талпынды [2].

Философтардың еңбектерінде эстетиканың алғы шарттары мен міндеттері, ең бастысы, адамзаттың әлемді эстетикалық жолмен меңгеруі бір-бірімен тығыз байланысқан үш түрлі аспектіде қарастырылды:

- 1) объективті шындықтағы эстетика;
- 2) субъектілік эстетика (эстетикалық сана);
- 3) өнер (объективті және субъективті эстетиканың өзіндік бірлігі іспеттес) [3].

Өнер, көркем шығармалар эстетика пәніне енеді. Өнердің мәні мен заңдылықтарын зерттей келе, эстетика барлық арнайы, теориялық және тарихи ғылымдармен, сонымен бірге, өнер туралы ғылымдармен де тығыз байланыста екендігіне көз жеткізуге болады.

Эстетика – жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні, олардың туындауы және халықтың оны қабылдауы, сезінуі, бағалауы туралы ғылым.

“Мәдениет” деген терминге келсек, ол қазақ тіліне арабтың “маданият”, яғни “қала, қалалық” деген сөзінен енген. Бұл

орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Кейінірек, Цицеронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы күрделеніп, “Жанды жетілдіру” деген ұғыммен байланысты қарастырылды. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі “білім беру”, “даму”, “қабілеттілік”, “құрметтеу” сияқты мағыналарға ие бола бастады. Бұл термин дами келе, тәрбиелеу, оқыту деген ұғыммен қатар, кең мағынада білім беру, білімділік, ағартушылық деген мағыналарда да қолданылған. Яғни бізге үйреншікті болып кеткен “мәдениет” ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры сонау көне заманнан бастау алады. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, олай болса, білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады [4].

Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мысалы, Еуропа халықтары мәдениетті өркениетпен қатар қойып, байланыстырады. Тіпті кейбір шетелдік зерттеушілер “Мәдениет пен өркениет бір, олар синонимдер”, “Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашақ бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі” деп түсіндіреді.

XIX ғасырда мәдениет мәселелерімен тығыз айналысқан ғалымдардың бірі – Эдуард Бернетт Тейлор (1832–1917) “... мәдениет жөніндегі ғылым – реформалар жөніндегі ғылым” деп тұжырымдай отырып, мәдениетті үздіксіз даму үстіндегі процесс” деп қарастырды. Нақты тұрғыдан қарастырсақ, мәдениет – жеке адам мен бүкіл қоғамды адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдіру болып табылады. Демек, Э.Тейлор мәдениетке адамның ақыл-ойы мен еңбегінің жемісінің тізбектері ретінде, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар ретінде қарайды [5].

Мәдениет туралы танымды едәуір алға оздырған ғалымдардың бірі – американдық мәдениет танушы Л.Уайт. Ол мәдениетті біртұтас жүйе ретінде қарап, оның ішінен үш саланы таратады.

Бірінші – технологиялық сала. Яғни материалдық игіліктер мен оны жасайтын құралдар арқылы адам мен адам, адам мен табиғат тартысқа түседі.

Екінші – әлеуметтік сала. Мұнда адамдар арасындағы қарым-қатынастардан өзінен-өзі туыстық, экономикалық, саяси, этникалық,

әскери, кәсіби т.б. қасиеттер қалыптасады. Үшінші-идеологиялық сала. Бұған идея, діни сенім, білім нысанының түрлері, мифология, ғылым, халық даналығы т.б. жатады. Бұл сияқты жүйелеу бойынша, мәдениет дегеніміз – материалдық айғақтар мен сезім, әрекеттің жиынтығы болып шығады. Мәдениетті эстетикалық тұрғыдан ұғынып-меңгеруді басты орынға қойған – Ф.В.Шеллинг (1775–1854), ол мәдениеттің басты мазмұны адамдардың көркемдік қызметі деп жазды. Адамның шығармашылық қызметінің басқа да түрлерінен көркемдік шығармашылықтың артықшылығын, тіпті эстетикалық мәдениеттің ғылымнан да, адамгершіліктен де жоғары тұратындығын дәлелдеуге тырысқан.

Бұл айтылғандардан мәдениет – адам әлемі, адамның шығармашылық белсенділігі, тіпті тұтас бір өркениетті халықтың болмыс-бітімі, ғасырлар бойы жинаған мұрасын келесі ұрпақтарға қалдыру тәжірибесі деген қорытынды шығаруға болады. Осы орайда, халықтың сыртқы тұлға-болмысынан, олардың өзара қатынасынан, тілінен, жасаған өнер туындылары мен тұрмыстық бұйымдарынан, тоқыма, тігін бұйымдары үлгілерінен әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, дүниетанымын, эстетикалық көріністегі сапаларын, эстетикалық-мәдени даму жолдарын, салт-дәстүрлер үлгілерін, жас ұрпақтың тәрбиелік деңгейін көруге болатыны айғақ. Негізінен, адамның дамуына сырттай әсер ететін қозғаушы факторлар – білім беру, оқыту, тәрбиелеу, яғни педагогиканың негізгі категориялары болса, ал адам өмірінің құндылығы оның руханилығы, өзінің кім екенін саналы түрде меңгеруге ықпал ететін қозғаушы факторлар – жан мен рух екенін көптеген ғалымдар мойындауда. Б.С.Гершунский “...адамгершілік, рухани құндылықтың сапалық деңгейінің төмендеуі, өркениет пен дүниетанымның тұйыққа тірелуі, ХХІ ғасыр қарсаңындағы және үшінші мыңжылдықтағы жүйелі тоқырау, қоғамдық өмірдің үш моделін: білім, дін, ғылымды қамтитындығын көрсетеді. Келешекте білім беру арқылы білім мен сенімнің арасындағы алшақтықты жоюға және білім арқылы материалдық және рухани әлемді тануға болады” деген көзқарас тудырады [6].

Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

1 Мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы.

2 Мәдениет – адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, сақ мәдениеті, скиф дәуірі мәдениеті, қазақ мәдениеті).

3 Мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.).

4 Мәдениет – адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен табысы.

Бұдан көріп отырғанымыздай, мәдениет ұғымының аясы кең әрі күрделі. Адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі. Олай дейтініміз, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде студенттерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, болашақ кәсібіне қажетті сапаларды тәрбиелеу, кәсіптік білім, білік, дағдыларды жоғары деңгейде меңгерту мақсаты алға қойылады. Демек, мәдениет – тұлға мүмкіндіктерінің ең жоғарғы деңгейі ретінде қарастырылады.

Сонымен, мәдениет дегеніміз – адамдардың іс-әрекетінің моральдық, сапалық жиынтығы. Ал оның көрсеткіштері: бойындағы білімі мен біліктілігін, тәжірибесін дұрыс, орынды, ұтымды пайдалана алуы, дүниетанымының қалыптасуының деңгейі. Сонымен бірге мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал.

Тұлға мәдениетінің негізгі және қажетті құрамды буыны – оның эстетикалық мәдениетінің болуы.

Эстетикалық мәдениет қазіргі кезде де, болашақта да адамзатты сәулетті өмірге жетелейтін рухани күш болып саналады.

Эстетикалық мәдениет – рухани мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде табиғат пен адам баласының шығармашылық еңбегімен жасалатын эстетикалық құндылықтардың жиынтығы, оларды жасау және қолдану тәсілдері. Эстетикалық құндылықтар қоғамның өмірімен қарым-қатынасқа түсуіне, қоғамның жетілу талпынысына, қоғамдық қатынастардың барлық жүйесінің толыққанды өркендеуіне қатысады.

“Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру” ұғымына анықтама берсек, яғни “жеке адамның немесе тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – оның бойына халықтың объективті эстетикалық құндылықтарын сіңіре отырып, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу үрдісі”.

Эстетикалық мәдениеттің құрамына:

Эстетикалық қажеттілік;

Эстетикалық қызығушылық;

Эстетикалық талғам;

Эстетикалық әрекет;

Кәсіби біліктіліктер кіреді. Сондықтан жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін осы айтылған құрамдас компоненттердің әрқайсысы студенттің бойында болуын міндетті түрде ескеру және оларды қалыптастыру қажет деп есептейміз.

Демек, эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың мақсаты – тұлға бойында эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсінуін, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу болып табылуы тиіс.

Студенттің дара тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызу жаңа педагогикалық парадигманың өзегін құрайды. “Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам жай зерттеу объектісі емес, ең алдымен шығармашылық пен таным субъектісі, құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген әрі өзінің шығармашылыққа деген ұмтылысын баурап әкететін тұлға ретінде көрінуімен бедерленеді”, – деп Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында атап көрсетілгендей бүгінгі таңда белгілі бір құндылықтарды, рухани мәдениетті, өнер туындыларын бойына сіңірген тұлға қалыптастыру маңызды мәселеге айналып отыр.

Педагогикалық тұрғыдан алғандағы “мәдениетті адам” ұғымы өз абыройын жоғары ұстау, өзін-өзі сыйлау, өз күшіне өзі сену, жалтақтамау, сондай-ақ басқалардың пікірін сыйлау секілді бір-бірімен байланысты қасиеттері тәрбиеленген адам дегенді білдіреді. Халқымыздың тәрбие туралы ой-тұжырымдарында “мәдениеттілік” – адамгершілік шыңы ретінде түсіндіріледі, өйткені онда адамдарға, барлық тірі организмге деген махаббат, мейірімділік, қайырымдылық, біреудің қайғысын бөлуге, альтруистік көмек көрсетуге дайындығы ретінде көрініс береді. Мұндай қасиеттерді тәрбиелеудің педагогикалық аспектісі білім беру мазмұнын, оның әдістерін, бүкіл тәрбиелік моделін ізгілендіру қажеттілігінде жатыр. Сонымен қатар, адамның, жеке тұлғаның мәдениеттілігі, руханилылығы деп өмір сырын ұғынуға, әдемілікке,

бақытқа, сұлулыққа, идеалға, жаңа нәрсеге, шығармашылыққа, тілдесімге ұмтылуы, ізденуі қарастырылады. Алайда мұндай болу үшін білім беру, тәрбиелеу ісі жалпыадамзаттық құндылыққа, әлемдік, ұлттық, рухани мәдениетке бағытталуы, соған сай мазмұнды болуы керек.

Мәдениет өскелең ұрпақтың алдында белгілі бір қызметтің бойына қатаң түрде шоғырланған өндіріс құралы мен белгілер моделі түрінде көрінеді. Мәдениеттілікті тәрбиелеуде оны белгілі бір мәдени кеңістікте даярлау мақсат тұтылады. Білім берудің мәдениеттанымдық мазмұнын біз өркениет пен мәдениетті жалғастыру негізінде олардың бір-біріне ықпалын, адамзат дамуына қосар үлес салмағын зерттей отырып, білім беру моделінің әмбебеп және ұлттық мәдени құндылықтарды жеткізу функцияларын күшейтуі деп түсінеміз. Нәтижесінде тұлғаға халықтардың ұлттық, этникалық өмір сүру салты мен тыныс-тіршілігінің алуан түрлілігіне қарамастан бүкіл адамзаттық бірлікті, тұтастықты түйсінуге жәрдемдесетін дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, ақпараттық бейне жасауға, мәдениаралық қатысым жағдайында этникалық, ұлттық кедергіні жоюға жағдай туады. Мәдениаралық қарым-қатынас жалпыадамзаттық қатынас құралы ретінде анықталады, ол ақпарат алмасу, басқа халықтардың мәдени құндылықтарын танып-білу және т.б. қамтиды, яғни өзара мәдениет алмасу жүреді [7].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жастар арасындағы тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Ұлттық мәдениет пен өнер және қолөнер негізінде жастарға жан-жақты эстетикалық тәрбие берудің бір бөлігі – эстетикалық мәдениетті қалыптастыру; сұлулыққа, тазалыққа үйрету; мәдениеттілікке баулу; адамзат қоғамына бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгертуге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу” қажеттігіне баса көңіл бөлу мәселесіне мән берілген [2, 2 б.]. Осыған орай, қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, олардың бойларына ұлтымыздың мәдени мұрасына деген құрмет сезімін сіңіре отырып, оны эстетикалық мәдениетпен ұштастыру ісі бүгінгі күннің өзекті алғы шарттарының біріне айналып отыр. Бұл тұрғыда елбасының өзі халықтың тәжірибесін зерттеу уақыт күттірмейтін мәселе деп пайымдаған. Яғни, қазақ халқының тарихы, тұрмыс-салты,

философиялық танымы, тәрбие дәстүрі оның басқа халықтармен қарым-қатынасы негізінде пайда болған өзгерістермен, ұлттық менталитетті сақтау ерекшелігімен байланысты сипатталатынына мән береді. Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Оған Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде” атты еңбегіндегі: “Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр” деген сөзі айғақ бола алады.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру алғы шарттарының түпқазығы ертеректе жатыр. Қазақ халқының өмірге көзқарасында жастарға эстетикалық тәрбие арқылы олардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға ерте заманнан-ақ үлкен көңіл бөлінген. Мысалы, жіп иіру, киім тоқу, тігу, киіз басу, кесте тігу, өрмек тоқу т.б. бұйымдарды жасап, оларды аса шеберлікпен, түрлі ою-өрнектерді қолданып, әшекейлеп сәндеуге үйреткен. Халқымыз еңбек пен қолөнерді егіз деп қараған. Қазақ шаруасының қолөнері өзінің күнделікті өмір тіршілігімен, табиғи экологиялық тиімділігі жоғары тұтыну қажетімен тығыз ұштасып жатады.

Қазақ халқы өз жерінде ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы ретінде көрініс береді. Жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сан толқынын бойына сіңіріп, үнемі жақсару, жаңғыру, яғни даму үстінде болды. “Осындай толассыз дамудың нәтижесінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді”, – дейді Х.Арғынбаев.

Білім мен тәрбие беру ісінде студенттердің рухани-эстетикалық мәдениетін қамтамасыз ету, негізінен, өнер түрлері арқылы (әдебиет, музыка, бейнелеу және сәндік қолданбалы өнер т.б.) жүзеге асырылады. Қандай да болсын өнер түрі, экологиялық қоршаған ортаның, болмыстың құбылыстарын бейнелейтін өзіне тән эстетикалық құралдары арқылы студенттердің санасына әсер етіп, оның табиғи сұлулық туралы алғашқы түсінігін, қоршаған өмір шындығына эмоциялық қатынасының қалыптасуын сапалы дәрежеге жеткізетін танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Өнер арқылы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісі қоғамдық дәуірдің әрбір даму кезеңдеріндегі қоғамдық талаптарды іске асырудың бір саласы ретінде күн тәртібінен түскен жоқ.

Қазіргі кезде экологиялық табиғи мәні зор сәндік-қолданбалы қолөнер арқылы студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру қоғамды дамытудың бірден-бір құралына айналып отыр. Сондықтан да оны іске асыру қоғам үшін маңызды алғы шарттардың бірі болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Назарбаев Н. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы: Қазақстан – XX ғасыр, 1993. – 32 б.
- [2] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жастар арасындағы тәлім-тәрбие тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан. – 1994. - 20.08.
- [3] Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы, 2005. – 237 б.
- [4] Пуришев Б.И. Зарубежная литература. – М., 1976. – 610 с.
- [5] Гердер И. Избр. произведения /Под ред. В.М.Жирмунского. –М., 1959. –196 с.
- [6] Тейлор Э. Первобытная культура. – М., 1989. – 573 с.
- [7] Әбенбаев С.Ш. Мұғалімдердің эстетикалық мәдениеті – педагогтік мәдениетінің құрамдас бөлігі //Қазақстан мектебі. - 2015. - №12. – С. 35.

REFERENCES

- [1] Nazarbayev N. Kazaqstannyn bolashagy kogamnyn ideyalyk birliginde. Almaty: Kazakstan – XX gasyr, 1993, 32 b. [in Kaz].
- [2] Kazakstan Respublikasy Bilim jane gylm ministriginin jastar arasındagy talim-tarbie tujyrymdamasy. *Egemen Kazakstan*, 1994, 26.08 [in Kaz].
- [3] Kishibekov D., Sydykov U. Filosofiya. Almaty, 2005, 237 s. [in Kaz].
- [4] Purishev B.I. Zarubejnaya literatura. M., 1976, 610 s. [in Russ].
- [5] Gerder I. Izbr.proizvedenyia. Pod red. V.M.Jirmunskogo. M., 1959, 196 s. [in Russ].
- [6] Teylor E. Pervobytnaya kultura. M., 1989, 573 s. [in Russ].
- [7] Abenbayev S.Sh. Mugalimderdin estetikalık madeniyeti – pedagogtik madeniyetinin kuramdas boligi. *Kazakstan mektebi*, 2015, №12, S. 35 [in Kaz].

СОЦИАЛЬНО – ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЭСТЕТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ

Уркинбаева Д.И., к.п.н., доцент
Капсанова Г.Б., магистр биол. н., ст.преп,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Ключевые слова: эстетика, эстетическая культура, национальные традиции, ценности, образование, развитие, уважение, красота, чувствительность.

Аннотация. В статье раскрывается основная идея Концепции МОН РК Национальной культуры и искусства, а также основы рукоделия для молодежи являющейся одной из граней эстетического воспитания – как развития

Мәдениетаралық коммуникация дегеніміз түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынас жасауы, мұнда міндетті түрде қатысушылардың бірі басқа тілде сөйлейтін болып келеді. Ағылшын тілінің рөлі өсіп тұрған таңда мәдениетаралық коммуникацияның вербалды қамтамасыз ету қажеттігі туады, яғни, жеке байланыстар жасау, телефонмен әңгіме жүргізу, хат-хабар алмасу, презентациялар, мәжілістер, келіссөздер өткізу, конференциялар мен семинарларға қатысу. Тіл - әр халықтың айнасы ретінде және мәдениет көрінісі ретінде мәдениетаралық байланыста делдалдық сипатқа ие [1].

Мәдениетаралық қарым-қатынас сәтті болу үшін сол елдің тілін меңгеріп қана қою жеткіліксіз, сондай-ақ басқа қоғам мүшесінің коммуникативті мінезін дұрыс жеткізу, қарым-қатынасқа қатысушылардың оның басқа түрін қабылдауға дайындығын түсіну қажет.

Мәдениетаралық қарым-қатынаста шет тілдерін меңгеру мен мәдениетаралық құзіреттілікті игеру студенттерге, кәсіби мамандарға, жалпы адамзатқа қажет болып отыр. Екінші тілде немесе шет тілде байланыс жасай алу қабілеті МАҚҚ-ты дамытуға қажет. Өзге тілді меңгерген жағдайда жеке тұлға басқа ұлт санасын түсінуге, өз тілі

мен ұлтының құндылығын ескере отырып басқа ұлт мәдениетін, құндылықтарын қабылдау, ұғыну, сол тілдің терминдерін, сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға, өзіндік пікір қалыптастыруға, әлемнің бейнесін қалыптастыруға жол ашады. Шет тілін меңгермеу тұлғаның әлем жөніндегі көзқарасының ұлттық дәрежеде ғана, өзіндік сана сезімінде ғана қалыптастырады, оның басқа әлем құндылықтарын бағалауына мүмкіндік бермейді. Мәдениетаралық құзіреттілік басқаларды түсінуге, түрлі мақсаттарға жетуге көмектеседі [2].

Сондықтан болашақ мамандарды кәсіби мағынасы бар мәдениетаралық іскери байланыста коммуникативті бағытталған шет тілін меңгерту қажеттігі туындап отыр. Іскери қарым-қатынас тиімді болуы үшін тек шет тілінің лексикалық, грамматикалық жүйесін меңгеріп қана қоймай іскери қарым-қатынас жасаудың коммуникативтік ойын, стратегиясын меңгеру қажет.

“Кәсіби құзіреттілік”, “мәдени құзіреттілік”, “коммуникативтік құзіреттілік” деген ұғымдар қазіргі таңда мамандар дайындауда жиі қолданылып жүр.

Мәдениетаралық құзіреттілік мәдени моделдермен тығыз байланыста берілуі керек. “Мәдени модулдар”- адам санасында қалыптасады. Шет тілі мен өзге мәдениеттің адам санасында бірігіп келгенінде ғана іске асады. Сондықтан да басқа тілде білім беру оқушының екінші санасын, екінші тілді меңгеретін мәдениетаралық құзіреттілігі дамыған, шет тілінде қарым-қатынасқа түсу үшін қажет дағды мен шеберлікті игерген адамды қалыптастырады. Шет тілін оқыту кезінде оқушылардың санасында оның ойлау белсенділігін, дүниетанымын, коммуникативтік сөйлеуде мінезқұлқы, өзін ұстауының бағыты мен түрін анықтайтын білімнің ерекше модулі қалыптасады. Оқытудың мақсаты тек шет тілін жақсы меңгеретін ғана емес, сонымен қатар халықаралық және мәдениетаралық құзіреттілікті меңгерген тұлға дайындау. Мәдениетаралық қарым-қатынасты оқып үйрене отырып басты мәселе мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыру.

Қазіргі таңда шеттілдік әдебиеттерде коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттілікті жеке дара бөліп жармай бір құзіреттілік ретінде қарастырып оқу орын алып отыр. Сонымен *мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік* дегеніміз өз мәдениеті аясында басқа мәдениеттерді тану қабілеті және осы ұстанымды басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынасқа жұмсау болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда *мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік* тұлғалардың вербалды және бейвербалды коммуникацияны дұрыс

кодануын, қарым-қатынас барысында мінезқұлық стилін, өз және бөтен ел мәдениетінің нормалары мен принциптерін, қарым-қатынасқа түсушілердің дұрыс іс-әрекеті мен түрлі мәнмәтіндер деңгейін меңгеру.

Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру үшін төмендегідей шаралар атқарылуы тиіс:

1) тілден сабақ беретін мамандарды антропология, әлеуметтану, мәдениеттану, экономика, өнер, мәдениетаралық коммуникация, коммуникация теориясы, академиялық жазылым салалары бойынша арнайы дайындау;

2) мәдениет пен тіл үйрету, оны бағалау бойынша көп зерттеулер жасау;

3) оқу бөлімі басшылары оқу бағдарламаларына, емтихандарға, мемлекеттік стандарттарға мәдени компоненттерді енгізуі тиіс;

4) осы салада ұлттық конференциялар, семинарлар, шеберлік дәрістер, симпозиумдарды көптеп өткізу қажет;

5) мәдени және мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттіліктерін ескеріп оқу құралдарын, оқулықтар жазу;

6) студенттерге мәдениетаралық құзіреттілігіне арнайы білім беру, қабілеттерін қалыптастыруға үйрету мен ондай қабілеттерін бағалау жүйесін енгізу;

7) студенттер мен оқытушылардың шет елге, шетелдік мәдени тәжірибелерімен бөлісу, пікірталастар жүргізу.

Студенттердің мәдениетаралық құзіреттілігін қалыптастырудың нәтижесі ретінде төмендегідей лингвистикалық және кросс-мәдени мәселелер шешілуі тиіс:

1) оқып отырған тілді жете меңгеруі;

2) сөйлеу, жазылым, тыңдалым, оқылым мәнмәтінін жете ұғынуы;

3) қарым-қатынас барысында коммуникацияның вербалды түрін түсініп, зерделеуі;

4) коммуникация барысында оқып отырған тілдің лексикасы мен грамматикасын, оның ережелерін басшылыққа алуы;

5) коммуникацияға түскенде грамматикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурстық, стратегиялық, мәдениетаралық құзіреттіліктерден білімі болуы;

7) коммуникация жасап отырған мәдениеттің ережелерін, қағидаларын, нормасы мен стандарттарын жете білуі тиіс.

2014-2015 оқу жылында аударма және филология факультеті, аударма және мәдениетаралық коммуникация кафедрасының оқытушылары университет басшысының тапсырмасына сай “5B020700-Аударма

ісі” мамандығының 3 курс студенттеріне арналған мәдениетаралық коммуникация мәнмітінің кәсіби-бағытталған ағылшын тілі оқу құралын құрастырды. Қазіргі таңда аталмыш оқулық баспадан шығып, студенттер мен оқытушыларға апробация жасауға берілді. Оқулық авторлары: PhD Асанова Г.С., магистр Тасырова Б.Е., магистр Саймқұлова Ш.О., магистр Карменбаева Ж.А., магистр Алдабергенова А.А., Қарастырылып отырған оқулық 4 тараудан тұрады, алғашқы тарауы әлеуметтік саланы қамтиды және төмендегі тақырыптармен таныстырылады: Білім алу; Ғылым; Мәдениет. Екінші тарауы саяси саланы қамтиды және төмендегі тақырыптармен таныстырылады: Қазақстан Республикасының саяси жүйесі; Жаһандану және Қазақстан. Үшінші тарау іскери саланы қамтиды және төмендегі тақырыптармен таныстырылады: шикізат; Мұнай және газ; Металлургия; Жеңіл және тамақ өнеркәсібі; Ауылшаруашылық; Орта және шағын бизнес. Төртінші тарау экономикалық саланы қамтиды және төмендегі тақырыптарды қамтиды: Экономика; Қаржы; Сауда.

Аталған салалар мен тақырыптар, тақырыпшалар мазмұнына, мәнмәтініне талдау жасасақ төмендегі мәдениетаралық-коммуникативтік күзiреттiлiктi қалыптастыруға арналған тыңдалым, оқылым, жазылым және сөйлеу жағдаяттарын, тапсырмаларын байқауға болады. Олардың қатарына мынадай тапсырмаларды жатқызуға болады:

- берілген тақырыптар аясында ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі идиомалар мен тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын табу, сол салаларда кездесетін тұрақты тіркестерді салғастыру, олардың дұрыс баламсын тауып, аудармасын беру, мақал-мәтелдердер, қанатты сөздермен жұмыс жүргізу, мағынасын салғастыру;

Мысалы:

1. Here are some commonly used idioms about education and learning. Have you heard any of them in class before? These are the meanings of the idioms to help you to decide which idiom fits in each sentence. Can you think of any more education idioms?

2. Comment on the following quotations:

1. “A friendship founded on business is a good deal better than a business founded on friendship”

John Rockefeller, American oil magnate (1839-1937)

2. “A business that makes nothing but money is a poor kind of business”
Henry Ford, US industrialist (1863-1947).

3. “Whenever you see a successful business, someone once made a

courageous decision” *Peter F. Drucker, writer and management consultant*
4. In trade there is no friendship, in salutation there is no obligation.

Kazakh proverb

5. Lend your money and lose your friend.” “There is no friendship in the trade. Eat and drink with relatives, do business with strangers.”

Kazakh proverb

– аталған тақырыптар мен тақырыпшалар саласында моделдерді салыстыру, оған сыни көзқарастар беру, ҚР мен тілін оқытып отырған елдер ерекшеліктерімен салғастыру;

– аталған тақырыптар бойынша бейнефильмдер көру, фильмге арналған тапсырмаларды жасау, фильмдер ағылшын тілінде аутентті материалдар болғандықтан ондағы көріністер ағылшын мәдениетін, өмір салтын, санасын суреттейді, ол студенттің ағылшын тілдік санамен танысып, ұлттық менталит көлемінде салғастыру, бағалау;

– аталған тақырыптар және тақырыпшалар саласында студенттердің фондық білімін тексеру, аталған саладағы білімдерін бағалауға мүмкіндік беру;

Мысалы:

1. In groups of four people conduct a SWOT analysis for shifting to 12-year schooling system using the tips below.

Before conducting a SWOT analysis search for some information about the 12-year education program in Kazakhstan and critically discuss it with your partners

Definitions

- Strengths – Factors that are likely to have a positive effect on (or be an enabler to) achieving the objectives of the 12-year schooling system (project).

- Weaknesses – Factors that are likely to have a negative effect on (or be a barrier to) achieving the objectives.

- Opportunities – External Factors that are likely to have a positive effect on achieving or exceeding the objectives, or goals not previously considered.

- Threats – External Factors and conditions that are likely to have a negative effect on achieving the objectives, or making the objective redundant or un-achievable.

2. K-W-L chart

Divide into three groups and before reading the text fill in the “K” column to share as a group what you KNOW about the subject/issue. After fill in the “W” column what you WANT TO KNOW about the

given topic/issue. After having read the article fill in the “L” column to share what you LEARNED about the topic/issue.

- аталған тақырыптар мен тақырыпшалар саласында студенттерді халықаралық деңгей тестері құрылымында сөйлеуге үйрету және сол тісілдерді меңгерту;

Мысалы:

1. Share your points of view on the following topic.

Discussion topic:

Discuss with your partner on the problems and prospects of oil, gas and metallurgy sectors of Kazakhstan. State out facing problems, and then suggest possible solutions on them. Recommend how to improve the given sectors and to contribute to home country’s economy.

2. Give your points of view on the role of oil and gas sector for the improvement economic situation of the Republic of Kazakhstan. You may talk on:

- the role of oil and gas sectors
- the possible problems, ways of solution on the given field
- the level of oil and gas sector in the country
- the production and refining ways of oil and gas
- the ways of transportation of oil and gas
- the process of making contracts/agreements to supply with oil and gas
- the ways of investment of this sector

3. Give your points of view on metallurgy, ferrous and non-ferrous metals. You may talk on:

- the level of metallurgy sector in Kazakhstan
- the ways of refining and production of metals
- the salary structure of employees on the given sphere
- the ways to develop worker’s skills on the given sphere
- the ways or methods to attract the workers and workplaces
- the facilities to share experiences abroad and in home country
- the ways of contribution for the country’s economy

- аталған тақырыптар мен тақырыпшалар негізінде жоба жұмыстарын жасауға, оны орындауға, қорғауға үйрету, соның бірі тек ағылшын мәдениетінде, тілін оқытып отырған елдер салт-дәстүрінде қалыптасқан халықаралық модель “көпшілік алдында сөз шебері болу” үлгісіне студенттерді баулу;

Мысалы:

Project: Toastmaster International. Public speaking

Your assignment is to make up a public speaking according to the roles.

Your speaking should include three parts table topics, prepared speeches and evaluations. Table topics give us a chance to learn how to think on our feet. Prepared speeches teach us to master specific speaking objectives. Evaluations help us to improve our listening skills and to be supportive in our feedback and recommendations. The roles to be distributed: Toastmaster (1 student); Grammarian (1 student); General Evaluator (1 student); Ah Counter (1 student); Table topic Master (1 student); Speakers (several students); Evaluators (depends on the number of speakers).

Stage 1: Distribute the roles beforehand. According to roles the students should fulfill their tasks.

Stage 2: The speakers (ice-breakers) should get prepared to the given topic of discussion on the theme “Oil and gas. Ferrous and non-ferrous metals. Problems and the future of this sector”. Then present their talks.

Stage 3: The evaluators should assess the speakers speeches according to the evaluation sheet.

Stage 4: Table topic discussion. The Table topic Master prepares questions on the chosen theme and ask the participants to answer on feet.

Stage 5: Toastmaster makes a conclusion.

- аталған тақырыптар мен тақырыпшалар бойынша кейс-технология көмегімен, жағдаяттар көмегімен студенттердің сыни көзқарастырын дамыту, сол жағдаятқа тап болған сәтте одан тиімді жол табу әдістерін қалыптастыру;

Мысалы:

Imagine that you have opened a small coffee shop or other organization next to a university. First brainstorm a list of possible risks that you may need to manage. Try to sort your list into categories. Secondly, make a business plan of the organization you would like to open, or run your own business. Make a presentation of your business plan.

Stage 1: Think over the type of business you would like to run.

Stage 2: Brainstorm a list of possible risks that you may need to manage.

Stage 3: Suggest possible solutions to manage facing problems.

Stage 4: Think over the stages of your business plan.

Stage 5: Make a presentation of your business plan.

Мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік қатысымның кез келген түрінде қажетті қабілет болмақ. Мұндай қабілет басқаларды түсінуге, өз мақсатыңды шешуге көмектеседі. Мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілікті саралай келе біз оның келесі негізгі модельдерін дамытуды қажет деп таптық: *білім* (жағдайды өз мүддесі төңірегінде ғана емес жалпы, глобалды бағалау, шешу); *мәдениетаралық және коммуникативтік құзіреттілікті*

қалыптастыру (тек қана тіл үйретуде емес, барлық оқу бағдарламалары мен пәндерінде); *мәдениетті оқып-үйренуге қызығушылықты ояту* (шет тілдерін оқытуда мәдениетті бірге оқытуды көздеу, оқытушылар мен студенттерді мәдени білім алуға итермелеу); *әлемнің тілдік бейнесі мен тілді функционалды қолдануын дамыту* (әлемді коцепциялау мен жалпыға ортақ позитивті байланысты, көзқарасты қалыптастыру); *сыни ойлау мен бағалау қабілеттерін дамыту* (бөтен ел мәдениетін өз пайдаға шешу мен дұрыс шешімдер қабылдау).

Мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі түрлі жолдармен қарастырылады. Мәдениетаралық байланысты БАҚ тұрғысынан қарастырушы ғалымдардың пайымдауынша байланыстың мұндай түрі халықаралық ақпарат жеткізу, әлемдік сөз бостандығы, ақпараттың батыстық билеушісі, ақпарат пен мәлімет таратуда заманауи электронды технологияларды қолданумен ұштастырады. Ғалымдардың енді бір тобы мәдениетаралық қарым-қатынасты түрлі ұлттар мен мемлекеттер арасындағы халықаралық қатысым ретінде зерттейді. Ғалымдардың тағы бір тобы мәдениетаралық қарым-қатынасты халықаралық іскерлік, көпмәдениетті ұйымдар мен мекемелер арасындағы келіссөзге бағытталған халықаралық қатысым ретінде қарастырады.

Қазіргі таңда МАҚҚ мәселелерінің күрт дамуы мен зерттеу құралына айналуына мынадай себептерді айтуға болады: 1) Жаңа технологиялардың дамуы, яғни, коммуникация жылдам әрі әркімге қол жетімді болып отыр. 2) Көлік қатынастарының дамуы, яғни, түрлі мәдениет өкілдерінің көзбе-көз қарым-қатынас жасауы артып отыр. 3) Іскери әлем халықаралық деңгейге жетіп, халықаралық экономика тәуелсіздікке бет бұрды. 4) Жаппай әлемдік көші-қон кейбір елдердің демографиялық мәселелерін шешіп, жаңа мәдениетаралық тұрақтылық мен қоғамдастықтардың пайда болуына ықпал етті. 5) Мәдени айырмашылық және көпмәдениеттілік жұмысшы және ішкі өмір шындығына айналып отыр.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. - Алматы, 2011. - 205с.
- [2] Белая Е.Н. Теория и практика межкультурной коммуникации. - М., 2011. - 208 с.
- [3] Assanova G.S., Tassyrova B.E., Saimkulova Sh.O., Karmenbaeva Zh.A., Aldabergenova A.A. Professionally-Oriented Foreign Language in the Context of Intercultural Communication. - Almaty, 2015.

REFERENCES

- [1] Kunanbaeva S.S. Kazirgi shettildik bilim berudin terioyasi men practicasi. Almaty, 2011 [in Kaz].
- [2] Belaya E.N. Teriya i practica mezhkulturnoi kommunikatsii. M., 2011, 208 s. [in Kaz].
- [5] Assanova G.S., Tassyrova B.E., Saimkulova Sh.O., Karmenbaeva Zh.A., Aldabergenova A.A. Professionally-Oriented Foreign Language in the Context of Intercultural Communication. Almaty, 2015.

ОТРАЖЕНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В УЧЕБНОМ ПОСОБИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК ДЛЯ СТУДЕНТОВ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ “ПЕРЕВОДЧЕСКОЕ ДЕЛО”

Асанова Г.С., PhD,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Ключевые слова: межкультурно-коммуникативная компетенция, профессионально-ориентированный иностранный язык, контекст, профессиональная компетенция.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы межкультурной коммуникации, кросс-культурной коммуникативной компетенции, виды мероприятий в формировании межкультурной коммуникативной компетенции, а также решения некоторых лингвистических и кросс-культурных проблем как результат формирования у студентов межкультурной коммуникативной компетенции. В статье дается анализ некоторых примеров межкультурно-коммуникативного характера в составлении учебного пособия “Профессионально-ориентированный иностранный язык в контексте межкультурной коммуникации” для студентов 3 курса по специальности “Переводческое дело”.

Поступила 20.02.2016 г.

UNDERSTANDING OF ESSENCE AND STRUCTURE OF CONCEPT IN MODERN LINGUISTICS

Karabayeva J.G., masters student,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

Keywords: concept, content, structure, unit of cognition, verbalised knowledge, language picture of the world, verbal and nonverbal concept.

Abstract. The article studies the essence of concept, the analysis of the conceptual system, the problem of differentiation of concept and notion, the problem of exposure of correlation of concept and meaning of the linguistic unit.

ПОНИМАНИЕ СУЩНОСТИ И СТРУКТУРЫ КОНЦЕПТА В СОВРЕМЕННОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Карабаева Ж.Г., магистрант,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Ключевые слова: концепт, содержание, структура, единица познания, вербализованные знания, языковая картин мира, вербальный и невербальный концепт.

Аннотация. В статье рассматриваются сущности концепта анализ концептуальной системы, проблема разграничения концепта и понятия, проблема выявления соотношения концепта и значения языковой единицы.

В свете последних исследований термин концепт, пришедший в лингвистику, культурологию, а затем и лингвокультурологию из логики и математики, получает всё большее распространение. Перенос акцента с изучения непосредственно языковой системы на анализ концептуальной системы, системы ментальных репрезентаций в психике человека, осуществляемый в лингвокогнитивных и лингвокультурологических работах последних лет (Ю.С. Степанов, А. Вежбицкая, И.А. Стернин, З.Д. Попова, И.А. Стернин; В.И. Карасик), как раз и является современным подходом к исследованию языка, позволяющим создать теоретически обоснованную программу антропологической парадигмы в лингвистике, направленную на раскрытие роли как языковых, так и неязыковых факторов в концептуальном освоении мира [1].

С.Г. Воркачёв считает, что существующие в лингвистике подходы к пониманию концепта условно сводятся к лингвокогнитивному и лингвокультурологическому осмыслению данного явления, если не принимать во внимание взгляды тех лингвистов, которые отождествляют “понятие” и “концепт” [2]. К работам подобного рода, выполненным в

рамках структурно-системной традиционной парадигмы в лингвистике, следует относить работы таких авторов, как М.В. Никитина и Б.А. Серебренникова.

М.В. Никитин указывает на тесную взаимосвязь концепта со значением: “говоря о понятиях и значениях, мы по существу имеем дело с одним и тем же предметом – концептуальным уровнем абстрагирующих, обобщающих единиц сознания. Поскольку значения – те же понятия, они сохраняют за собой всё то, что относится к понятиям: их содержание, структуру, системные связи, характер отражательной природы и т.д.” [1]. Однако значение отличается от концепта связанностью знака. Концепт же включает, наряду с разносубстратными единицами познания, и вербализованные знания, так как, несмотря на возможность разведения понятий концептуальной и языковой картин мира, “нельзя отрицать их существенного пересечения и наложения, а также их постоянного взаимодействия и взаимообогащения”.

В своей книге “Основы лингвистической теории значения” (1988) М.В.Никитин выделяет два уровня сознания – уровень значений и уровень понятий, говоря языком современной терминологии языковой и концептуальной уровни. Структура первого из них своеобразна в каждом языке и связана с особенностями его строя, поскольку уровень значений или языковой уровень формирует семантическую систему языка, выражая те общие универсальные понятия, которые одинаковы у всех людей и независимы от конкретного языка. Наличие универсального понятийного уровня обеспечивает успех перевода языка на язык и возможность людям, говорящим на разных языках с разными системами значений, понять друг друга [3]. Однако автор признаёт за понятиями национальную специфику, обусловленную особенностями жизнедеятельности и условиями жизни каждого отдельного этноса.

Итак, автор безоговорочно взаимозаменяет термины концепт и понятие, которым противопоставляет значение, являющееся языковым обозначением понятия, причем последнее, по мнению М.В. Никитина, не всегда обладает языковым выражением. Исследователь проводит границу между уровнем понятий и уровнем значений, называя и тот, и другой концептуальными, и определяет степень и причины национальной специфики на каждом из уровней.

По своим принципиальным положениям концепция Б.А. Серебренникова имеет много общего с позицией М.В. Никитина. Он также проводит грань между значением и понятием, нередко употребляя для обозначения последнего термин концепт. Вслед за М.В. Никитиным, Б.А. Серебренников считает, что понятие может получать языковое закрепление

в форме слова, словосочетания, то есть в номинативном знаке. Однако принципиально отличным моментом является то, что понятие по Б.А. Серебренникову может опредмечиваться и в неязыковой форме, например, в разного рода творениях человека – артефактах.

Как и М.В. Никитин, выделивший языковой и понятийный уровни сознания, Б.А. Серебренников также разграничивает языковую и концептуальную картины мира. Субстратом концептуальной системы у Б.А. Серебренникова являются концепты, образы, представления, известные схемы действия и поведения, иными словами, стереотипы, а также некие идеальные сущности, не всегда связанные напрямую с вербальным кодом [4]. В данной формулировке термин “концепт” по сути, заменяет понятие, поскольку автор не делает оговорки на различия между ними. По своему структурному составу концептуальная система гораздо сложнее системы значений, так как включает в себя и невербальные компоненты, точнее, компоненты, не имеющие языкового выражения. Концептуальная система является динамическим образованием в сознании человека, служащим обработке информации о мире и одновременно накапливающим эту информацию [4].

Примечательно, что в процессе рассуждения о составляющих концептуальной системы исследователь разделяет такие понятия, как вербальный и невербальный концепт. Существенная часть концептуальной системы состоит, безусловно, из концептов, принадлежащих к первому типу. Кроме этого, автор говорит о соотношении в психике человека мира действительности и мира своих концептов [4]. Тем самым автор встаёт на принципиально новую ступень в понимании такого явления в человеческой психике как концепт, приближаясь к его современному осмыслению.

Оба исследователя признают факт национальной специфики концептуальной модели мира, которую они считают собственно понятийным отражением языка. Язык окрашивает через систему своих значений и их ассоциаций концептуальную модель мира в национально-культурные цвета [5].

Таким образом, теоретические положения, представленные этими авторами, работающими в рамках традиционной лингвистики, схожи в принципиальном понимании концепта как обобщающего абстрагированного понятия, входящего в базовые концептуальные слои психики и являющегося строительным материалом когнитивной картины мира. Традиционное понимание концепта также не исключает рассмотрение вопроса о его национальной специфике, хотя и не предусматривает наличие в концепте ценностного компонента, являющегося основой лингвокультурного подхода к пониманию концепта, разработанного современными исследователями.

В лингвистических публикациях последних лет концепт не отождествляется с понятием. Современная наука определяет концепт и понятие как сущности разного порядка. И хотя понимание термина концепт в современной лингвистике весьма вариативно, да и сам термин не имеет однозначного определения, не вызывает споров лишь то положение, что концепт принадлежит сознанию и включает, в отличие от понятия, не только описательно классификационные, но и чувственно-волевые и образно-эмпирические характеристики. Если у понятия в общенаучном смысле различают его объём (совокупность вещей, которые охватываются данным понятием) и содержание (совокупность объединённых в нём признаков одного или нескольких предметов), то концепт, по мнению исследователя Е.Н. Коньковой, предполагает только второе – содержание понятия, а также понятийную часть значения, смысл слова. Трудно не согласиться с тем, что концепт, в отличие от понятия, “окружён эмоциональным, экспрессивным, оценочным ореолом” [6].

Однако перед лингвистами стоит не только проблема разграничения концепта и понятия, но и проблема выявления соотношения концепта и значения языковой единицы, шире, концептуальной и лексико-семантической информации, представляющая собой одну из самых сложных проблем современной лингвистики.

По мнению исследователя Н.Н. Болдырева, языковые значения передают лишь часть концепта, что подтверждается существованием многочисленных синонимов, разных дефиниций, определений и текстовых описаний одного и того же концепта. Значение слова, как утверждает Н.Н. Болдырев, является попыткой дать общее представление о содержании выражаемого концепта, очертить известные его границы, выделить его отдельные характеристики с помощью данного слова [7].

Н.Н. Болдырев приходит к выводу, что языковые значения передают лишь некоторую часть наших знаний о мире. Основная же доля этих знаний хранится в нашем сознании в виде различных мыслительных структур – концептов разной степени сложности и абстрактности, в содержание которых могут постоянно включаться новые характеристики.

Концепт и значение являются единицами разных уровней: концепт – единица концептосферы, в терминах А.А. Залевской информационной базы человека, тогда как значение – единица семантического пространства языка. Посредством своих семантических признаков (сем), являющихся компонентами значения, последнее передаёт определённые признаки, образующие концепт (концептуальные признаки), но это всегда лишь часть информационного содержания концепта, получившая языковое выражение.

Для полной экспликации концепта, как правило, требуются многочисленные лексические единицы, а значит – многие значения, поскольку, будучи сформированной единицей мышления, концепт приобретает субъективно-личностный характер, и его содержание вербализуется в значениях слов, используемых для его номинации, в неполном, ограничиваемом этими системными значениями объёме [5].

Как было сказано выше, единого понимания сути концепта в современной лингвистике не выработано, однако направления исследования, ориентированные на тот или иной аспект этого многомерного явления, обозначились довольно-таки чётко.

Мы находим целесообразным, представить основные теоретические положения подходов к изучению концепта, разработанных в современной лингвистике и лингвокультурологии.

К представителям лингвокогнитивного подхода следует отнести И.А. Стернина, З.Д. Попову, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякову, А. Соломонику, С.Д. Кацнельсона, Д.С. Лихачёва, С.А. Аскольдова.

По определению “Краткого словаря когнитивных терминов”, концепт – это “термин, служащий объяснению единиц ментальных и психологических ресурсов нашего сознания и той информационной структуры, которая отражает знания и опыт человека; оперативная содержательная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга (*lingua mentalis*), всей картины мира, отраженной в человеческой психике” [8]. Исследователи, изучающие концепт в рамках лингвокогнитивного подхода, трактуют его как ментальное образование в сознании индивида, обеспечивающее выход на концептосферу социума, то есть, в конечном счете на культуру. Язык служит доказательством того, что в основе наших знаний о мире лежит такая единица ментальной информации как концепт, поскольку именно язык выявляет и объективирует то, как увиден и понят мир человеческим разумом, как он преломлен и категоризован сознанием.

Н.К. Рябцева определяет концепт как “единицу познания мира, имеющую различную степень информативной насыщенности, оставаясь при этом целостным образованием, способным пополняться, изменяться и отражать человеческий опыт” [9].

Концепт, с точки зрения когнитивной лингвистики, есть “парадигматическая структура, выводимая из синтагматических отношений имени, фиксированных в тексте” (Л.О. Чернейко, В.А. Долинский, 1996: 20-41).

К лингво- когнитивному подходу следует отнести и понимание концепта, представленное А. Соломоником и С.Д. Кацнельсоном, хотя, если быть более точными, по сути своей оно является логико-семантическим.

А. Соломоник считает, что концепт – это абстрактное научное понятие, выработанное на базе конкретного житейского понятия [10]. Такой подход согласуется с позицией С.Д. Кацнельсона, который проводит границу между формальными и содержательными понятиями. Первые соотносимы с житейскими знаниями и фиксируются в обычных толковых словарях, вторые – с научными и объясняются в энциклопедических справочниках. Разница между обыденным и научным понятием заключается в стихийном обобщении своего опыта на уровне обыденного понятия и использовании логических приёмов анализа на уровне научного понятия. Однако между любыми уровневными образованиями, по мнению С.Д. Кацнельсона, можно найти промежуточные явления, некие ментальные сущности, которые можно было бы определить как уже не представления, но еще и не понятия. Концепты и представляют собой эти промежуточные ментальные образования [11].

Позицию Д.С. Лихачёва также можно отнести к категории лингво-когнитивная, однако в данном случае наблюдается некий уклон в сторону психологического подхода, поскольку, раскрывая своё понимание такого явления как концепт, в центр исследовательских интересов Д.С. Лихачёв ставит индивидуально-психические особенности человека. При определении концепта Д.С. Лихачёв придаёт большое значение личностному компоненту в формировании концепта, что “не обедняет, а даже обогащает и расширяет последний. У каждого человека есть свой, индивидуальный культурный опыт, запас знаний и навыков (последнее не менее важно), которыми определяется богатство значений слова и богатство концептов этих значений, а иногда вопреком и их бедность, однозначность” [12].

Исходя из основной функции концепта по Д.С. Лихачёву, заключающейся в замещении всех значений слова, где концепт по сути выступает как вариант отражения значения, как индивидуальный смысл в отличие от коллективного, словарно закреплённого, С.А. Аскольдов определяет концепт как “общее понятие, замещающее нам в процессе мысли неопределённое множество предметов одного и того же рода” [13].

В целом можно сказать, что Д.С. Лихачёв трактует концепт с точки зрения отдельного носителя языка или с позиций “человеческой идиосферы” [12], однако автор признаёт и всеобщность концептов, без которой общение между представителями разных этносов невозможно.

И.А. Стернин трактует концепт как “комплексную мыслительную единицу, которая в процессе мыслительной деятельности поворачивается разными сторонами, актуализируя в процессе мыслительной деятельности свои разные признаки и слои”.

Учитывая положения теории организации значения слова, И.А. Стернин впервые разрабатывает полевую модель концепта, которая явилась попыткой описать столь сложную многослойную структуру концепта. Однако исследователь указывает на то, что структура концепта в отличие от структуры значения слова не жёсткая. Это объясняется подвижностью, динамичностью самого концепта в процессе мышления. Концепт постоянно функционирует, актуализируясь в разных своих составных частях и аспектах, он всё время соединяется с другими концептами или отталкивается от них.

Таким образом, полевая модель концепта, разработанная З.Д. Поповой и И.А. Стерниным, выглядит следующим образом:

- 1) ядро – наглядно-чувственный образ;
- 2) базовые слои – различные по степени абстракции концептуальные признаки и в силу этого находящиеся на разном расстоянии от ядра, обладая различной яркостью по отношению друг к другу;
- 3) интерпретационное поле концепта, отражающее оценки и трактовки содержания ядра и концептуальных признаков в виде установок сознания, утверждений, различного рода стереотипов, принадлежащих национальному, групповому или же индивидуальному сознанию.

Совершенно противоположное направление исследования предполагает лингвокультурный подход, идущий, соответственно, от культуры к индивидуальному сознанию. Представителями этого подхода следует считать В.И. Карасика, Ю.С. Степанова, В.Н. Нерознака, В.Г. Зусмана, В.В. Красных, В.А. Маслову, Н.Ф. Алефиренко.

Лингвокультурный подход позволяет проникнуть в глубинную сущность концептов, сформировавшихся в коллективном языковом сознании нации, вскрыть систему ценностей и оценок, на развитие которой повлиял культурный, языковой и, наконец, общественный опыт той или иной социо-культурной общности. Этот подход ориентирован на изучение культурных концептов, в отличие от лингвокогнитивного подхода, рассматривающего концепт как некое ментальное образование в психике индивида, имеющее определённую структуру, в большинстве случаев находящую языковое выражение, а также обладающее национальной спецификой. Лингвокультурный подход к пониманию концепта, точнее, культурного концепта состоит в том, что концепт признаётся базовой единицей культуры, её концентратом.

Особый подход к пониманию сущности культурного концепта предлагает В.П. Нерознак. Исследователь считает, что о концепте национальной культуры можно говорить только в том случае, если при

переводе на другой язык нельзя подобрать дословного эквивалента соответствующего концепта: “безэквивалентная лексика, или то, что обычно называют “непереводимое в переводе” и есть тот лексикон, на материале которого и следует составлять списки фундаментальных национально-культурных концептов”.

Лингвокультуролог В.А. Маслова разрабатывает понятие ключевые концепты культуры, под которым подразумевает ядерные (базовые) единицы картины мира, обладающие экзистенциальной значимостью, как для отдельной языковой личности, так и для лингво-культурного сообщества в целом.

Поскольку ключевые концепты культуры занимают важное положение в коллективном языковом сознании, являясь его неотъемлемыми составляющими, их исследование становится чрезвычайно актуальной проблемой в последнее время.

В рамках изучения знаков вторичной номинации, Н.Ф. Алефиренко выделяет следующие типы лингвокультурных концептов:

1.представление – концепт, полностью сформированный путём обобщения чувственного восприятия окружающего мира – реального или воображаемого;

2.гештальт – культурный концепт, формируемый целостным образом, совмещающим чувственное и рациональное познание, а также объединяющим динамику и статику познаваемого объекта.

3.фрейм – когнитивная структура, формирующая стереотипы языкового сознания.

4.сценарий или скрипт – разновидность фреймовой структуры, представляющая собой стереотипный эпизод, происходящий во времени и пространстве.

В действительности концепты не являются константной величиной, напротив, они непрерывно изменяются, вступая между собой в системные отношения, так или иначе содействующие их стабилизации. Задача исследователя заключается не только в моделировании концепта, но и в установлении его связей с другими концептами, выявлении его места в концептуальной системе языка.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Конькова Е.Н. Концепт, понятие и значение как важнейшие единицы в исследовании языковых сущностей. – Смоленск, 2001. – С. 3-7.
- [2] Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. – М., 2004. – 236 с.
- [3] Никитин М.В. Основы лингвистической теории значения. – М., 1988. – 168 с.
- [4] Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М., 1988. – 216 с.

- [5] Стернин И.А., Быкова Г.В. Концепты и лакуны. – М., 1998. – С. 55-67.
[6] Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001. – 208 с.
[7] Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика. – Тамбов, 2002. – 123 с.
[8] Кубрякова Е.С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М., 2004. – 560 с.
[9] Рябцева Н.К. “Вопрос”: прототипическое значение концепта //Логический анализ языка. Культурные концепты. – М., 1991. – С. 72-77.
[10] Соломоник А. Семиотика и лингвистика. – М., 1995. – 352 с.
[11] Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград, 2002.
[12] Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка //Известия Российской Академии. – 1993. - №1. - С. 3-9.
[13] Аскольдов С. Концепт и слово. – М., 1997.

REREFENCES

- [1] Kon'kova Ye.N. Kontsept, ponyatiye i znacheniyе kak vazhneyshiyе yedinitiy в issledovanii yazykovykh sushchnostey. Smolensk, 2001, S. 3-7 [in Russ].
[2] Vorkachev S G. Schast'ye kak lingvokul'turnyy kontsept. M., 2004, 236 s. [in Russ].
[3] Nikitin M.V. Osnovy lingvisticheskoy teorii znacheniya. M., 1988, 168 s. [in Russ].
[4] Serebrennikov B.A. Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke: Yazyk i kartina mira. M., 1988, 216 s. [in Russ].
[5] Sternin I.A., Bykova G.V. Kontsepty i lakuny. M., 1998, S. 55-67 [in Russ].
[6] Maslova V.A. Lingvokul'turologiya. M., 2001, 208 s. [in Russ].
[7] Boldyrev N.N. Kognitivnaya semantika. Tambov, 2002, 123 s. [in Russ].
[8] Kubryakova Ye. S. Yazyk i znaniye: na puti polucheniya znaniy o yazyke: Chasti rechi s kognitivnoy tochki zreniya. Rol' yazyka v poznanii mira. M., 2004, 560 s. [in Russ].
[9] Ryabtseva N.K. “Vopros”: prototipicheskoye znacheniyе kontseptа. *Logicheskii analiz yazyka. Kul'turnyye kontsepty*. M., 1991, S. 72-77 [in Russ].
[10] Solomonik A. Semiotika i lingvistika. M., 1995, 352 s. [in Russ].
[11] Karasik V.I. Yazykovoye krug: lichnost', kontsepty, diskurs. Volgograd, 2002 [in Russ].
[12] Likhachev D.S. Kontseptosfera russkogo yazyka. *Izvestiya Rossiyskoy Akademii*. 1993, №1, S. 3-9 [in Russ].
[13] Askol'dov S. Kontsept i slovo. M., 1997 [in Russ].

ЗАМАНАУИ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ КОНЦЕПТ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК

Қарабаева Ж.Ғ., магистрант,
Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: концепт, мазмұн, құрылым, таным бірлігі, вербалды білім, әлемнің тілдік көрінісі, вербалды және вербалсыз концепт.

Аңдатпа. Мақалада концепттің маңызы, концептуалды жүйені талдау, концепт түсінігі және оның шектелу мәселелері, концепт қатыстылығының мәселелерін анықтау және тілдік бірліктің мағынасы қарастырылған.

Поступила 23.02.2016 г.

3 Бөлім
ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Раздел 3
ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

Part 3
ETNOPELAGOGIKA AND PEDAGOGICS OF SCHOOL

**CONCEPTUAL STATUTES of MORALLY-SEXUAL EDUCATION
of KAZAKH PEOPLE**

Uzakbayeva S.A., d.p.s., professor,
Kazakh Ablai khan UIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

Keywords: folk pedagogics, moral education, morally-sexual education, mental and ethical norms, domestic education, honour, conscience, sexual behavior, traditions, customs.

Abstract. In this article experience of the Kazakh people is examined in morally-sexual education of children and young people, transferrable by centuries from a generation in a generation through traditions, customs, verbal folk work and pedagogical knowledge. Features and possibilities of row of conceptual positions of people (about preparation of children to domestic life, public labour; about a necessity exposure of morally-sexual features of children from early age; about knowledge of genealogy of the ancestors; about possibilities of literature and art in the rise of culture of love, married life and poetry etc.) open up in morally-sexual education of children and young people.

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ
ТҮЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Ұзақбаева С.А., п.ғ.д., профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: халық педагогикасы, адамгершілік тәрбиесі, адамгершілік-жыныстық тәрбие, жыныстық мінез-құлық, моральдық-этикалық ереже, ар, намыс, отбасы тәрбиесі, шежіре, ата-тек (жеті ата), әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер.

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер ауызекі шығармашылық арқылы беріліп отырған адамгершілік-

жыныстық тәрбие саласында жинақталып, қорытындыланған тәжірибесі қарастырылады. Адамгершілік-жыныстық тәрбиеде көрініс алған халықтың бірқатар тұжырымдамалық қағидаларының (балаларды отбасы өміріне, қоғамдық жұмысқа даярлау, олардың адамгершілік-жыныстық тәрбиедегі ерекшеліктерін табиғи жолмен ерте бастан анықтау, өзінің ата-тегін (жеті атасын) білу, махаббаттылық мәдениеттің, ерлі-зайыптылық өмір мен поэзияны асқақтататын әдебиет пен өнердің мүмкіндіктерін білу туралы және т.б.) адамгершілік-жыныстық тәрбиедегі өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері ашып көрсетіледі.

Қазақ халқы ғасырлар бойы өзінің тарихи даму жолында адамгершілік-жыныстық тәрбие саласында болашаққа үлгі боларлықтай тәжірибе жинақтады. Онда халықтың адамгершілік-жыныстық тәрбие беруде өмір сырынан бағамдаған тәлімгерлік ұғым-түсініктері, қоғамдық мінез-құлық нормалары, принциптері, адамгершілік санаттары, әдептілік ұстанымдары, салауатты өмір жайлы пікірлері шоғырланған. Адамгершілік-жыныстық тәрбие мазмұнынан толық көрініс беретін бұл тәжірибе қағазға жазылып хатталмаса да, халық педагогикасының басты ережесі, негізгі қағидасы болып саналған. Халық оның мүмкіндіктерін балалардың адамгершілік-жыныстық тәрбиесінде жүйелі пайдалана білген. Оны төменде деректі материалдарда берілген халықтың адамгершілік-жыныстық тәрбиесінің мазмұны айғақтайды.

Қазақ халқының адамгершілік-жыныстық тәрбиесі ең алдымен “Адам ұрпағымен мың жасайды, ұрпақ жалғасы – бала” деген қағидаға негізделеді. Бұны жеке бір отбасының қамын ойлау деп қана қабылдамай, бүкіл халықтың, елдің болашағын ойлау деп түсінген жөн. Балаға деген өзінің мейірімін, сүйіспеншілігін халық небір жақсы теңеу сөздерімен жеткізген. Мәселен “бала – адамның бауыр еті”, “бала – көңілдің гүлі, көздің нұры”, “бала – өмірдің мәні, көңілдің сәні”, “бала – мұрагер”, “бала – сүйеу, тірек”, “бала – қалатын із” деп, баланы небір көңілге медеу, ұнамды нәрселерге (заттарға) теңеген, болашағына сенім артқан. Оны Бөлтірік шешеннің бір жас жігіттің: “Ақ ата (Бөлтірікті жұрты осылай атаған), бақ кімге қонады? Бала ыстық па, байлық ыстық па?” – деп қойған сұрағына: “Қарағым, байлық – қолға ұстаған мұзың емес пе, бақ – ол да ұшқан бір құсың емес пе, бала артта қалған ізің емес пе?! Бәрінен жолдас-жораңмен, ағайын - туысыңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз деп өмір сүргенге не жетсін. Осыларға жүрегің жылы болса, қайғың–күл, қуанышың – от!” – деп берген жауабынан байқауға болады [1].

Халықтың балаға деген сүйіспеншілікті көзқарасы мақал-мәтелдерде де кең көрініс алған: “Бір баласы бардың шығар-шықпас

жаны бар, көп баласы бардың үйінде жанған шамы бар”, “Бала ханнан үлкен, ашамай нардан үлкен”, “Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар”, “Ата өліп, бала қалса, мұратына жеткені. Бала өліп, ата қалса, арманда кеткені”, “Артында қызы бардың көзі бар, ұлы бардың өзі бар” және т.б.

Қазақтардың балажандылығын кезінде көптеген зерттеушілер атап өткен. Оған тарих куә. Мәселен, Шиле: “Қазақтардың өмірін зерттеген адамдардың бәрін олардың отбасының өте жақсы қасиеттері тандандыратын. Қазақтың өз әйеліне немесе балаларына қол жұмсағанын біреу-міреу көрді ме екен. Олар әсіресе балаларға мейірімді”, – десе [2], Ә. Диваев: “Қазақтардың арасында тіпті аз уақыт болғандардың өзі олардың балажан екенін байқайтын”, – деп қазақтың балаға деген ілтипатының ерекше екенін атап көрсетеді [1]. Бұл шындық. Өйткені қазақ халқы баланы туғанынан бастап, оның өміріндегі әрбір маңызды кезеңдердің бәрін (дүниеге келу (шілдеhana), ат қою, бесікке салу (бесік тойы), қырқынан шығару, тұсау кесу, сүндетке отырғызу (сүндет тойы), тілінің шығуы (тіл ашар тойы), алғаш рет жалын тартып атқа мінуі, бәйгеге қатысуы, әр мүшелден өтуі, үйленуі және т.б.) қуаныштай білген.

Мәселен, шілдеhana – бала дүниеге келген соң, бір жеті бойы ана мен баланы күтіп, олардың қасында көңіл көтеріп, дастарқан жаю әдетімен өткен. Балаға ат қою рәсімі де осы шілдеhana күні орындалған, атты отбасындағы үлкендердің бірі қойған. Соңғы кезде шілдеhana тойы бала туған соң, жеті күннен кейін немесе бала қырқынан шыққан соң өткізіліп жүр.

Баланы қырқынан шығару рәсімі қырық күн толғанда ананың “бой көтеріп”, денсаулығы жетілген кезінде өткізіледі. Баланың алғаш рет тырнағы алынып, шашы қырқылып, бесікке салынады. Ана мен балаға кіндік шеше, отбасындағы жақын-туыстар қамқорлық жасайды.

Бесікке бөлеу рәсімі ұрпақ өсірген үбірлі-шүбірлі анаға тапсырылады. Бесікті жабдықтау, бесік шашуын жасау, түбек үстін отпен аластау, баланы бөлеу ырымдары мен рәсімдері мерейлі аналардың өнегелі ісі. Баланы бесікке бөлеген анаға, оның көмекшілеріне ата-ана атынан құрмет көрсетіледі. Бесік тойына келген адамдардың игі-тілегі, батасы жас ананың баласына деген махаббатын арттырып, мерейін үстемдейді. Ана өзінің “бауыр еті – баласына” ыстық ықыласын: Айналайын, балам-ай, Айналсын сенен анаң-ай. Әдилеп сені сүйгенде, Анаңның көңілі болар жай... деген өлең жолдары көрініс алған бесік жыры арқылы жеткізген. Ананың баласына айтқан осы бір жүректен

шыққан арман-тілегін адамгершіліктің негізін қалаудағы жетекші фактордың бірі десе болады.

Тұсау кесу рәсімі бала қаз-қаз басып, жүре бастағанда ұйымдастырылады. Ол тілек білдіру салтанаты ретінде өтеді. Баланың тұсауын ата-ананың қалауы бойынша мінез-құлқы жарасқан ашық-жарқын, елгезек, елге сыйлы адам (ала жіппен тұсап): “Қаз-қаз, балам, қаз, балам, Қадам бассан, мәз болам. Күрмеуінді шешейін, Тұсауынды кесейін...” деп әндете отырып кеседі. Тұсауы кесілген балаға ақ жол, ақ тілек бата беріледі. Бұл рәсімге отбасының үлкен - кішісінің бәрі қатысады.

Баланы атқа мінгізу көбінесе бес жасқа толғанда жүзеге асады. Алдымен тайды даярлап, ер-тұрмандарын сайлайды (ашамай, жандорба, тоқым, құйысқан, өмілдірік, ат көрпе, жүген, нокта және т.б.), содан соң ел-жұртты жинап, баланы атқа мінгізіп, той жасайды. Атқа мінген сәттен бастап баланы “азамат” болды, “азамат” санатына қосылды деп есептейді.

Баланы өмірдің жалғасы, мәні мен сәні деп бағалаған қазақ халқы ежелден отбасында баланың көп болуын қалаған. Бұны халық тілегі көрініс алған “Тоқтамыс ханның тоғыз ұлы болыпты” немесе “Ерназардың тоғызы”, деген ертегілердің мазмұны айғақтайды.

Халық тәжірибесінде көп баланы дүниеге әкелу – ана денсаулығының арқасы деп түсінген. Баланың ата-ана өміріндегі орнын ерекше бағалаған. “Жалғыз ұлы бар кісінің шығар шықпас жаны бар. Екі ұлы бар кісінің өкпе, бауыр, жалы бар. Үш ұлы бар кісінің бұқарада малы бар, қорасында қолы бар. Төрт ұлы бар кісінің аспаннан салған жолы бар”, – деп көп балалы отбасының мүмкіндігін баса көрсеткен. Халықтың бұл көзқарасын Еркенекті Саршуаш би де: “Бір баласы бардың бір ру елде малы бар. Екі баласы бардың екі ру елде малы бар. Үш баласы бардың үш ру елде малы бар. Төрт баласы бардың төбеден салған жолы бар. Бес баласы бардың дес бермейтін күші бар. Алты баласы бардың алладан басқа несі бар”, – деп қолдаған. Баласы бар адамдарды “бақытты”, “төрт құбыласы сай”, “армансыз жандар” санаған.

Баласы жоқ ата-аналар құдайға жалынып, әулие-бабалардың басына түнеп, “Ақсарбас” айтып, мал сойып тілеу тілеген, тілектен кейін дүниеге келген балаға ерекше ықылас танытқан. Мұндай жағдайлар көбінесе ертегілер мен батырлар жырында көрініс алады.

Егер дүниеге ұл бала келсе, “ұл туғанға күн туған” деп, оны өздеріне бақыт санаған. Өйткені ұл бала отбасының жалғасы, шаңырақ иесі

есептелген. Қыз бала дүниеге келсе, үйге “ырыс келді”, “нұр келді”, “қыз – елдің көркі”, “өмірдің гүлі” – деп мақтан тұтқан.

“Он үште отау иесі” болатынын ескере отырып, қызын да, ұлын да отбасылық өмірге ерте жастан даярлаған және “Отбасылық өмірге даярлау – баланы өмірге және қоғамдық еңбекке даярлау” деген қағидаға жүгінген.

Көшпенді өмір салтымен тірлік кешкен халық ұл баланы дүниеге келген сәтінен бастап он бесіне дейін сол өмірдің бар қыр-сырын, қуаныш-сүйінші мен қиыншылықтарын, жыл мезгілдеріне сай ерекшеліктерін, тұрмыс-қарекетінің қилы жолдарын, дала философиясын өз басынан өткізе отырып үйреткен. Сөйтіп, тұрмыс-салт әрекетін жетік меңгерген ер баланы өзгелер секілді жеке шаңырақ ауыртпалығын көтере алатын, ел қорғауға даяр, ой-өрісі, ақыл- парасаты толыса бастаған азамат ретінде жеке отау етіп шығарып отырған.

Отбасылық өмірдің өзіне тән ерекшеліктерін қыз балаға да түсіндіріп, үйрете білген. Үй-іші тірлігімен (тамақ дайындау, киім тігу, кір жуу, үйді таза ұстау, мал сауу, алаша тоқу, көші-қон кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата-енесіне қарау және т.б.) түгелдей әйелдер айналысатындықтан қыздарды бұл тірлікке ерте жастан баулыған. Қыз баланың барған жеріне “балдай батып, судай сіңіп” кетуі, әдепті келін, аяулы жар атануы, ұлдың өнерлі, өнегелі азамат атануы өскен ортасына байланысты екенін әрбір қазақ отбасы жақсы түсінген.

Қазақ халқы ежелден қонақжай, меймандос халық. Ол үйіне келген әр адамды, танысын, танымасын жылы шыраймен құшақ жая қарсы алып, “Қырықтың бірі – Қыдыр” деп құрметтеген. Дәрежесіне қарай сый-сыяпатын жасап, өзінің бөлінбес еншісі – қонақасын беріп күткен. Қонаққа кеткен шығынды алла өтейді, әр мейманның “өз несібесі бар” деген түсінік елдік тағылым, адамгершілік танымға есептелген. Оны ақын-жыраулар күнделік өмірде насихаттап, тәрбиелік сырын жұртшылыққа жеткізуде айрықша мән бергендігін Үмбетай жыраудың: “Кісіні көрсең есікке, Жүгіріп шық, кешікпе, Қарсы алмасаң мейманды, Кесір болар несіпке!..” - деген өлең жолдарынан-ақ байқауға болады.

Қонақтың күтімі мен жағдайының дұрыс болуы келін мен бәйбішенің мырзалығы, мінезінің жайлылығы, адамгершілік инабатына байланысты деген түсінік халық санасына тиянақты орын алған ұғым. Қонаққа ерекше зейін қоюдың тағы бір себебі – олар өзі көрген, білген, естіген жаңалығын айтып, газет, радио, теледидар жоқ кезде ақпараттық міндетті қоса атқарған. Қауышу көңілді болса,

“ауылдың алты ауызын” айтып, қонақтың да өнерін тамашалаған. Егер де отбасы тірлігінің әміршісі әйелдер тарапынан мейманның күтіміне мейірімділік, ықыласты қабылдау болмаса, бұл тек реніш қана емес, отағасының абыройына да нұқсан келіп, адамгершілік беделін кеміткен. Осындай ұнамсыз жағдайға тап болмас үшін қонақты риза етіп аттандыруда қазақ әдетке айналдырған. Сірә, Шал ақынның: “Қыз қылықты болар, Келін епті болар. Көп көрініп жау қашырап, Көмектеп қонақ аттандырап”, - деген өлең жолдары осындайдан туындаса керек.

Қонақ күтудің осы бір дағдылы дәстүрін (қонақты қарсы алу, қонаққа қонақасы беру, қонақты сыйлау, қонақтың көңілін көтеру, жол-жоралғысын жасау, қонақты шығарып салу және т.б.) әрбір ата-ана балаларына жасынан меңгерткен. Отбасын құратын балаларына қонақты күту мәдениетінен де, қонақтың әдептілік мәдениетінен де ақыл-кеңес беріп отырған. Қонақтың алдында орынсыз мінез, оғаш қылық көрсету, адамгершілікке, отбасы абыройына дақ салатын берекесіздік деп ескерткен. Ел бірлігі, ынтымақ, татулықтың бастауы отбасы намысын қорғау мен сыйластықта деген түсінікті ежелден келе жатқан тәрбие тағылымы, халық педагогикасының заңы ретінде қабылдаған.

Халық тәрбиенің сөзбен емес, іспен, нақты ақыл-кеңес, машықтандыру арқылы жүзеге асырылуына, жастардың өз болашағына сеніммен қарауына және өмір қажетінен шығатындай міндеттер қоя білуіне аса мән берген.

Балаңа ұрса берме таз да болса,

Малыңды сол бағады аз да болса.

Жұмыскер есіктегі тынышы кетер,

Қожайын төрде отырған қазба болса, -

деп тәрбие ісінде тәлімнің құнын түсіріп, ықпалын кемітетін, орынсыз беймазалықтан ата-ананы сақтандырған.

Тәрбие жолын көрсететін бұл тұжырымдар – халық педагогикасындағы басты ереже, негізгі қағида болып саналатындықтан ертедегі ақын, жырау, би-шешендер мен ауыл ақсақалдары, ақылман әжелер ретті кезінде тәлімдік қағиданы үнемі айтып отыруды өзіне міндет санаған. Халық педагогикасының жастарға адамгершілік тәрбие беруде өмір сырынан бағамдаған тәлімгерлік ұғым-түсініктері, оларға жетекшілік етуде ұстанған әдістемелері - өнеге көрсету, жақсылыққа баулу, ізденген адамның әдептілікке қолы жеткендігіне сендіру, жаман әдет-қылыққа тиым салу, айыптау, әркімнің жеткен жетістігін мақтап, мәртебесін көтеру болған.

Халық отбасының береке, бірлігі ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне деген сенімінде, сыйластық, адалдық сезімінде, шынайы қарым-қатынасында, мінез-құлқының үйлесімділігінде екенін де ескертуден жалықпаған.

Сенім – тауды бұзып, тасты жаруға мүмкіндік беретін, кері кеткенді бері тартатын, қолы жетпесті басыбайлы ететін ұлы күш. Сенім бар да өнім бар. Сенімді мейірімділік пен кішіпейілділіктен бөліп қарастыруға болмайды, өйткені тағатсыз айтылған таудай ақылдан, тарыдай мейірім артық екенін адам тез аңғарады. Әсіресе, қыз бала, табиғатынан сезімтал келетіндіктен сенімді серік етіп, оны медеу тұтынуды халық педагогикасы заң ретінде қабылдаған өнегесі деп пайымдаған жөн. “Қыз Жібек” жыры бойынша жазылған операда Бекежан кең дүниені кесапатқа толтырған күнәһар болса да, өзіне сенімін серік еткен қыз алдында кешірім сұрауға батылы жеткен мүсәпір жан ретінде көрінуі халық тәлімінің айғағы.

Қазақ эпостық жырларының кайсыбірі болмасын адамгершілікті әр қырынан сөз етіп, имандылық пен мейірімділікті асқақтата жырлап, ер баланың ерік-жігерін күш-қайратын, ақыл-айласын, қасиет-қабілетін, батырлығын, әкелік қамқорлығын, махаббатқа адалдығын, қыз баланың қылықты ісін, сүйікті мінезін, адал жар болатын арулығын, қайырымды ана, дарынды тәрбиеші екендігін дархан көңілден келісті етіп баяндайды. Педагогика оқулықтарының қарымы жете бермейтін тәлімдік өнеге, тәрбиелік нышандар, халықтың арман етіп аңсайтын азаматтық ұғым-түсініктері шынайы да шұрайлы етіп берілгендіктен, халық туындылары – өмір оқулығы екендігін еріксіз мойындатады. Тек оларды ретті пайдаланып, орынды қолдану арқылы тәрбие саласындағы игі тілекке жетуге болады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ішкі отбасылық қатынастардың өзіндік ерекшелігін көре білуге балаларды үйрету мәселесі де халықтың назарынан тыс қалмаған. Мысалы, туыстық байланыстардың беріктігі: ата-аналарды сыйлау, құрметпен қарау, үлкендерді құрметтеу, олардың балаларымен бірге тұруы, кенже немесе жалғыз ұлдың ата-ана алдындағы жауапкершілігі, ересек балалардың іні-қарындастарының тәрбиесіне жауапкершілігі, туыс отбасыларының өзара көмегі мен жесірлердің балаларын туыстары өз қамқорлығына алуы сияқты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қазақ отбасының жазылмаған заңдары бола отырып, балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде жағымды ықпал жасады. Туыстар арасындағы: әке мен ұлдың, шеше мен қыздың, әке мен қыздың, шеше мен ұлдың, келін мен қайын ененің, келін мен

атаның, нағашы мен жиеннің, күйеу мен қайын ененің, бажалардың, жезделердің, бөлелердің және тағы басқа толып жатқан туған-туысқандардың, жегжаттардың арасындағы өте бір нәзік жарасымды өзара қатынас инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиеледі.

Түптеп келгенде, осының бәрі жеке бастың мінез-құлқы мен моральдық мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесті, адамгершілік-жыныстық тәрбиенің кейбір мәселелерін шешуді жеңілдетті.

Халық жастарды отбасын құруға даярлау барысында әсіресе қазақы некеге байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлер мен рәсімдерді, ырым-жоралғыларды меңгертуге көп көңіл бөлді, оларды есте сақтауға, әдеппен пайдалануға дағдыландырды. Мәселен: құдаласу, құда күту, жаушы жіберу, есік, төр көрсету, ұрын бару, қалыңмал беру, жасау беру, қыз ұзату, келін түсіру, неке қию және т.б. мән-мағынасына, соның ішінде “неке қию” рәсіміне, қыз абыройының тазалығына, сезімінің пәктігіне ерекше назар аударады.

Егер ертеден келе жатқан құдаласу дәстүріне тоқталатын болсақ, оның бірнеше түрі бар: бесікте жатқанда атастыру – бесік құда, тумай тұрып құдаласу – бел құда (ежеғабыл) және бойжеткенді айттыру – қарсы құда деп аталады. Қазақтар туыс таңдап болашақ ұрпақ қамын ойлауда қалай болса солай, талғаусыз құдаласа бермеген. Құдаласу дәстүрінде ер жетіп қалған ұл мен қызға кеңеспей, олардың талаптарын мүлде аяққа басып кетпеген. Оны “Ер Тарғын” жырының 1882ж. Қазан қаласында жарияланған нұсқасындағы мына бір көріністен байқауға болады: “Ақжүніс Тарғынды шақырып алып: “мені бір ханның баласына айттыруға жаушы келіп жатыр, әкем мені сол ханның баласына бермекші болып, рұқсат сұрай, маған кісі жіберіпті. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін, өзімде хан баласымын, сұлуға таңсық емеспін, өзімде сұлумын. Мен кімнің ақылы мен ерлігі озса соған барамын. Мені әлдекімге қор қылғанша, егер батыр екенің рас болса, сен ал да қаш, мен саған тиемін. Сенен басқа мен ешкімге тимеймін, көңілім саған ауды. Егерде маған келмесең, мен шыдап тұра алмай, сенің қайғыңнан өлемін” дейді. Тарғын Ақжүністі алып қашады”.

Бұл арада әкесінің қызынан рұқсат сұрап, кісі жіберуінің өзі – инабаттылық, адамгершілік түсінігінің биіктігін көрсетеді. Тәкаппар қыз айттыруды мойындамай, өз еркіндігін іздеп, сүйіспеншілік мұратын байлықтан жоғары қойып, өз мүддесіне жетуге ұмтылады. Халық та өзінің ой түсінігі мен таным тілектеріне байланысты әдеп заңына үнемі мойынұсынып, тәуелді бола бермеген. Бұл дерек бір

жағынан махаббат сезімін жоғары қоюды дәлелдесе, екінші жағынан ер жетіп, оңы мен солын таныған адамның тілек талабын ескеру керектігін де меңзейді.

Құдаласушы екі жақтың бір-біріне тең, үйлесімді болуына халық айрықша мән берген. Құдалыққа келген жаушы, жарастырушылар сөздерін астарлап, жұмбақтап, тұспалмен айтып, көңілге тиіп қалмау жағына да зейін қойған. Құдаласа келген жақтың тілегін қабыл алмаса, түрлі сылтау айтып, созбалыққа салып, тікелей жауап бермейді де кейінге қалдырады. Ал қабыл алып, келісілген жағдайда қалың мал мәселесі жөнінде пәтуаласады. Мұндай келісімнен кейін “қыздың әкесіне қарғы бау”, “анасына сүт ақысы” өткізіліп, фатиха бата сөздер айтылады. Құдалардың құрметіне көңіл көтерерлік кішігірім той жасап, “құда тартыс”, аталатын жол-жоралғылары жасалады. Екі жақ болып өлең айтып, ән салып, түрлі ойындар өткізіп, қыз-келіншектер күлкі үшін құдаларға келемеждер жасап мәре-сәре болады. “Құда тартыс” ойындарында басы артық тәйтiк, тым дөрекі әрекеттерді үлкендер тиып отырған, бейбастыққа жібермеген.

Құдалық келісімнен кейін күйеу жігіттің “ұрын баруы” немесе “ұрланып бару” сапарындағы жол-жоралғы салттары орындалады. Мұндай дәсүрге тән ғұрып М.Әуезовтің “Абай жолы” романының “Өрде” бөлімінде Құнанбай мен Алшынбай құдаласқаннан кейін Абайдың Дiлдәға ұрын баруы барлық болмысымен шебер суреттеледі. Қалыңдығына барарда жас Абай дәстүрдегі кейбір ғұрыптарды орындағысы келмей қарсылық білдіргенде “әдептік жоралғыны аттап кету ата-анаңа айып, оның адамгершілікке нұқсан келтіреді, оны орындамасаң әке-шешенді жұрт кінәлап, намысқа тиеді. “Әкесі-күйеу, шешесі – қалыңдық болмаған ба?” деп бізді мінейді. Ки!”, деп Зере мен Айғыз Абайға зекиді [4]. Адамгершілік – ата-баба жолын сақтау, ғұрыптық жоралғыларды орындау, ізеттілік көрсету, сый-құрмет талаптарын мүлтіксіз жүзеге асыру деп танылған. Оның кейбір рәсімдері күні бүгінге дейін сақталған, ішінде адамгершілікке кері әсер беретіндері де жоқ емес. Мәселен, егер қалың мал, біріншіден, қыздардың тәуелді, именшек болуына ықпал етсе, екіншіден, бақытсыздық зардабын шектіріп, адамгершілікке нұқсан келтіреді және құқыққа залалын тигізеді. Бұны ескермеуге болмайды. С.Садырбаевтың сөзімен айтқанда “қалың малдың қандай түрлері болғанын этнографиялық әдебиеттерден білуімізге болады. Бірақ оны сол күйде осы өскен заманға әкелуге болмайды” [5]. Демек, ата-баба жолы деп адамгершілікке сызат түсіретін ілгері кеткен танымды кері

шегеретін ғұрыптарды қайта жаңғырту жақсылыққа әкелмейтінін мойындаған жөн. Дәстүрдің озығы мен тозығы дегенде жастарға берілетін адамгершілік тәрбиесіне байланысты тәлімгердің ішкі сырына тереңірек үңілу – қай заманда да уақыт талабынан туған.

Қазақы некенің өзіндік ерекшеліктері туралы (кұдаласу, қалыңмал, қыз ұзату, келін түсіру, ажырасу және т.б.) көптеген деректерді. Қазан төңкересіне дейінгі зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Солардың ішінде егер, А.И. Левшин: “Ұзатылу тойы болардан бір күн бұрын некесі қиылған қалыңдық пен күйеуді оңаша отауда түнетеді. Үй алдына әсем ер-тұрманды ат байлап, ат арқасына шапан жауып қояды.

Қалыңдығы абыройлы болып, көңілі жәйланған күйеу, аттың арқасындағы шапанды киіп, атқа мініп, қайын атасы мен қонақтар отырған үйге келеді. Қалыңдығы күнәға батып, абыройсыз болып шықса және “оның күнәсіне өзінің еш қатысы болмаған жағдайда күйеу үйден шығып атты жарып, шапанды жыртып, отау үйдің киізін турап тастауға ерікті. Қызы қарабет болған ата-ана сөзге келмей күйеуге қалыңмалын қайтаруға немесе қыз орнына қыз беруге тиісті” деумен бірге, бұрын “бұлжымас заң” болған бұл қатаң талаптардың” сол кездің өзінде онша көп сақтала бермейтінін көрсетсе [6], Петр Маковецкий: “Қазақтар қалыңдықтың қыз күйінде, таза келуіне қатты мән береді. Алғашқы неке түні қыздың астына “неке жаулық” деп аталатын жайма төселеді. Ертеңіне күйеу ұйқыдан оянып, төсектен тұрып кетісімен екі жеңгетай киіз үйге кіріп, ақ жайманы тексереді, қыздың тазалығының белгісін тапса, оның шешесінен сүйінші алып, бұл хабарды бүкіл ауылға таратады. Егер күйеу ұрын келіп жүргенде қалыңдығымен жақын болса, жеңгетайларға бұл жайында алдын ала ескертуі тиіс. Бұндай жағдайда қалыңдықтың құрбылары күйеуді ортаға алып, айып төлемесең, атыңның қарнын жарып, өзінді жаяу қалдырамыз деп қыстайды, күйеу жігіт айып төлеп құтылады.

Егер қалыңдық күйеуге дейін біреумен көңіл қосып қойып, алғашқы неке түні таза болмай шықса, күйеу бұл жайды жеңгетайларға хабарлап, олар жайсыз хабарды қалыңдықтың анасына жеткізген. Сосын анасының “бетіме күйе жағып, елге қарамастай қылдың” деген сәлемін қызына айтып барған. Содан кейін қыз абыройын төккен жазықтыны іздеп тауып, билердің алдына жыққан. Қызды бүлдіруші, күйеуге бір тоғыз айып төлемей құтылмайды. Қыз әкесі “қызға қырық үйден тыйым салмадың” деп әйелін сабаса, күйеу қалыңдығының кінәсін айтып қыз әкесіне кісі салған. Егер қыздың абыройсыздығына

әке-шешесі кінәлі болса, яки оны біреуге зорлап қосса, онда күйеуге кіші қызын беруге тиіс, өйтпеген жағдайда жігіт қалыңмалын қайтарып алуға қақылы” дейді [6].

Лев Баллюзек болса қазақ некесінің кейбір ерекшеліктеріне тоқталады. “Егер еркектің белі кетіп, әйелі онымен бірге тұрғысы келмесе, жасауын алып, төркініне кетуге ерікті. Жоғарыдағы себептермен ажырасқан ерлі-зайыптылардың балалары болса, онда күйеуі еркектік күшінен жуырда айырылған немесе әйелі балаларды жолдан тапқан болып есептелінеді. Күйеуі балаларды әйеліне бермей алып қалғысы келсе, екі адамды куәға тартып, балалардың әкесі өзі екендігін дәлелдеуі керек. Өйтіп дәлелдей алмаған жағдайда балалар шешесіне еріп кетеді.

Белінен айырылған еркек әйелімен ажырасуға келіспей, емделуге мұрсат сұраған жағдайда, оған бір жыл мұрсат беріледі, осы уақыт ішінде ем қонбаса, әйелімен ажырасуға міндетті болады. Ал егер күйеуінің қырын қарауына әйелдің өзі жазықты болса, онда әйелі күйеуіне мырзам деп бағынып, барлық бабын жасауы керектігі жөнінде айтылып, қатаң ескерту жасалады.

Күйеуі қанша кәрі, репетсіз болса да әйелдің онан жерінуіне, кетуге еркі жоқ, ол тек жоғарыда келтірілген себептермен ғана күйеуінен ажыраса алады. Егер күйеуі бар әйел көңілдесімен бірге ұсталса, онда күйеуі оны баладан, жасаудан айырып, қарақан басын төркініне қайтарып, ал оның көңілдесінен ат-тон айыбын талап етуге қақылы. Алайда көбінесе көңілдестерге басқа жаза қолданылады. Екеуін де жартылай жалаңаштап, беттеріне күйе жағып, мойындарына күйген құрым киіз байлап, ел аралатады, бұл жаза – “бетіне күйе жағып, мойнына құрым іліп, ауыл айналдыру” деп аталады.

Қызбен көңіл қосқан еркек ұрлық үстінде ұсталса, ат-тон айып төлеп, қызға қайтып жоламасқа ант-су ішіп құтылады. Ертеректе мұндай айыбы үшін еркек ат құйрығына байланатын, алайда бертін келе заман ағымына қарай жаза жеңілденді. Көбіне қыздың әке-шешесі қызымыздың жаман аты шығып кетпесін деп, мәселені “жабулы қазан” күйімен қоя салады. “Қымызды кім ішпейді, қызға кім бармайды” деген мақал да жігітшілікті жазғырылмайтындығын көрсетсе керек” деп, құдаласу, ажырасу тәртіптерінен көрініс береді [6].

Жоғарыда айтылғандар қазақтардың моралдық мінез-құлық, жыныстық мәдениет, жыныстық қатынас, жыныстық сезім ұғымдарынан өз түсінігі, көзқарасы болғанын, оларға аса мән беріп, “кие” тұтқанын, кейбір талаптар мен дәстүрлердің рәсімдер мен

ырым-жоралғылардың қазақ некесінің бұлжымас заңына айналғанын дәлелдейді.

Бұл ұғым-түсініктер мен дәстүр-рәсімдерді халық бала санасына ерте жастан сіңісті ете білген, “Ақ жүрген адам азбас” деп таза ниетті, әдепті, адал адам болуға тәрбиелеген.

Тәрбие үдерісінде “Адамгершілік-жыныстық тәрбие – ең алдымен баланы адам болуға даярлау” деген қағиданы тірек ете отырып, жас ұрпақ бойында моралдық мінез-құлықтың жағымды жақтарын қалыптастыруда, Отанға, туған елге, жерге, ата-анасына, туыстарына және т.б. сүйіспеншілік көзқарасын дамытуда тәрбие тәсілінің барлық мүмкіндігін пайдаланған. “Елді сыйлағаның – өзіңді сыйлағаның”, “Адам туған жерінде тамыр жаяды”, “Мейірімділік – жүректен, мейірімсіздік – білектен” деп, адамгершілік талаптарды жастайынан құлақтарына сіңісті етіп өсірген. Жыныстық тәрбиеге ұстамдылықпен, әдептілікпен, сыпайылықпен, жауапкершілікпен қараған. “Адамның өзіне-өзі ие болуы – күштіліктің белгісі”, “Дөрекілік – осалдықтың белгісі”, “Қарау адам – нәпсінің құлы”, “Мықты болсаң нәпсінді тый”, “Пейілі жаман пәлеге жолығады”, “Алдау – зұлымдық, алдану – ақымақтық”, “Қатыгездік – мейірімсіздіктен, дәрменсіздіктен туындайды” деп, жаман қылықтан бойды аулақ ұстау қажеттігін әрдайым естеріне салып отырған.

Баланың жыныстық мәселеге байланысты (жыныстық өмір, жыныстық жетілу, жыныстық ерекшеліктер, жыныс табиғаты, жыныс мәдениеті және т.б.) қойған сұрақтарына ата-ана, ересектер мүмкіндігінше (олардың жас мөлшері мен түсіну қабілетін ескере отырып) нақты (дұрыс) жауап беруге тырысқан. Олардың қойған сұрақтарында айтарлықтай таза жыныстық қызығушылық көрініс алмайтындығын білсе де оған асқан сыпайылықпен жанамалап жауап қайтарған. Әйтсе де адам өмірінің көптеген салаларын, мәселен, қыз бен жігіт (ерлі-зайыптылар) арасындағы қасиетті іңкәрлік, ләззаттық сезімді жасырын ұстауды жөн санаған. Ол туралы әрбір адаммен ой бөлісіп, пікір алмастыруды, оны баршаға жария етуді көргенсіздікке теліген. Жастарды да осындай көзқараста тәрбиелеген. Әсіресе тән тазалығы мен жан тазалығын рухани үйлесімділікте жүзеге асыруды көздеген. Жыныстық тәрбиеге байланысты мәліметтерді баланың танымдық деңгейіне және өзіндік дара адамгершілік ерекшелігіне (ақылы, күш-қуаты, ой-өрісі, жыныстық сезімі, мінез-құлқы, көзқарасы және т.б.) байланысты қабылдай білуіне негіздеген.

Халық бала сезімін, мінез-құлқын туғаннан бақылап отырған,

бағыт-бағдар беріп, біреудің сөзіне орынсыз еліктеп, соқыр сенімге беріліп, абыройдан айырылып қалмауын қадағалаған. Мінез-құлық пен жыныстық сезімін нақты деректемелер мен өнегелі істерді бірнеше мәрте қайталату арқылы қалыптастыруды көздеген. Баланың бүкіл ағзасы мен дене күштерінің, жыныс жолдарының жетілуі барысында киналып, күйзелген сәттерінде халық оларға сенім артып, әкелік-аналық мейірім көрсетіп, ізгі ниетпен адамгершілік қасиеттерінің дұрыс дамуына бағыт сілтеп отырған. Жыныстық қатынас пен сүйіспеншілік сезімі саласында кездескен мәселелерге байланысты берілетін ақыл-кеңестерді балаға абайлап жеткізуді талап еткен.

Жыныстық тәрбие мазмұнын асқан шеберлікпен, тізбекті сөз өнерімен, үлкендердің жеке басының өнегелі істерін үлгі етумен, “ар”, “ұят”, “намыс” ұғымдары мен түрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалана отырып жүзеге асыруды көздеген. Мысалы, қазақтарға тән халық тәрбиесінің бүкіл болмыс - бітімі гуманизм мен оптимизмге негізделетіндіктен, ар, ождан тазалығына зор құрметпен қарап, айтылатын ой-пікірді намысқа тимей, тұспал сөзбен әдепті түрде жеткізуге мейлінше зейін қойған. Бұны балалар мен жастарды адамгершікке, әдептілікке баулудағы халық педагогикасының игі әдісінің бірі ретінде таныған. Осы тұрғыдан қарағанда ер бала мен қыздарға берілетін адамгершілік әдеттердің дәстүрлік жолында тікелей, тура талаппен қатар өте астарлы, нәзік те сыршыл тәсілдерді кеңінен қолданудың өзіндік сыры осыған саяды. Өйткені, “тура айтқан туғанына жақпайды” деген қағидаға сәйкес, ойды тұспалдап, пікірін қалжыңмен, ым-ишарамен білдіру және оған мән беру сияқты тәлімдік түрлі амалдар халық педагогикасында кеңінен дамыған. Албырт жастың бетіне айтып, мәселін қайтарудан гөрі ыммен сездіріп, жанай айтуды сыпайылық пен инабаттылықтың белгісі санаған.

Аталған ұғымдардың ішінде “намыс”, “ұят” ұғымы – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік те өткір, күшті сезім. Сондықтан адамның адамгершілігіне, намысына тию кешірілмес әдепсіздік. Екі ұғым да адамгершіліктің жетекші көрсеткіші. Ұят жоқ жерде береке - бірлік те, ізетті әдеп те жоқ деп, “ұят” ұғымына қазақ халқы жан-жақты түсінік беріп отырған. “Ұят” ереже, заң бойынша шектелген нәрсеге байланысты көрініс алған жағымсыз көзқарастан туындайды. “үлкеннің алдын кесіп өту ұят”, “үлкенге сәлем бермеу, төрге отырғызбау ұят”, “үйге келген қонақтың көзінше балаға зеку ұят”, “жазықсыз адамды балағаттау ұят”, “көпшілік орында елге дес бермей сөйлеу ұят” және т.б. Халық бұл шектеулерді баланың санасына жасынан сіңісті ете

білген. “Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады” деп ескерткен.

Әдетте, ерлі-зайыптылар арақатынасында да әдепсіздікке, ұятқа саналатын нәрселер аз емес. Ол – қызғаныш, екіжүзділік, орынсыз көлгірсу, қулық, арамдық, қатыгездік, басараздық, бөспелік, ызакорлық, залымдық және т.б. Егер, ашумен басталған нәрсе адамды ұятқа қалдырса, қызғаншақтық – кінәсіз адамды қорлауы мүмкін, ал залымға қол ұшын берген адам опық жейді. Мұндай жағымсыз әдеттердің адамға абырой әпермейтінін де халық жақсы түсінген. “Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа” деп балаларды күнделікті өмірде сабырлылық, ұстамдылық, кішіпейілділік, әділдік, басқаның көзқарасымен есептесу, көңілге қарау сияқты жағымды адамгершілік қасиеттерді тірек ете білуге шақырған.

Адамгершіліктің тағы бір көрсеткіші – жомарттық. Ол – адамға жақсылық жасауға дайын тұратын, таза пейілді жанға тән қасиет. Қазақтар бұл ұғымды біреуді мақтап-марапаттағанда пайдаланады. Мәселен, “жомарт екен”, “қолы ашық жан екен”, “кең пейілді жомарт жан екен” деген сөздерді жиі естуге болады.

Жомарттық туралы “Қабұснама” кітабында өте мазмұнды түсінік берілген. Онда: “Адамның қасиетінде үш нәрсе бар. Бұл үш нәрсенің бірі – ақыл, екіншісі – әділдік, үшіншісі – жомарттық (адамгершілік, жомарттық, мырзалық).

Жомарттықтың негізінде үш нәрсе бар: бірі – өз айтқан сөзінді өзің орындау, екінші – әділдікке (тұрақтылыққа) нұқсан келтірмеу, үшіншісі – қайырымдылықты есінде ұстау, ұмытпау.

Біліп қой: жомарттық бірнеше өнері бар адамға лайық. Бұл өнерлердің бірі – қорықпайтын мәрт сабырлы, шыдамды, уәдеге опалы, таза жүректі, дұрыс сөзді болу. Және бірі – бұл өз пайдасын көздеп, құлдарды азаптамау, оларды қолдап, қуаттау, әзіздер желеп - жебеп жүру, жақсыларды жамандардың жамандығынан қорғау, дұрыс сөз сөйлеу хәм әділ болу, жақсыға жамандық қылмау хәм зиян келтірмеу, яғни адамдарға зиян хәм залал келтірмеу. Бұларға зер салып қарасаң: бұлардың бәрі үш қасиетпен байланысты.

Егер мәрттік-жомарттық жолында жүрмек болсаң, әр уақытта үш нәрседен сақтанғайсың: көзді – жаман назардан, қолды – жаман істен, тілді – жаман сөзден. Үш нәрсені дос пен дұшпанға ашық ұстағын: үйдің есігін, дастарқан басын хәм кісеңнің (қалтаңның) бауын.

Ешқандай жалған сөйлеме, ез жалған сөйлейді. Егер әрбір адам сенің мәрттігіне, жомарттығыңа сенсе, егер ол әзіз, құрметті адам болса да сенен жеңілгені хәм барша халықтың алдында сенің мәрттік-

жомарттығына сенетін болғаны, жаныңның барынша әрекет қылып, мәрттік - жомарттыққа ие бол...

Біліп қой, мәрттік-жомарттықтың кемелдігі мынадан болады: ол өз мал-мүлкін өзінікі, басқаның мал-мүлкін басқанікі деп біледі. Халықтың мал-мүлкінен дәме қылма. Өз қолыңмен қоймаған нәрсені алма. Халыққа жақсылық қыла алмасаң да, жамандық қылма” делінген [7].

Осы айтылғанның бәрі “ар”, “намыс”, “ұят”, “абырой”, “жомарттық” ұғымдарының адамгершілік-жыныстық түсінігінің негізін қалайтынын дәлелдейді.

Халықтың жақсылық нышандарына жоралғы ретінде, жамандыққа тыйым ретінде айтқан ырымдары да адамгершілікке тәрбиелеудегі тәжірибесінен түйіндеген қағидасы. Әрбір ырым сөздің негізінде қоршаған ортаға, тіршілікке, адамгершілікке, пәктікке, көргенділікке қажетті қасиеттерді уағыздайтын, жаман пиғылды қылықтардан безіндіретін фәлсапалық тұжырымдар көрініс алады. Осы тұрғыдан алғанда, кейбір ырым-тыйымдардың адамгершілік-жыныстық тәрбиедегі мәні де қайсыбір заң ережелерінен асып түседі. “Ырым етсең – адал ет, жамандықтан аман ет” деп, халық оларды тәрбие мәселелерін шешуде тиімді пайдаланған. Бірқатар ырымдар өзінің тәрбиелік мәнін күні бүгінге дейін жоймаған: “Жас келіншек аяғы ауыр кезінде түйе етін жемейді”, “Сәбиге көз тимес үшін күйе жағып, немесе түйреуіш қадап қояды”, “Қызға жеңілтек болады деп құйымшақ жегізбейді”, “Қазақ үйіне келген адамға дәм таттырып шығарады”, “Бейуақытта ұйықтаған, жылаған жаман болады” және т.б. Ырымдар мен тыйымдардың халық тәрбиесіндегі маңызы сол, олар баланы адамгершілікке, ізгілікке, ізеттілікке, мінезділікке, инабаттылыққа тәрбиелеуде тиімді құралдардың бірі болып саналды.

Әрине, адамгершілік-жыныстық тәрбиені баланың жас ерекшеліктерін, физиологиялық және психологиялық даму жолдарын ескермей жүзеге асыру мүмкін емес. Халық та бұны жақсы түсінген, “Балалардың адамгершілік-жыныстық ерекшеліктері неғұрлым ертерек табиғи жолмен анықталса, соғұрлым олардың жыныстық мінез-құлықтарында ауытқушылық сирек кездеседі” деген қағидаға сүйене отырып, баланың мінез-құлқын, сана-сезімін, моралдық ұстамдылығы мен шыдамдылығын, дене күштерін табиғат заңдылықтарына сәйкестендіре қалыптастыруды көздеген. Бала қабілеттерінің қажетті бағытта еркін дамуына түрлі ықпал жасап отыруды және әр жас кезеңдерінде осы дамудың өзіндік жақтарын ескеруді, бала есейіп жетілген сайын жыныстық тәрбие талаптарын да күрделендіріп отыруды жөн санаған.

Баланың адамгершілік-жыныстық дамуына, әсіресе қазақ бесігінің жағымды әсер беретініне кәміл сенген. Бесіктің пайдасы – баланың “ден-саулығы жақсы болады, әсіресе оның жұлын-жүйкесі мен миының дұрыс жетілуіне мүмкіншілік тудырады... Ұйқысы тыныш, денесі мен тәні тазалықта жатады, оқыс құлап жарақаттанбайды. ...Сонымен қоса айналасындағы дыбыстар мен ауа қозғалыстарының екпінін де қағып қалатын бесіктің шымылдығының маңызы бар. Ол толып жатқан басқа да тітіркендіргіштерден сақтай алатын микроклимат... Тек бесік ішінде ғана ұйқысы қанып... тән рахатына кенелген бала, оянған сәттерінде жадырай езу тартып... бесіктен босанғанында керіле созылып, кереметтей ләззатқа бөленеді. Осы кезде ұзақ уақыт сәбиін қолына алмаған ана да, бар мейірімін... тек еміренген үнімен ғана емес, нәрестесін сылап-сипалаған алақанның табымен де дарытуға тырысады” [8]. Алайда бесік “...өткен замандардағы ...аналардың дүниеге жаңа келген бөбекті бағып-қағып өсіруге жұмсалатын уақытын мейлінше азайтып, үйдің басқа жұмыстарына көбірек уақыт бөлу үшін тапқан айла-әдісі. ...Бесікке таңып өсірген бөбектердің көпшілігі екі жарым - үш айдан кейін-ақ бесікке бөленбеген бөбектерден анағұрлым бәсең, баяу дами бастайды. ...Ол әсіресе бойының өсуі, тынысының кеңейіп, денесінің толығыуы, жүйке тамырлары мен психикасының жетілуі жағынан бесіксіз өскен баладан көп кенже қалады” – деген кері пікір де жоқ емес [9]. Бұл пікірдің көпшіліктен қолдау таппайтыны анық.

Керісінше, бесіктің педагогикалық, медициналық, психологиялық, физиологиялық, гигиеналық, биологиялық тұрғыдағы мүмкіндіктері жоғары. Бесік – адамгершілік, эстетикалық, музыкалық тәрбие, бесік – денсаулық (тазалық, тыныш ұйқы), бесік – “сәби үшін теңдесі жоқ микроклимат” [8]. Олай болса, ата-баба мұрасы – бесік болашақ “ұрпақ тәрбиесінің де алтын діңгегі болып қала бермек” [8].

Бесіктің тән тазалығы үшін де мәні үлкен. Тән тазалығы бала жөргегіндегі түбек пен шүмектің көмегімен жүзеге асады. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, өзінің атқаратын қызметі бар. Түбек – ер балаға, шүмек – қыз балаға арналған. Нәтижесінде түбек пен шүмек көмегінің арқасында, ұйықтап жатқан нәрестенің асты былғанбай таза сақталынады.

Тән тазалығына деген қазақ халқының талабы бала есейген сайын артып отырған. Мәселен, қыз баланы “болашақ ана” тұрғысында қарап, оның сыртқы жыныс мүшелерінің тазалығына ерекше көңіл аударған. Оның сыртқы жыныс мүшелері дәретке отыру кезінде түрлі

микробтарға шалдығып, аурушаң болмас үшін дәретке отырғаннан кейін жыныс мүшелерін жылы сумен жуып, жұмсақ жаялықпен құрғатып отыруды әдетке айналдырған. Бұл әдеттің қыздар мен әйелдер үшін пайдасы сол – олардың арасында жыныс мүшелері аурулары өте сирек кездескен. Осы орайда ерекше ескере кететін жайт, аналары қыздарына дене бітімінде, жыныстық даму барысында болатын физиологиялық, гигиеналық өзгерістерден түсінік беріп отырған. Үлкендер мен ересектердің алдында өзін сыпайы ұстауды, орынсыз көп сөйлемеуді, тар киім кимеуді, омырауын тартып жүруді, аяғын жинақы ұстауды, етегін көтеріп ашпауды және т.б. әдепсіз қылықтарды көрсетпеуді талап еткен. “Киім пішсең кең піш, тарылтуың оңай”, “Ұқыпты етегін жабады, ұқыпсыз ұятын табады”, “Аузына келгенін сөйлеу – ақымақтың ісі” және т.б. мақал-мәтелдер соның дәлелі болса керек.

Ер балаларды сүндетке отырғызу рәсімі де адамгершілік-жыныстық мәселелерін шешуде ерекше рөл атқарған. Егер тарихи деректерге сүйенетін болсақ, сүндетке отырғызу VII–VIII ғасырларда араб елдерінен шығып, бүкіл мұсылман жұртына тараған. Ер баланы сүндетке бес, жеті немесе тоғыз жасында отырғызған. Сүндетке отырғызу көбінесе жазғытұрым немесе қыс айларында жүзеге асырылған. Баланы сүндетке отырғызарда әкесі (мүмкіндігі болған жағдайда) баласына сүндет атын сыйлаған. Мұндай дәстүр бала психикасының өзгеруіне, ерте есеюіне түрткі болған.

Ойды тұжырымдай айтқанда, сүндетке отырғызу, біріншіден, тазалық, екіншіден, түрлі аурулардың алдын алу, үшіншіден, дені сау ұрпақ жалғасын ескеру, төртіншіден мұсылмандықтың белгісі, бесіншіден, азаматтыққа аяқ басқан алғашқы қадам болып саналған.

Бүгінгі күнде қазақ халқының бұл рәсімі де медицина саласында тазалыққа негізделген деп толығымен құпталып отыр. Бұл орынды да. Өйткені “сүндетке отырғызылған ер баланың жыныс мүшелері гигиеналық тұрғыда өте таза келеді, ауру да сирек кездеседі. Ал сүндетке отырғызылмаған баланың жыныс мүшесіне келсек, онда тазалық қанша дегенмен сақтала бермейді, ол әртүрлі зиянды микробтардың, кір-қоқыстардың жиналуына себепші болады” [9].

Қазақ халқы сонымен бірге “денсаулық кепілі–тазалық” деп, баланың өз тәнін таза ұстауына, күнделікті жуынып-шайынып тұруына аса көңіл бөлген. Тән тазалығы ауру-сырқаудан, жұқпалы індеттерден сақтанудың жолы, ұқыптылық пен жинақылықтың, әдептіліктің көрсеткіші деп түсінген. Баланы ес білгеннен бастап дене ағзаларын

таза ұстауға (сабындап қолды жуу, тісті тазарту, ауызды, тамақты сумен шаю, мұрынды су жіберіп тазарту, құлақтың сыртын, мойынды, қолтықты салқын сумен жуу, жыныс мүшелерін жуу (дәрет алу) және т.б.) дағдыландырған. Мұсылмандық шарты да күніне бес уақыт оқылатын намаз алдында “дәрет алуды”, яғни жуынып-шайынуды талап етеді. Мұның бәрі қазақ халқының ер балалар мен қыздардың жыныстық дамуына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына, әдепті, ұқыпты болып өсуіне мән бергендігінің айғағы.

Адамгершілік-жыныстық тәрбиені жүзеге асыруда халық жеті ата мәселесін де естен шығармаған. “Жеті атаны білу – қаны таза, дені сау ұрпақ жалғасын ескеру болып табылады” деген қағидаға сүйене отырып, балаларды жеті ата шежіресімен таныстырған. Жеті атаға дейін қыз алыспау себебін “біріншіден, қандастық жақындық некелескен уақытта ұрпақтың болмауына, яки аз болуына, тіпті оның азып, тәуір қасиеттерден жұрдай болуына да әсерін тигізеді, екіншіден, қандас туыстар арасында жыныстық қатынастарға байланысты әдепсіздіктер көбейеді, үшіншіден, жеті атадан бергі ұрпақтардың өзара туыстық қатынастары созыла берсе, жеті атадан асқан аталастармен қыз алысу арқылы жақындасып, құдандалық қарым-қатынас бірлікті ұлғайта береді”, – деп түсіндірген [10].

Міне, осы жеті атасына дейін қыз алыспау дәстүрін ежелден берік сақтаған қазақ елі Еңсегей бойлы Есім ханның тұсында мұсылмандықты әкелген арабтардың жақын туыстарына үйлене беретін әдеттерін әбес көріп, бұдан қатты сақтанған. Қазақтың ел басқарған көсемдері, ақылғөй ақсақалдары Есім ханға бұл араби дәстүрдің халық санын өсірмей, текті аздыратынын жеткізген. Осы өтініштерді ескере отырып, Еңсегей бойлы Есім хан: “Туыстық араға жеті атаға толғанша жастарға бір-бірімен үйленуге болмайды. Кімде-кім осы жарлықты бұзса, өлім жазасына кесілсін” деп, заң-жарғы шығарған. Заңның жүзеге асуын қатты қадағалаған. Оны Шәкәрім жырлаған Қалқаман-Мамыр оқиғасынан байқау қиын емес. Мұнда бір-біріне ғашық болған немере-шөберелес екі өнерлі жас туралы әңгімеленеді. Ата-ана, туыстарының бұл некеге рұқсат бермейтіндіктерін білген Қалқаман бір түнде Мамырды алып қашады. Мұны естіген Мамырдың ағасы Көкенай екеуін де өлтіремін деп, намысқа мініп ашу шақырады. У-шу басылып, ел іші тынышталғаннан кейін ата-ана, аға-інілерінен кешірім сұрап, ризашылығын алып, одан әрі ашық өмір сүрмек болған Мамыр ауылына аттанады. Ауыл шетіне жете бергенде ағасы Көкенай қарындасын садақпен атып өлтіреді.

Мұнымен тынбай қарындасымды өлтірдім, енді Қалқаманды өлтіремін деп жар салады. Ел адамдары ақылдаса келіп, садақ көздеген Көкенайдың алдынан Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, бір атқанда тигізе алса, Қалқаман құнсыз болсын, ал тірі қалса, осымен дау бітсін деген үкім айтады. Оған Көкенай да, Қалқаман да келіседі. Қалқаман атпен шауып өткенде, садақтың оғы жігіттің қара санына қадалады. Сөйтіп Қалқаман аман қалады. Мамырсыз өз жерінде қызық болмайтындығын түсінген Қалқаман Ұлы жүздің еліне біржолата кетіп қалады. Тарихта мұндай мысалдар көптеп кездеседі. “Рулық мораль қағидасына қарамай, тағдырласқан ғашықтардың бәрі де қатал жазаға тартылып отырған” [11].

Шәкәрімнің “Қалқаман – Мамыр” поэмасына жан-жақты талдау беру барысында Мұхтар Мағауин екі жастың ата тегінің таралуын салыстырмалы түрде ашып көрсете отырып, “Қалай бұлдыратсақ та екі ғашығымыз шөбере болып шығады... Бұрынғы түгілі, қазіргі қазақ ұғымында Қалқаман өзінің қарындасын алған” деп ой түйіндейді. Сонымен бірге “...бар тіршілігі мал өсірумен байланысты “надан қазақ” генетика жайын жақсы білген. Атасы, енесі жақын малдың будандасуы тұқымның азуына бастамақ. Адам жайы тіпті қиын. Моральдық жағын былай қойғанда, қаны жақын ағайындардың қыз алысуы нәтижесінде ақыл-ойы тапшы, күш-қуаты кем, аурулы-сырқаулы балалар тумак. Жақыннан қыз алу бірер шаңырақ шегінен шығып, қалыпты әдетке көшсе, бүкіл ұрпақ азбақ. Мұның айқын мысалы – Октябрь алдындағы төре тұқымының тағдыры. Неке мәселесінде шарифаттың нақ осы тармағын берік ұстану (алысқа бармай-ақ, “Мың бір түнге” қараңыз) бір кезде жарты дүниені жаулаған, әлемдік мәдениет қорына соқталы үлес қосқан араб халқының генофондына өлшеусіз нұқсан келтірді. Мұндай қауіп қазіргі Орта Азия мен терістік Кавказдағы бауырлас ағайындардың да басында тұр” деп, бұл мәселенің болашақ үшін қауіпті екенін ескертеді [11].

Оның көзқарасын Х. Арғынбаевтың: “Төре тұқымы болса қыздарын қара қазаққа бермейтін де, немере туыстар өзді-өзі қыз алыса беретін. Қазақ ішіндегі бағы мен дәулеті бірдей жүріп, аты шыққан адамдар ғана төрелермен құдандалы болып, қыз беріскен. Мәселен, Сүйіндік руынан шыққан Шорман әулеті Уәлихан ұрпағымен көп жылдар бойы сүйек-шатыс болған. Мұндай ұзақ байланыс Шорман әулетіне де әсер етіп, шөбере туыстар бір-бірімен қосыла беретін болған” [10] деген деректемесі мен И. Қаракұловтың “туа салып өлген балалардың арасында “жылтым қан” кінәраты жиі ұшырайды, бұны баяғы заманда

да адам баласы байқаса керек. Өйткені жаңа туған баланың кіндігін кескен кезде, қаны сұйық болып тоқтамай ағып кеткен, бұл кеселдің негізгі себебі тікелей туыстық некенің кесірі болса керек” деген пікірі нақтылай түседі [9]. Бұл пікір-көзқарастарды бүгінгі таңдағы медицина ғылымы да дәлелдеп отыр.

Міне, осындай жағдайларды болдырмау мақсатында қазақтар баланың тілі шығып, ес білгеннен бастап “Жеті атасын білген ұл, жеті ру елдің қамын ойлайды” деп, оларға руын, ататегін үйрете бастаған. Ағайын-туысты, нағашы жұртты, алыс-жақынды ел жұртты білдіруге ерекше көңіл бөлген. Ер жігіттің үш жұртын, оның шығу тарихын, тегін білуі азаматтық парыз деп түсіндірген. “Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жөн айтар” деген аталы сөзді арқау ете отырып, баласына ата тарихын жастайынан жаттатқан. Ел-жұрттың тарихын білу – ер-азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүйгіштікке баулиды деп түсінген. Балаға жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатумен шектелмей, олардың адамгершілік қасиеттерін, майдандағы ерлік істерін әңгімелеу арқылы өнеге еткен.

Адамгершілік-жыныстық тәрбиенің адамды үйлесімді жетілдіретініне кәміл сенген халық, тәрбие үдерісін “Жетілген адам (Кемелденген адам, Сегіз қырлы, бір сырлы адам) - адамгершілік-жыныстық тәрбиенің нәтижесі” деген қағидаға негіздеген. Демек халық, адамгершілік-жыныстық тәрбие барысында жетілген адамды қалыптастыруды мақсат тұтқан. Жетілдіруді тұлғаның жағымды қасиеттерімен бағалаған. Жағымды тұлғалық қасиеттердің қоғам талабына, талғамына сай болуын ескерген. Халықтың жағымды тұлғалық қасиеттерге қойған талап, талғамдарының мазмұны олардың “жетілген адам” ұғымынан түсінігінің жоғары болғанын және жағымды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда тәрбиенің барлық мүмкіндіктерін ескергенін, әсіресе жігіттер мен қыздарға қойылатын талап, талғамдарға ерекше мән бергенін көрсетеді. Бұл туралы көптеген авторлар (С.Қалиев, К.Қожахметова, М.Тілеужанов, И.Ахатұлы және т.б.) өз еңбектерінде айтып өтеді, соның ішінде жігіттердің жағымды тұлғалық қасиеттеріне халықтың қойған талап, талғамдарынан біраз түсінік береді. Оларды былайша жүйелеуге болады:

– кескін-келбеті (еңселі бойлы, сабырлы, терең ойлы, өткір көзді, қалың қасты, өткір тісті, жуан білекті, қынай белді, қапсағай денелі, от ауызды, орақ тілді, қарымды қолды, жау жүректі);

– қадір - қасиеті (қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, қабыландай сұсты,

нардай төзімді, құландай сүйекті, жылқыдай мінезді, бұландай алып, сауысқандай сақ және аталған қасиеттеріне сәйкес: “жігіттің қыраны”, “жігіттің сұңқары”, “жігіттің арыстаны”, “жігіттің қабыланы”, “жігіттің жампозы”, “жігіттің сұлтаны” деп те аталған);

– қабілет - икемі (“Көсем жігіт” – ел басқаратын жігіт, “Шешен жігіт” – дау шешетін тұлға; “Батыр жігіт” – еліне қамқор, жауына алаберен жігіт; “Сері жігіт” – аттың жүйрігін мініп, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ат құлағында ойнап, ер қаруы – бес қаруды сайлап, мың құбылтып ән салып, күмбірлете күй тартатын өнерлі жігіт; “Жомарт жігіт” – дастарханы берекелі, пейілі кең, өзі жайдары жігіт”, “Палуан жігіт” – мойны жуан, жауырыны қақпақтай, бұлшық еті темірдей, қимылы шапшаң, сенектің көзінен өтердей алып күш иесі; “Үй жігіті” – үй жұмысына мінсіз, үй жұмысына қырсыз);

– алты асыл қасиеті: зерде-зейіні (тылсым сырды ұғатын); өнер өрісі (өмірден әперер сыбағасын); тапқырлық талап, ерлігі (дұшпанға найза сұға алатын); қайрат-қаруы (қиындықта сыналатын); білімі (биікке бастап шыға алатын); жігер күші (аяқтан шалғанда жыға алатын);

– үш асыл мінезі: туған еліне, дос - жарандарына адал болуы (адал болсаң аңқылдақ, ізгілікке құмарсың); кара қылды қақ жарған әділетті болуы (әділ болсаң ақжарма, жақсы іске билік қыларсың); қаймықпастан турасын айтар, шыншыл болуы (шыншыл болсаң қол жетпес, шында өскен шынарысың);

– үш серігі: астына мінген тұлпары (сапары оң болар ұдайы); шыңдалған ақыл-айласы (шымырлап тұрса шынайы); айнымас адал жұбайы (қаймықпай өтер өмірден);

Халықтың ер жігіттен талап етіп отырған жағымды кескін-келбет пен қадір-қасиет, қабілет-икеменді Әсеттің Сәмен тұлғасына: “ажары жай оғындай”, “сабырлы, терең ойлы, маңғаз”, “қырмызы қыз мінезді”, “денесі тең сандалдың терегіндей, кең біткен иықты”, “шалқақ төс, бура санды, бұлшық етті”, “ер тұлғалы батыр” деп, дәстүрлі теңеулермен берген бедерлі суреттемесінен және Шәкәрімнің Кебек батырдың адамшылық тұлғасына:

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батым, жақынға және әдепті,
Кішіні – іні, үлкенді ағатайлап, –
деп берген мінездемесінен кездестіруге болады.

Қазақ халқының қыз балаға мейірімі ерекше болған. Оларды бетінен қақпай, мәпелеп өсірген, зекіп, дауыс көтермеген. Мейірімділікке,

ілтнпаттылыққа, ақжарқындылыққа баулыған, үлкенді сыйлауға, жасы үлкен адамның, әсіресе ер адамның алдын кесіп өтпеуге, сөйлеп тұрғанда сөзін бөлмеуге, үлкендерге тізе бүгіп сәлем етіп, әдептілік білдіруге, үйге кірген адамға дәм ұсынуға, өтірік айтпауға, біреудің сыртынан ғайбат сөз сөйлемеуге, әлсізге зорлық-зомбылық көрсетпеуге, жетім-жесірге, жапа шеккендерге көмектесуге тәрбиелеген және осы адамгершілік асыл қасиеттерді қыздардың бойына ерте жастан сіңісті ете білген.

“Жақсы болсын тегі заты, тұқымы, Пәк ұятты болсын жанның тұйығы” деген тілекпен жігітке қыз айттырарда олардың бірқатар қасиеттеріне аса назар аударған. Атап айтсақ, тектілігі мен ақыл-парасатына көңіл бөлген. Қыздың көркі мен сұлулығынан гөрі, ақыл-ойын, тәрбиелі мінез-құлқын, пәктігін, мейірімділігін аса құрмет тұтқан. “Әйел алсаң көріктіні алма, тектіні ал”, “Көкірек таза болмаса, көз тазасы не керек”, “Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан ғапы қалма” деп, екі сөзінің бірінде қайталап отырған. Оны Шал ақынның:

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,
Сол болар басқалардан жақын кісің,
Ағайынға, туысқа қайырылса,
Дүниеде нағыз сол ғой мақұл кісің.
Ерге – аю, балаға қасқыр болса,
Ондай қатын алғанның күні құрсын, –

деген өлең жолдарынан байқауға болады. Мұнда ақын отбасының берекелі, мерекелі болуын, адал достыққа, махаббатқа, жарасымды бақытты өмірге негізделгенін қалайды. Отбасының берекесі, бір-біріне мейірімі, ауызбіршілігі, үй-ішінің тазалығы көбінесе әйелге байланысты, “жақсы әйел – үй ішінің ажары, от басының қазығы”, әйелдің жақсылығы оның ақылынан, алған тәлім-тәрбиесінен көрінеді, сондықтан жар таңдауда абай бол дейді.

Жақсының жүрген жері той болады,
Ақылы жоқ кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болса-дағы,
Парасат кей шаһбозда ой болады, –

деп, адамның сыртқы келбеті мен ішкі рухани жан дүниесінің үйлесе бермейтінін, кейбірде тіпті алдамшы болатынын ескертеді.

Мұндай түсінікті халық та қыздардың санасына жасынан сіңісті ете білген. “Адам көркі – шүберек”, “Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады” деп, олардың ұнамды киіне білу қабілетін,

ұқыптылығын, тазалығын, киім таңдаудағы эстетикалық талғамын, таққан әшекей бұйымдары мен киімдерінің өзара үйлесімділігін қадағалап отырған.

Қыздардың адамдармен қарым-қатынас, мінез-құлық мәдениетінің, соның ішінде ата-анасы, аға-інілері, апа-сіңлілері, құрбы-құрдастарымен мәдени қарым-қатынас әдебінің дұрыс қалыптасуына мән берген. Мінезінің Баян мен Гүлбаршынның мінезіндей сыпайы, ұстамды, қылықты, ибалы болуын, Құртқаның мінезіндей батырға сай парасатты, жауапкершілікті, ақылгөй, кемеңгер, дана болуын, Қарлығаның мінезіндей батыл да батыр, жігерлі де қайратты болуын қалаған.

Аталған қасиеттерді басқа тұлғалық қасиеттермен де үйлесімді байланыста жүзеге асырған. Қыздардың тұлғалық қасиеттеріне халықтың қойған талап-тілектерінің қандай болғанын шартты түрде берілген мына топтамадан көруге болады:

– кескін-келбеті (сымбатты, көрікті, шырайлы, ажарлы, айдай сұлу, сұңғақ бойлы, талдырмаш, қыпша белді, аршын төсті, кең маңдайлы, тана көз, бота көз, қыр мұрынды, алма мойын, қиғаш қасты, маржан тісті, айдай толған, сүмбіл шашты және т.б.);

– қадір-қасиеті (үлкендерге құрметі; кішіге қамқорлығы; ата-анаға ықылас мейірімі; бірге туған туыстарға бауырмалдық сезімі; адамдармен өзара қатынастағы әдептілігі, кішіпейілділігі, сыйласымы; көпшілік орынында өзін-өзі ұстауы, ортақ тіл табысуы; құрбы-құрдастарына, сүйген жарына сенімі, адалдығы; адамдарға қамқорлығы, көмегі; мақсатқа жетудегі табандылығы және т.б.);

– ақыл-парасаты (елдің тыныштығын, ұрпақ тағдырын, ағайын-туыстардың татулығын ойлауы; отбасының береке-бірлігін ескеруі; оқыған-тоқыған білімін орнымен қолдануы; адамның жақсы қасиеттері мен қабілеттерін бағалай білуі; ақиқатты, шындықты ақылмен танып білуі; айтар ойын биязы бипаздықпен жеткізуі; әр мәселенің мәнін пайымдай білуі; қысылған кезде тез шешім таба білуі, жігер қайрат көрсетуі және т.б.);

– отбасы тіршілігіне даярлығы (ата-анасын күтуі; ата-енесінің, ерінің жағдайын жасауы; баланы дүниеге әкелуі, мәпелеп өсіруі, әрбір жас кезіндегі маңызды сәттерін туыстар арасында қуаныштап өткізуі; қонақты қарсы алып, күтіп, шығарып салуы; ас пісіріп, іс тігуі; үй-іші заттарын жинақы, таза, ұқыпты ұстауы; малды жайлауы, малды сауып, одан түскен шикізат өнімдерін өңдеуден өткізуі; киіз үй жабдықтарын дайындауы, үлкендердің тапсырмаларын орындауы және т.б.).

Қыздардың бұл тұлғалық қасиеттері жыр-дастандарда, поэмаларда әсерлі теңеулермен межесіне жеткізе суреттелген. Мысалы, Әсеттің “Салиха – Сәмен” поэмасында Салиханың келбеті халық ұғымындағы дәстүрлі сұлулық белгісімен “тал шыбықтай бұралған, алмадай толып піскен, екі беті албыраған, қиғаш қас, пәк көзқарас, сүмбіл шаш, сұңғақ бойлы, торғын тамақ, сүйрік саусақ...” деп түгелдей қамтылса, Шәкәрімнің “Жастық туралы” өлеңіндегі қыздың көркі: “Жаудырап көзі, тамшылап сөзі...Қиғаштай көзбен қараса... Сынаптай толқып, Түлкідей жортып, Кетеді көңіл әр жаққа, – деп, адамдардың көзқарасы мен бүкпесіз сезімі тұрғысынан бағаланады. “Мінезі майдай өзгеден артық сол жері”, “Дариядай ақыл мол еді”, “Тал бойының кірі жоқ, мүшесінің міні жоқ” деген сөздер арқылы тән сұлулығы мен рухани жан дүниесінің үйлесімділігі көрсетіледі. Қыздардың сыртқы келбеті мен ішкі әлемінің өзара жарастығын бейнелі суреттейтін бұл шығармалардың жаңа заман қыздары үшін үлгі болары даусыз.

Адамгершілік-жыныстық тәрбиені шешуде халық “Махаббат мәдениеті және ерлі-зайыптылық өмір мен поэзияны асқақтататын әдебиет пен өнер - адамгершілік-жыныстық тәрбиенің маңызды құралы” деген қағидаға да жауапкершілікпен қараған. Махаббат пен поэзия – бір-бірінен ажырамайтын егіз ұғым. Махаббат халық поэзиясында мәңгілік жасайтын тақырып. Оны әркім өзінше жырлайды, оның қыры да, сыры мен мұны да қуанышы мен бақыты да жетерлік. Махаббат та, поэзия да қазақ тарихында бірге жасасып келеді. Оған ғасырлар бойы ауыз әдебиеті арқылы таралып келе жатқан ғашықтық жырлар, дала ойшылдары мен ғұлама ағартушыларының ғашықтық тақырыптағы туындылары куә. Бұл тұрғыда Қозы мен Баянның, Жібек пен Төлегеннің, Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың, Ләйлі мен Мәжнүннің бір-біріне деген мөлдір махаббаты мен іңкәр сезімін, сыйластық қарым-қатынасы мен көңіл жарастығын айтуға болады. Олардың бір-біріне деген сүйіспеншілікке толы сезімін халық жастарға поэмалар мен дастандардың, аңыз-әңгімелердің, өлең-жырлардың үлгісінде таныстырған. Мысалы, Шәкәрімнің ежелгі шығыс әдебиеті үлгісінде жазған “Ләйлі-Мәжнүн” дастанындағы екі жастың арасындағы адал махаббат пен шынайы ынтызарлық сезімді жастардың санасына әсерлі суреттемелермен жеткізе білген.

Дастанның адамгершілік-жыныстық тәрбиедегі мүмкіндігі сол, ондағы Ләйлі мен Мәжнүннің көңіл-күйі, пәк таза ғашықтық сезімі, жүректерінің лүпілі тыңдарманды еріксіз елтітіп, эмоционалдық сезімге бөлейді. Тартымды бейнеленген кіршіксіз таза махаббаты

достық, жолдастық, сүйіспеншілік, сезім, құштарлық, ұнату, жан ашу, ынтызарлық, сағыныш, жігіт пен қыздың арасындағы қарым-қатынас ұғымдарын дұрыс қабылдай білуге бағдарлайды. Махаббат жолындағы кедергілер, қайғы-қасіреттер екі жастың бітім-болмысынан, сезім тазалығы мен күш-жігерінен терең түсінік беріп, психологиялық көңіл-күйін көзге анық елестетеді. Бейнелі сөзбен өрнектелген өлең жолдары болса, ғашық жастардың бойын билеген ішкі ынтызарлық сезімнің қаншалықты нәзік екендігін көрсетеді. Рухы биік мұндай ғашықтар қандай жағдайларды басынан өткерсе де, бүкіл бір ғасырдың үлгісі ретінде ұрпақтарымен бірге жасай береді.

Жастардың сүйіспеншілік пен махаббат сезімінен пікір-көзқарасының дұрыс қалыптасуына Абайдың махаббат лирикасындағы көркемдік шоқтығы биік өлеңдерінің әсері мол болды. Егер, “Қызарып, сұрланып” деген өлеңінде сағынысып кездескен ғашық жастардың жандүниесін (ішкі сезімін, тебіренісін, көңіл-күйін, жүрек лүпілін, көзқарасын, қимыл-қозғалысын және т.б.) бейнелейтін көріністер махаббатқа тән қасиеттерді (ынтықтық, сыпайылық, әдептілік, пәк сезім, ұялшақтық және т.б.) меңгертіп, эмоционалдық әсер беріп, ғашықтық сезімді қадірлей білуге үйретсе, “Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол” өлеңіндегі:

Ғашықтық құмарлық пен – ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол, –

деген шумақтар ғашықтық пен құмарлық сезімін, шынайы сүйіспеншілік сезімінің бүкіл мән-мағынасы болып табылатын махаббат ұғымының мұратын дұрыс ұғындыруды мақсат етеді. Құмарлыққа бой ұрып әдептен озбауға, ақылға жеңдіріп, ұстамдылық көрсетуге шақырады, ақыл құмарлықтың кеңесшісі деген көзқарасқа бағдарлайды. Абайдың ел аузында “Қаламқас” атанып кеткен “Жігіт сөзі” мен оған жауап ретінде берілген “Қыз сөзі” өлеңдеріндегі жігіт пен қыздың бір-біріне деген ынтызарлық сезімі мен құмарлық тілегі, ешбір бүкпесіз айтылатын сырлары, жан ләззатының тән шәрбатына айналар тұсы шынайы ғашықтық сезімді тани білуге, бағалап, қадірлеуге дағдыландырады.

Жастарды махаббаттың небір ғажайып сырлары мен жан тебіренерлік нәзік әуендерімен таныстыруда халық Абайдың махаббат лирикасына толы “Білектей арқасында өрген бұрым”, “Сап-сап, көңілім, сап, көңілім”, “Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы” және

т.б. өлендерін де тиімді пайдаланады. “Ауызбен айтуға ұят саналып, әркімнің өз жүрегінде тұншықтырылып келген сүйіспеншілік сезім ешқандай ерсілік емес, қайта адамгершілік асыл қасиеттердің қатарына жататын мораль нормаларының мықты бір өлшемі екенін” Абайдың өрнекті өлең жолдарымен түсіндіреді [12]. Сондай-ақ қазақ ғұрпында сырт көзге жариялана бермейтін еркек пен әйел арасындағы сүйіспеншілік қатынасты дұрыс қабылдай білуіне де аса көңіл қойып, орынсыз іңкәрлік пен ләззаттық сезімге бой алдырмауды өтінген. Мұндай сезімдер адам табиғатына қайшы келмейтінін, оған жат пиғылсыз, сүйіспеншілік тазалығын сақтай отырып жетуге болатынын, сүйіспеншіліктің түпкі мақсаты жар болып жұптасу екенін ақыл-кеңес беру арқылы ескертіп отырған.

